

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті

ӘОЖ: 364.3-23-021-321

Қолжазба құқығында

**НУРКЕНОВА МАКПАЛ ЖАНБЫРШИНОВНА**

**Халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек жүйесін жетілдірудің  
экономикалық аспектілері**

6D050600-Экономика

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
Э.Ғ.Д.  
Бейсенғалиев Б.Т  
Э.Ғ.Д., профессор  
Бобков В.Н

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2014

## МАЗМҰНЫ

<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>1 МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>10</b>
1.1 Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің экономикалық мазмұны, құрылымы, қағидалары мен көрсеткіштері.....	10
1.2 Мемлекеттің аймақ тұрғындарына әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің қалыптасу кезеңдері мен ғылыми-әдістемелік негіздері.....	22
1.3 Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің шетел тәжірибесі.....	35
<b>2 ҚАЗАҚСТАН МЕН ОНЫҢ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚҚА МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒА БЕРУ.....</b>	<b>46</b>
2.1 ҚР-да халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін экономикалық тұрғыда талдау.....	46
2.2 ҚР-да халыққа әлеуметтік көмек көрсету бойынша мемлекеттік бағдарламалардың жалпыұлттық және аймақтық компоненттерін талдау	58
2.3 Қарағанды облысында халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктері.....	83
<b>3 ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДА МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ.....</b>	<b>93</b>
3.1 Мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру - Қазақстан экономикасын дамыту факторы ретінде.....	93
3.2 Аймақ тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету перспективалары.....	107
3.3 Мониторинг жүргізу - мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын басқару жүйесінің бөлігі ретінде.....	113
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>124</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>128</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>136</b>

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ - Америка Құрама Штаттары  
АӘК - атаулы әлеуметтік көмек  
ӘСМҚ - Әлеуметтік Сақтандыру Мемлекеттік Қоры  
БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы  
БАҚ- Баспасөз ақпарат құралдары  
БҰҰДБ - Біріккен ұлттар ұйымының даму бағдарламалары  
БМЖ - балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы  
ЖАӨ - жиынтық аймақтық өнім  
ЖОО - жоғарғы оқу орны  
ЖІӨ - жалпы ішкі өнім  
ЖАӨ – жиынтық аймақтық өнім  
ЖБШТ — жан басына шаққандағы табыс мөлшері  
ЕО – Еуроодақ  
ЕНББ -еңбек нарығының белсенді бағдарламалары  
ҚР - Қазақстан Республикасы  
КШ – кедейшілік шегі  
КМ - күнкөріс минимумы  
КСРО - Кеңестік социалистік республикалар одағы  
ОҚО - Оңтүстік Қазақстан облысы  
ҰОС - Ұлы Отан соғысы  
ҰӘҚ АҚ – «Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы  
ӨСД – өмір сүру деңгейі  
ММК –мемлекеттік мекенжайлы көмек  
МӘМ - медико-әлеуметтік мекеме  
ТМД - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы  
ТК - тұтыну корзинасы  
ХӘКК - халыққа әлеуметтік көмек көрсету  
ХЕҰ – халықаралық еңбек ұйымы  
ХВҚ – халықаралық валюта қоры

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында мемлекеттің экономикалық саясатының әлеуметтік бағыттылығына басты назар аударылады.

Әлеуметтік көмек көрсету саласының басты мақсатына кедейлік және жұмыссыздықпен күресу, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңарту және дамыту, экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу, халыққа әлеуметтік көмек көрсету түрлері мен нысандарын жетілдіру арқылы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық даму үдерістеріне қол жеткізу жатады.

Республикамызда қазіргі таңда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі көбінесе мүгедектерге ғана әлеуметтік қолдау көрсетуді басты нысан еткендіктен басқа әлеуметтік жағынан аз қорғалған адамдар қолдау таппай отыр. Жеке меншік сектор әлеуметтік қызмет көрсетуге толыққанды араласпауы да осы салада мемлекеттің басымдығын байқатып келеді. Бәсекелестік нарық заңдылықтары орындалмауы әлеуметтік қызметтерді таңдау мүмкіндігі шектеп, сан және сапа көрсеткіштерінің деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтыруда. Қазақстан экономикасын дамыту үшін мемлекеттің әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің құрылымын жетілдіру арқылы шын мәніндегі әлеуметтік көмек алушылар санын дұрыс анықтап, әлеуметтік қызмет түрлерінің аясын кеңейту және тағы басқа кең көлемдегі іс-шаралар жиынтығын жүзеге асыру қажет болады.

Экономиканың дағдарыстан кейінгі даму кезеңінде тұрғындардың белгілі топтарының жағдайы қиындады, әсіресе оларға өз бетімен, мемлекеттің көмегінсіз өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын жандар - зейнеткерлер, мүгедектер, балалар, көпбалалы жанұяларды жатқызуға болады. Осы жағдайлар елдің аймақтарының басым бөлігінде әлеуметтік тұрақсыздықты тудырады. Міне сондықтан да жоғары аталған азаматтардың категориясына әлеуметтік көмек көрсету үкімет және жалпы қоғамның алғашқы кезекті міндеті болып табылады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету – мемлекет саясатының маңызды бағыты болып табылады және де кез-кезген ел экономикасының дамуы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша шаралардың тиімділігімен тығыз байланысты. Халықтың әлеуметтік қорғалмаған категорияларын қорғау қажеттілігі ашық қоғам аясында әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету мен байланысты, ал ол өз алдына тұрғын үй және сапалы қызметтерді қайта бөлу саласында материалды игіліктерге қол жетерліктің негізі болып табылады. Осы ретте халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелері өзекті болып табылады.

Қоғамның байлардың аз шеңберіне және басым бөлігі аз қамтылған азаматтарға бөлінуі, кедейшілік жағдайда өмір сүретін тұрғындар бөлігінің үлесінің артуы қоғамның әлеуметтік қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Әлеуметтік қауіпсіздік мәселелеріне жұмыссыздықтың артуы және еңбек мотивациясының

төмендеуі жатады. Жұмыссыздықтың артуы жұмыспен қамтылғандарға да салмақ түсіреді де, жалпы экономикада күрделі зардаптарға әкеледі.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің алғашқы саясаты аймақтық деңгейде құрылу қажеттілігімен айғақ, себебі тек осы жағдайда ғана ол шын мәнінде тұрғындарға максималды жақын болады. Осы жағдайда аймақтың ерекшелігін ескере отырып, жеке категориялы азаматтардың мәселелерін тиімді шешуге болады.

Соған қоса, аймақтық әлеуметті-экономикалық жүйелерді зерттеу экономикалық ғылымда өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Бұл мәселе әлемде де орын алады, себебі онда белгілі бір заңдылықтармен сипатталатын күрделі динамикалық үдерістер көрініс алады.

Осы ретте тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған аймақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастыру міндеті өзекті мәселелердің біріне айналады. Сонымен қатар, көптеген ғалымдардың пікірінше, аймақтардың жалпы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін ортақ әдісі анықталмаған. Елімізде қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларының біркелкі болмауы мемлекет тарапынан жүргізілетін аймақтық саясатты жүргізуде орын алған олқылықтар мен кемшіліктерде болып отыр. Сондықтан да мемлекеттің аймақтық саясатының мақсаттары мен міндеттері, жүзеге асыру механизмдері мен аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу тетіктері бір жүйеге келтірілуі тиіс. Аймақтар дамуындағы қазіргі қалыптасып отырған жағдайды саралау және соған орай аймақтық саясаттың бағыттарын айқындау өзекті мәселе қатарына жатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстан дамуының басты векторы» Жолдауында Қазақстандық даму жолының жаңа кезеңі ретінде – экономиканы нығайтудың жаңа міндеттері, тұрғындардың әлеуетін жоғарылату көрсеткіштерін белгілеген болатын [1].

Азаматтардың өмір сүру сапасының көрсеткіштерін арттыра отырып экономикалық дамудың тұрақты қарқынына көшу міндетін шешу мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістеріне назар аудартады. Ол қоғамның барлық секторында сапалы түрленулерді қажет етеді, ал өз алдына жүргізілетін реформалардың экономикалық және әлеуметтік аспектілерін үйлестіру кезінде, құрылымдық саясатты адами әлеуетті дамытудың ұзақ мерзімді мақсаттарымен үйлестіруде, адам тіршілігіне қажет жағдайлар қалыптасатын әлеуметтік саланы трансформациялау жағдайында ғана мүмкін.

Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеудің тиімді механизмін қалыптастыру стратегиялық басқарудың тетіктерін жоспарлау және енгізу кезінде жаңа сапалы деңгейге көшуді қамтамасыз етеді, ал ол республикалық және аймақтық бюджеттерді ұтымды жобалау және дамуының тиімді болжамына көшуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, әр түрлі нысандағы әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының қызмет етуінің кешенді, тұтас жүйесін, мемлекеттің белсенді қолдауына мұқтаж азаматтарға сапалы әлеуметтік қызмет көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыруда. Осы аталған шешуі табылмаған мәселелер

диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігін дәлелдейді және оның теориялық және практикалық маңыздылығын анықтайды.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Әлеуметтік саясаттың, әлеуметтік көмек көрсетудің, соның ішінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтардың, әртүрлі аспектілерінің теориясы мен тәжірибесі аясындағы зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негізін А.Смит, Д.Рикардо, П.Самуэльсон, П. Друкер, Ф.Визер, Р.Коуз, М.Портер және басқаларының еңбектері құрады.

Ресейлік экономист-ғалымдар А.Черников, А.Лавров, М.Тараканов, Р.Шниппер, А.Адухов, А.Пробст, В.Кистанов, Э.Алаев, Ф.Клоцвог, И.Кушников, В.Андреев, А.Дмитриев, Т.Ермоленко, М.Ланцев, М.Фирсов еңбектері халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің тұжырымдары мен құрылымын және экономикалық аспектілерін зерттеуге арналған.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің теориялық және әдіснамалық мәселелері А.Здравомыслов, И.Бутенко, Э.Воробьев, Н.Ермаков, Н.Римашевская, Т. Парсонс, В.Ядов сияқты ресей ғалымдарының жұмыстарында зерттелген.

Аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйесін дамыту бойынша әртүрлі ұсыныстар отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан, атап айтқанда А.Алимбаев, С.Алпысбаева, М.Исаева, А.Алымов, Т.Мукашев, Ю.Шокаманов, М.Мелдеханова, А.Таубаев және басқалар.

Қаржы-несиелік қатынастар және тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету мәселелері У.Баймұратов, Н.Кучукова, А.Зейнелғабдин, А.Шарипбаев, Н.Нұрланова сияқты ғаламдардың еңбектерінде қамтылған.

Сөйте тұра, тұрғындарға, соның ішінде табысы мен күнкөріс деңгейі төмен азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің теориялық және тәжірибелік маңызды мәселелердің кейбір жақтары ғылыми әдебиеттерде толығымен қамтылмаған.

Біріншіден, әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйелерін құру сұрақтары жеткіліксіз деңгейде болса, ал экономикалық ұтымды әлеуметтік көмек көрсетудің негізін құрайтын аймақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру да толық қарастырылмаған.

Екіншіден, әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ету мәселелеріне арналған зерттеулер жеткіліксіз.

Үшіншіден, әлеуметтік көмек көрсету шараларының тиімділігін экономикалық тұрғыда бағалау аспектілері, сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсету аясындағы аумақ аралық өзара-әрекеттесу мәселелері де аз зерттелген.

Осы кемшіліктерді болдырмау тақырып өзектілігін айқындайды, соның ауқымында қарастырылатын сұрақтардың маңыздылығы, яғни әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйелерінің басты мақсаты болып табылатын аймақ тұрғындарының құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында оның кепілдерін қамтамасыз ету, әлеуметтендіру және оған бейімделу үшін алғы-шарттарды қалыптастыру, осылайша, аумақтардың дамуына, әлеуметтік қысымның әлсіреуіне, еңбек ресурстарының ұдайы өндірісіне және экономикадағы дағдарыстық құбылыстарға төтеп беруге ықпалын тигізеді.

**Диссертациялық жұмыстың мақсатына** мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің теориялық - әдіснамалық негіздерін зерттеу және Қазақстан халқына және оның аймақтарындағы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесін талдау нәтижелері негізінде оның болашақта дамуының басым бағыттары мен экономикалық аспектілері жөнінде нақты ұсыныстар беру жатады.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі өзара байланысты келесі міндеттерді шешу қажеттігі туындайды:

- халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің экономикалық мазмұны, қағидалары, көрсеткіштері және әдістерін анықтау;
- мемлекеттің аймақтардағы тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін енгізу кезеңдері мен ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау;
- халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесі бойынша шетел тәжірибесінің даму эволюциясын зерттеу және оның озық үлгілерін саралау;
- Қазақстан Республикасында және оның аймақтарында халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне экономикалық баға беру;
- мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін дамытудың болашақтағы басты бағыттары мен экономикалық аспектілері бойынша нақты ұсыныстар беру.

**Зерттеу пәні** - Қазақстан халқына және оның аймақтарындағы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қалыптастырудан туындайтын ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар жиынтығы.

**Зерттеу объектісі болып** ҚР халқына және аймақтардағы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету аясы табылады.

**Диссертациялық зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негізін** әлеуметтік дамуды мемлекеттік реттеуді зерттеуге бағытталған шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері, теориялары және гипотезалары, дәлірек айтқанда қоғамдық әлеуеттіліктің тұжырымдамасы, тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету теориясы, адами капитал теориясы, аймақтық даму теориясы, индикативті басқару теориясы құрады.

Жұмыста алға қойылған міндеттерді шешу барысында кешенді экономикалық және жүйелі талдаудың теориялық-әдіснамалық құралдары, тарихи және логикалық, индуктивті және дедуктивті бірлік, абстракция және синтез, топтау әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің **ақпараттық негізін** Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі Агенттілігі, ҚР еңбек және тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету министрлігінің деректері, ЕХҰ және БҰҰДБ ақпараттық сайттары, сонымен қатар маманданған басылымдардағы ғылыми мақалалар мен интернет-ресурстар құрады.

**Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңашылдығына келесілер жатады:**

- мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің теориялық - әдіснамалық негіздерін зерттеу негізінде оның экономикалық мазмұны ашылып, қағидалары, көрсеткіштері мен әдістері бір жүйеге келтірілді;

- әлемдік экономикада тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері мен озық үлгілері сараланып, жалпы мемлекеттік және аймақтық деңгейде пайдалану мүмкіндіктері анықталды;

- Қарағанды өңірі мысалында тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету қызметіне талдау жасалып, аймақтық деңгейде оның нәтижелеріне баға берілді;

- мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын іске асыруға мониторинг жүргізу ұсынылды;

- Қазақстан халқы мен аймақ тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жүйесін болашақта дамытудың басты бағыттары мен экономикалық аспектілерін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

### **Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар**

- мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін құрудың негізгі қағидалары мен тұжырымдарына авторлық көзқарас;

- Қазақстан Республикасындағы және оның аймақтарындағы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесін талдау нәтижелері;

- Қарағанды облысының мысалында тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесіндегі әлеуметтік қорғалмаған тұлғалар тобын қолдаудың оңтайлы нысандары мен экономикалық тетіктері;

- тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің нәтижелілігіне мониторинг ұйымдастыру бойынша ұсыныстар;

- Қазақстан Республикасының тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетудің жүйесін болашақта дамытудың басты бағыттары мен экономикалық аспектілерін жетілдіру жолдары.

**Жұмыстың теориялық маңыздылығы** тұрғындарға мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету саясатының аясында жалпыұлттық және аймақтық деңгейде әлеуметтік көмек көрсетудің экономикалық аспектілерін дамытумен байланысты болып келеді.

Диссертациялық зерттеулердің **тәжірибелік нәтижелерін** енгізу қиын өмір сүру жағдайындағы жекеленген азаматтар тобын қолдау сапасын арттыруы мүмкін. Сонымен қатар, тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетудің тиімді аймақтық жүйесін қалыптастыруға бағытталған ұсыныстар әлеуметтік қорғау аясындағы аумақаралық өзара әрекеттесу кезіндегі бірқатар мәселелерді шешуде пайдаланылуы мүмкін.

**Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.** Диссертациялық зерттеулер барысында алынған негізгі нәтижелер мен жағдайлар халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда баяндалып, талқыланды: «Тенденции и приоритеты развития мировой и казахстанской экономики в XII веке» (Астана, 2010), «Роль науки и образования в реализации стратегии индустриально-инновационного развития Казахстана» (Жезказган, 2011), «Формирование системы и механизмов учетно-аудиторского и аналитического обеспечения конкурентоспособного развития предприятий реального сектора экономики Украины» (Камянець-Подольский, 2012), I-st International scientific conference «European Applied Sciences: Modern approaches in scientific research» (Stuttgart, Germany, 2012), International conference «Modern Science Problems and



Perspectives» (USA, 2013), Транзитная экономика (Алматы, 2010), Транзитная экономика (Алматы, 2011), Экономика и статистика (Астана, 2013), Actual Problems of Economics. (Украина, Киев, 2012).

**Басылымдар.** Зерттеу тақырыбы бойынша 9 жұмыс жарияланған, соның ішінде 1 ғылыми мақала Thomson Reuters компаниясының мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда жарияланған, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы экономикалық басылымдарда жарияланған, 5 тезистік баяндамалар халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда талқыланды, соның ішінде 3 мақала шетелдік конференцияларда.

**Жұмыстың құрылымы.** Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

# **1 МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің экономикалық мазмұны, құрылымы, қағидалары мен көрсеткіштері**

Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде құқықтар кепілі мен азаматтардың еркіндігін қамтамасыз ету жүйесі аясында халыққа әлеуметтік көмек көрсету маңызды орын алады. Көп жағдайда нарықтық қатынастар өздігінен әлеуметтік көмек көрсету механизмін қалыптастыра бермейді. Экономикалық тұрғыдан алғанда халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің ерекшелігі оның үлкен көлемде материалды шығындарды қажет ететіндігінде және ешқандай пайда әкелмейтіндігінде болып табылады. Осындай ерекшелігінің орын алуы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесін мемлекеттің өз мойнына алуын қажет етеді. Сөйте тұра, сапалы түрде жүргізілетін әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің жетілдірілуі халықтың өмір сүру деңгейін көтеру арқылы мемлекеттің экономикалық дамуына ықпал ететін басты фактор болып саналады. Әлемдік деңгейде халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жүз жылдық тарихы бар. Осы уақыт аралығында оның қызметтері, нысандары және қаржыландыру әдістері бірқатар өзгерістерге шалдықты. Бірақ мақсаты ешқашан өзгермеді - ол адамдардың өмір сүру жағдайын жақсарту.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің тарихын талдау нәтижелері тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуді қаржыландырудың екі негізгі кестесін анықтауға мүмкіндік берді: біріншіден әлеуметтік көмек көрсетуді қаржыландырудың үш жақты кестесі; екіншіден әлеуметтік көмек көрсетуді қаржыландырудың мемлекеттік-бөлу (немесе бюджеттік) жүйесі (немесе кестесі). Қаржыландырудың үш жақты жүйесі АҚШ-та құрылды да ірі өнеркәсібі дамыған елдерде пайдалана бастады. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетуді қаржыландырудың мемлекеттік әкімшілік-бөлу жүйесінде қаржыландырудың негізгі субъектісі мемлекет болып табылады, яғни әлеуметтік көмек көрсету шараларының жүйесін мемлекет қаржыландырады. Әлеуметтік қамтамасыз етудің осы жүйесінде оның жақтары жұмыс істеуші азамат пен мемлекет болып табылады [2].

Нарықтық экономиканың қызмет етуінің тұжырымдық жағдайларына сәйкес еліміздегі тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету қазақстандық ғалымдар арнайы өңдеп құрастырған блоктар кешені мен механизмдерден тұратын интегралды модельді жүзеге асыру есебінен қамтамасыз етіледі. Осындай күрделі модельді таңдау елдегі өзіндік өтпелі кезеңмен анықталды, ал оған қоғамның әлеуметтік қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыруға жұмсалатын қаржылық ресурстар арасындағы айырмашылықтар негіз болды.

Әлеуметтік сала түсінігі көпжақты ғылыми категорияға жатады. Ғылыми еңбектерде әлеуметтік сала түсінігі бірнеше тұрғыдан қарастырылады.

Біріншісі, оны үлкен әлеуметтік топтардың жиынтығы ретінде қарастырады: таптар, ұлттар, халықтар және тағы басқалар, осылайша әлеуметтік сала туралы түсінік қоғамдық өмірдің жоғары деңгейін сипаттайды,

оның түбегейлі әлеуметтік құрылымдардан жиынтығы ретіндегі көзқарасқа қарағанда мәнді сипаты бар.Көбіне, әлеуметтік сала түсінігі қоғамның әлеуметтік құрылымы түсінігімен пара-пар келеді. Бірақ, сұрақтың осындай қойылымында әлеуметтік саланың функционалды белгілері жойылады. Әлеуметтік саланың басты ерекшелігіне қоғамның ұдайы өндірісін қамтамасыз етуі жатады.

Екінші көзқарасты көбіне экономист-ғалымдар ұсынады. Ғылыми талдау жұмыстарында әлеуметтік саланы белсенді түрде пайдалана отырып, олар оны өндірістік емес сала мен қызмет саласына жатқызады. Сонымен қатар, оны азаматтардың әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған халық шаруашылығының салаларының жиынтығы ретінде сипаттайды. Осы ретте әлеуметтік сала тек әлеуметтік инфрақұрылым ретінде қарастырылады және әлеуметтік субъектілердің қызметтерінен, олардың байланыстары мен қатынастары жиынтығынан тыс жүзеге асырылады [3].

Бірқатар авторлар, әлеуметтік сала экономикалық және саяси жүйелер арасындағы аралық жағдайды алады да, экономикадан саясатқа жіберетін бөлім ретінде туындайды деп, әлеуметтік саланы қоғамдық қатынастардың өзіндік саласы ретінде бөліп шығаруды орынсыз деп санайды.

Әлеуметтік сала қоғам өмірінің басқа салаларының бөлігі болып табылады да қоғамның өзіндік жүйесін құрай алмайды. Осы тұрғыдан қарастыруды, біз құптай алмаймыз, себебі тек әлеуметтік сала қоғам өмірінің басқа салаларына қарағанда тұрғындардың әлеуметтік ұдайы өндірісі қызметін атқарады. Оның негізінде тұрғындар мен әлеуметтік қатынастардың ұдайы өндірісі бойынша қызметі жатыр [4].

Әлеуметтік сала қоғамның әлеуметтік үдеріс субъектілерін ұдайы өндіру қажеттілігінен туындайтын тұтас, үнемі өзгеріп отыратын жүйені қалыптастырады. Ол адамның өз өмірін ұдайы өндіру қызметінің тұрақты саласы, қоғамның әлеуметтік қызметі жүзеге асырылатын кеңістік. Сол кеңістікте мемлекеттің әлеуметтік саясаты үлкен мәнге ие болады, адамның әлеуметтік және азаматтық құқығы жүзеге асырылады. Әлеуметтік сала өз бетімен дифференциацияланған әлеуметтік субъектілердің ұдайы өндірісі процесінің күрделілігімен көп мәнділігінен туындайтын күрделі ұйымдастырылған тұтас жүйені тудырады. Осы тұрғыдан алғанда кез-келген мемлекеттің экономикасының негізін құрайтын ұдайы өндірісті дамыту әлеуметтік сала болмаынша жүзеге асырыла алмайтыны белгілі. Сондықтан да әлеуметтік саланы дамытудың экономикалық мәні мен мазмұнын ашу, оның қалыптасу қағидалары мен әдістерін бір жүйеге келтіру маңызды мәселелер қатарына жатады.

Әлеуметтік саланың қызмет етуімен даму процесінің объективті заңдылықтарымен негізделеді және әлеуметтік басқарудың белгілі бір қағидаларына сүйенеді.Әлеуметтік сала құрылымын, оның негізгі құрамдас бөліктерін қарастыра отырып, біздің ойымызша, әлеуметтік салаға қандай объектілер мен үдерістер жататынын, қайсылары сыртқы ортаға жатанын анықтап алу қажет.

Осы ұстанымдарды негізге ала отырып, адамның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру мақсатында материалдық игіліктерге қажеттілікті қанағаттандыратын осы саланы адами сипаттағы жүйе ретінде қарастыруға болады. Осы саладағы құрылымдық өзара әрекеттесулер осы жүйеге тән сапалы ерекшеліктерді туындатуы қажет. Оған әлеуметтік инфрақұрылымды және оның өндіретін тұтынушылық өнімдерін, білім беру, медициналық, әлеуметтік және тұрмыстық қызмет көрсету үдерістерін, әлеуметтік саланы басқару органдары мен институттарын, тұрғындардың, адамның, топтың тұтынушылық әрекетін реттеу механизмі мен нормативтік базасын жатқызуға болады [5].

Әлеуметтік саланың әр құрамдас бөлігін жеке түсіну мүмкін емес. Оның қызметі осылайша өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызметі арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік саланың субстационалды негізіне адамдардың өз өмірін ұдайы өндіру бойынша бірлескен қызметі, сонымен қатар осы қызметтің субъектілері арасында туындайтын әлеуметтік қатынастар жатады.

Әлеуметтік саланың құрамдас бөліктерінің күрделілігінің деңгейі әртүрлі, бірі-біріне қарағанда иерархиялық өзара тәуелділікте болады және тұтас жүйе ретінде әлеуметтік саланың туындысы болып табылады. Олардың ерекшелігі пайда болуы және қызмет етуі әлеуметтік саланың басты қызметімен негізделеді, яғни адамдардың қызмет ету субъектісі ретінде және құрылымдарды қалыптастырушы ретінде, әлеуметтік институттарды, әлеуметтік субъектілерді қамтамасыз ету ресурстарының ұдайы өндіру қызметі.

Әлеуметтік саланың мақсатты бағытталған сипаты бар әр құрамдас бөлігі белгілі бір қызмет атқарады. Басқаша жағдайда құрамдас бөлік (компонент) жүйеден түсіп қалады, керексіз болып қалады. Функциялар тұтас жүйенің элементінен туындайды және әлеуметтік салаға тән ішкі ұйымның аясында материалданады. Халықтың әлеуметтік ұдайы өндірісінің тиімділігі көптеген факторлармен негізделеді. Солардың арасында маңызды рөлді әлеуметтік үрдістерді басқару саласындағы нәтиже беретін ұйымдастырушылық шаралар алады, атап айтқанда аймақтық деңгейде.

Нақты басқарушылық шаралар әлеуметтік саланың орын толтырушы мүмкіндіктерін арттыруы немесе төмендетуі мүмкін, тұрғындардың қазіргі талаптарының деңгейін толығымен ескеруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік ұдайы өндірісті басқару тиімділігін арттыруға қажеттілікті халық сезінеді және билік мойындайды [6].

Әлеуметтік көмек көрсету – басқарушылық қызметтің өзіндік түрі, ол әлеуметтік басқарудың Конституциямен кепілденген қағидалары мен әдістеріне негізделеді. Егер тәуекелдер іс жүзінде орын алатын болса, онда осы қағидалар мен әдістерді пайдалану арқылы, бір жағынан, тәуекел деңгейін төмендетуге, ал екінші жағынан, оның салдарын жеңілдетуге болады. Басқарушылық қызметтің түрі ретіндегі әлеуметтік көмек көрсетудің маңызды қағидасына жалпылылық жатады, былайша айқанда әлеуметтік көмек көрсетудің жағымсыз жағдайға түсіп қалған тұрғындарға кепіл болатындығын көрсетеді. Бүгінгі таңда «әлеуметтік көмек көрсету» ауқымды, кең мағыналы ұғым, оған әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік көмек, әлеуметтік қызмет

көрсету сияқты басқарушылық қызметтің түрлері және әлеуметтік жұмыстар тобы жатады. Кең мағынада, әлеуметтік көмек көрсету дегеніміз жеке тұлғаға, әлеуметтік топқа және жалпы тұрғындарға әлеуметтік тәуекелге негізделген кешенді, жан-жақты мәселелердің шешімін табуға бағытталған мемлекет пен қоғамның саясаты және мақсаттық іс- әрекеті және оны қаржыландыру жолдарын айтады.

Е.И. Холостованың анықтамасы бойынша тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету - бұл мемлекет пен қоғам жүргізетін әлеуметтік-экономикалық шаралардың жиынтығы, олар адам өмірінің тиімді жағдайларын қамтамасыз етеді, қажеттілікті қанағаттандырады, әртүрлі әлеуметтік топтардың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін қажеттіліктерін қанағаттандыру, сонымен қатар азаматтардың қалыпты өмірін қамтамасыз ету үшін тәуекелге бару ауру, жұмыссыздық, кәрілік, асыраушыдан айырылу сияқты жағдайларға қарсы шаралар жиынтығы. Ол экономикалық күйзелістермен тұрақсыздық кезеңінде тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігін материалды қолдаудың мемлекетпен кепіл етілген минималды деңгейі [7].

Әлеуметтік көмек көрсету мемлекеттік және жергілікті бюджет, тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету үшін арнайы құрылатын қорлар есебінен жүргізіледі. Әлеуметтік көмек көрсету азаматтарға тұратын орнына, ұлтына, жынысы мен жасына қарай тәуелсіз қалыпты өмір сүруін, дамуын және ұдайы өндірісін қамтамасыз етуге бағытталған.

Тар мағынада әлеуметтік көмек көрсету – тұрғындардың ең мұқтаж бөлігін экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық сипаттағы демеу шараларының кешені. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік көмек, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қызмет көрсетуі жатады [8].

Соған қоса, әлеуметтік көмек көрсету азаматтардың әр түрлі әлеуметтік топтарына (мүгедектер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар, зейнеткерлер, жұмыссыздар, балалар, еңбек ардагерлері тағы басқалар) жағымсыз факторлардың әсерін ескере отырып, қалыпты өмір жағдайларын қалыптастыру және жан-жақты дамытуға бағытталған институттар түріндегі мемлекеттің мақсатты бағытталған қызметтері жатады. Әр әлеуметтік топтардың өзіндік ерекшеліктерін ескеру – жүзеге асырылатын әлеуметтік жұмыстың тиімділігінің басты шарты болып табылады. Енді әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің негізгі қағидаларын атап өтейік. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің негізгі қағидаларына әлеуметтік әділеттілік, мекенжайлылық, тұлғаның құқығы мен еркінділігін кешенді қамтамасыз ету, субсидиарлылық қағидасы. Әлеуметтік көмекті мұқтаждыққа қарай бөлу керек, бірақ сақтандыру салымдары мен төлемдерінің көлемін сақтандырушылар өз бетімен анықтайтынын ескеру қажет және сақтандырушылар салымдар төлейтін табыс шекарасы белгіленеді [9].

Соған қоса қазіргі таңда толығымен қалыптасқан жаңа институционалды құрылым «әлеуметтік көмек көрсету жүйесі» туралы айту ерте. Оған дәлел осы мәселе бойынша ғылыми әдебиттерге жүргізілген талдау. Осы ретте айта

кететін жағдай жана жағдайдарға қатысты «тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесі» қағидасының өзі өңдеу және қалыптасу кезеңінде.

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуінің қағидаларының жүйесін толықтырған жаңа қағидалар келесілер болды:

- субсидиарлық қағидасы (немесе құзырылықты бөлу);
- шығындарға қатысу қағидасы.

Бірінші қағида іс жүзінде қызмет ететін құқықтық және шаруашылық механизмді туындайды, соған сәйкес билік құзырылығы осы нақты қоғамдық қажеттілік анағұрлым тиімді қанағаттандырылатын институционалды (мемлекеттік, аймақтық, жергілікті) деңгейге беріледі. Осылайша, тұрғындардың кедейшілігін төмендету, әлеуметтік қызмет көрсетудегі бастама аймақтық және жергілікті деңгейге беріледі.

Шығындарға қатысу қағидасы жекеленген әлеуметтік төлемдерді төлеу мемлекет, жұмыс берушілер және азаматтардың жеке қаражатының қатысуымен жүзеге асырылатынын білдіреді

Әлеуметтік көмек көрсетудің институционалды үдерісінің тұрақсыздығын «әлеуметтік көмек көрсету» түсінігінің біржақты еместігі сипаттайды. Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік көмек көрсету анықтамаларын кең және тар мағыналы тұрғысынан қарастырылатындығы кездеседі. Нәтижесінде ғылыми әдебиеттерде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің негізгі блоктары мен құраушы бөліктері туралы әр түрлі көзқарастар қарастырылады.

«Әлеуметтік көмек көрсету» терминінің нақты белгіленген шекаралары, аумағы және көлемі жоқтығын атап көрсетуге болады. Сонымен қатар әлеуметтік топтар мен тұлғалардың тізімі мен диапазонының кеңеюі заңды құбылыс. Соған қоса, қазіргі таңда әлеуметтік көмек көрсету басым бағыттағы ұлттық жобалармен үйлестіріледі және байланыстырылады, оның ауқымдылығы артып, шекарасы кеңейеді (жұмыспен қамту, жас жанұяларға баспана беру, көмек беру және т.б.). Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, біздің пікірімізше, әлеуметтік көмек көрсетуді - мемлекеттің әлеуметтік саясаттың мақсаттары мен басым міндеттерін іске асыру бойынша қызметі, қоғамның әр мүшесіне маңызды әлеуметтік құқықтармен, заңмен белгіленген экономикалық, құқықтық және әлеуметтік кепілдерді жүзеге асыру бойынша қызметі деп анықтауға болады.

Әлеуметтік көмек көрсетудің жекеленген элементтерін дамытуды жүзеге асыру бір қалыпты болмайды, уақыт өткен сайын – жаңа экономикалық және әлеуметтік шындыққа негізделген жаңа түрлері қалыптасады.

Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесі негізгі төрт блоктан тұрады:

1. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі.
2. Әлеуметтік сақтандыру жүйесі (міндетті және ерікті).
3. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесі (қолда), оған тұрғындарды әлеуметтік қолдау қорларының жүйесі сонымен қатар мемлекеттік емес қайырымдылық секторы жатады.

4. Мемлекеттің ұсынатын басқа да әлеуметтік көмек көрсетудің нысандары мен әлеуметтік преференциялары, оларға тұрғындардың табысын индексациялау, жеңілдіктер, субсидия және компенсациялар беру жатады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің бөлігі болып табылатын әр жүйешесін толығымен қарастырайық. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйешесі – қарт адамдар мен жұмысқа қабілеті жоқ адамдарды, баласы көп жанұяларды материалдық игіліктермен қамтамасыз ету және оларға әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік жүйесі. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйешесі – қарт шағында, уақытша жұмыс қабілетін жоғалтқан жағдайда, жанұядағы асыраушысынан айырылған уақытта материалдық көмек көрсетуге кепілдік беретін әлеуметтік-экономикалық шаралар жүйесі; аналарға және жан басына шаққанда табысы салыстырмалы түрде төмен жанұяларға жәрдем ақы төлеу [10].

Дамыған елдер тәжірибесінен әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйешелерінің арасында баланстың болуы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің маңызды шарты екенін көруге болады, сөйтіп ол қоғамдағы саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етумен қатар, экономикалық жағдайдың жақсаруына да әсерін тигізеді. Жүйеге мемлекеттің азаматтарды қартайғанда, мүгедектік алғанда, асыраушыдан айырылғанда, жұмыссыз қалған жағдайда, жүктілік және олар өз еңбегін тұрақты түрде табыс табуға пайдалана алмайтын басқа да өмірлік жағдайларды қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шаралар жиынтығы кіреді.

Экономист-ғалымдардың еңбектерін зерттей келе келесідей тұжырымдар жасауға болады: әлеуметтік көмекке, біріншіден қалыпты өмір үшін қажет жағдайлардан айырылған тұлғаларға көмек көрсету; екіншіден материалды уақытша көмек, әлеуметтік реабилитацияны өткізу және соған мұқтаж адамдарды бейімдеу; үшіншіден тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігін мемлекеттік қолдау жүйесі.

Қоғамдағы әлеуметтік көмектің мәні мен орнына қатысты әр түрлі көзқарастарын көрсететін басқа да анықтамалар бар. Әр түрлі көзқарастарды талдау барысында келесі анықталды, әлеуметтік көмек – адамдарды өміріне зиян келтіретін әр түрлі сипаттағы әлеуметтік тәуекелден көмек көрсету кезінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы. Мемлекеттік әлеуметтік көмек жұмыс қабілеттілігін жоғалтуына байланысты, жұмыстың, табыс көзінің жоқтығынан өз бетімен күн көре алмайтын адамдарға көрсетіледі. Осы көмек көрсету институтының қаржылық көзі жаңа қалыптасатын мемлекеттік бюджет болып табылады. Көмек көрсету институтының анықтаушы сипаттамасы мемлекеттің тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған категориясымен (мүгедектер, міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша зейнетақы немес жәрдем ақы алуға қажет сақтандыру стажы жоқ азаматтар) келісімсіз әлеуметті-алиментарлы қатынастары болып табылады. Осы жүйе шегіндегі төлемдер мұқтаждықты анықтағаннан кейін жүзеге асырылады және минималды табысты қамтамасыз етуге бағытталған, оның көлемі кедейшілік шегінің деңгейімен анықталады. Елде табысты қайта бөлуді жүзеге асырудың көптеген себептері

бар, соның ішінде әлеуметтік әділеттілікке ұмтылу, немесе экономикалық өсуді ынталандыру үшін адами капиталдың тиімділігін арттыру немесе саяси мүдделер тұрғысынан қарастыру жатады.

Мкандавире (Mkandawire 2006) [11] әлеуметтік саясатты әлеуметтік қамтамасыз етуге, әлеуметтік институттарға және әлеуметтік қатынастарға әсер ететін мемлекеттің араласуы ретінде анықтады. Оған қайта бөлу, өндіру және ұдайы өндіріс мәселелері жатады және ұлттық әлеуметтік, экономикалық мақсаттарды жүзеге асыру үшін экономикалық саясатпен қатар жұмыс істейді. Демек, мемлекеттік әлеуметтік саясат теңсіздікті жою мәселелерінің экономикалық мағынасында орталық орынға ие.

Әлемде табыстардың теңсіздігінің етек алуы табыстарды қайта бөлуде әлеуметтік трансферттерді қандай деңгейде пайдалану керек деген даулар туғызды. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін дамытудың теориялық негізін экономикалық ілімнің классиктері зерттеген - А.Смит, Дж.Кейнс, Ф. Хайек, М. Фридмен, Дж.Бьюкенен. Мысалыға Дж. Кейнс өз зерттеулерінде халықтың табыстарын мемлекеттік реттеу сұрақтарына және белсенді мемлекеттік араласуға ерекше көңіл аударады. М. Фридмен және Дж. Ролз әлеуметтік әділеттілік пен теңдік және еркіндіктің өзара қатынасына көңіл аударды [12].

Л. Эрхард, «әлеуметтік нарықтық шаруашылық» моделінің қалыптасуы мен дамуының негізін қалаушысы бола тұрып, оның нарықтық экономика моделінің әлеуметтік сипаты жылдам экономикалық өсу, қоғамдық байлықтың артуына жағдайлар қалыптастырады және азаматтардың басым бөлігіне өз жағдайларын арттыруға мүмкіндік береді деп санаған. Оның айтуы бойынша мемлекет тарапынан әлеуметтік төлемдер оның дамуы шамасына қарай азаюы керек, базалық зейнетақы минималды болуы керек [13]. Сонымен қатар, мемлекет барлық азаматтарға бірдей мүмкіндіктер беруі керек те, жастарға қол жетерлік сапалы білім беруді қамтамасыз етуі керек.

Әлеуметтік көмек көрсету мәселелеріне байланысты жұмыстарды А. Аткинсон, П. Пирсон, Дж. Стиглиц көп арнаған. 2001 жылы Барр (Barr) [14] өз зерттеулерінде тиімді және ауқымды әлеуметтік көмек көрсету жүйесін құру деңгейі бойынша елдердің бірнеше тобын бөледі:

- елдердің бірінші тобы арнайы мекемелер құрмайды, әлеуметтік саясатты жақсарту үшін қажет қаржылық ресурстар бөлмейді, континенталды Еуропа елдері;

- екінші топ – ең алдымен piggy banks (жинақтауыш) ретінде жұмыс істеуге тағайындалған әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құрған елдер;

- үшінші топқа Робина Гуд роль ойнауға тағайындалған әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құрған (мысалы, Дания), ол байлар мен кедейлер арасында айырмашылықты азайтуға бағытталған.

Әлеуметтік көмек көрсету мәселелері 1980 жылдар аяғы 1990-шы жылдар басындағы әлемдік ғылыми, саяси және әлеуметтік дискуссиялардың орталығына айналды. 1990 жылы Әлемдік Банк әлемдік даму туралы баяндама ұсынды, онда көптеген дамушы елдер тым кедей және кешенді әлеуметтік



камсыздандыру бағдарламаларын жүргізу үшін әкімшілік тұрғыдан алғанда әлсіз деп айтылған, сондықтан сондай елдерге минималды әлеуметтік көмек көрсету бойынша бағдарламалар дайындалған.

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік көмек көрсету қандай көлемде, кімге және қандай нысанда ұсынылуы керектігі маңайында даулар күшейді. Әдебиеттерді шолу нәтижелері әр түрлі авторлар осы анықтамаға әртүрлі түсініктер енгізгендігін көрсетті. Мысалы, кейбір авторлар әлеуметтік көмек көрсету деп мұқтаж топтардың тар шеңберіне көмекті көрсетеді, атап айтқанда «лайықты кедейлерге» (мысалы, жесірлерге, жетімдерге, мүмкіндіктері шектеулі жандарға). Сонымен қатар саясаткерлер тұрғындардың аз мүлікті бөлігіне әлеуметтік көмек көрсету шаралары және құрғақшылықтан зардап шеккен фермерлерге көмек сияқты өндіріс пен тұтынуға демеу шаралары арасында теңдік белгілерін қояды. Ғалымдардың басқа бөлігі әлеуметтік көмек көрсетуді кең мағынада қарастырады, оған білім беру мен денсаулық сақтаудың қол жетерлігі, субсидиялар, жұмыс орындарын құру және микронесиелеу бағдарламаларын, сонымен қатар күйзелістерге жақын және әлсіз топтарды (мысалы, фермерлерді экспортты бағалардың төмендеуі жағдайында демеу көрсету) әлеуметтік көмек көрсету шараларына қатысты сұрақтарын кіргізеді.

Одан бөлек, «түрленуші» тұрғысы да бар, онда әлеуметтік көмек көрсету әділеттілік, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды кеңейту сияқты түсініктер тұрғысынан қарастырылады, мақсатты табыстар, тұтыну және трансферттер сұрақтарымен шектелмеді.

1999 жылы Ван Гиннекен (van Ginneken) [15] келесі анықтаманы берді: «Әлеуметтік көмек көрсету осы мемлекет немесе қоғамда әлеуметтік орынсыз болып табылатын тәуекелмен және әлсіздік деңгейінің артуына қарсы жасалған қоғамдық әрекеттерге жатады». Нортон, Конвей және Фостер (Norton, Conway and Foster) [16], әлеуметтік көмек көрсету деп үй шаруашылықтарына немесе жеке тұлғаларға оларды төмен табыстан немесе өмір сүру деңгейінің төмендеуінен көмек көрсету мақсатымен қоғамдық және ұжымдық шаралар арқылы артықшылықтар беруді айтса, И. Ортиз (Ortiz Isabel, 2001) [17] әлеуметтік көмек көрсетуді кедейшілікті азайтуға, еңбек нарықтарының тиімділігін демеу, адамдардың тәуекелге бейімділігін төмендету, олардың өздерін қауіптер мен табыстарын жоғалтудан қорғалу мүмкіндіктерін жоғарылатуға бағытталған саясатпен бағдарламалардың жиыны ретінде анықтайды. Әлеуметтік тұрғыдан қарастыру көбіне адами капиталға және табыстарын жоғалту тәуекелін төмендетуге бағытталған. Осы бағытта әлеуметтік көмек көрсету деп адамдық капиталды жақсарту немесе көмек көрсету шараларының жиынтығы қарастырылады, соның ішінде еңбек нарығында жұмыссыздықты төмендету және жас бойынша сақтандыруды қоса айтуға болады. Екі тұрғыдан қарастыру әлеуметтік төлемдердің тиімді жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Түрлендіруші тұрғыдан қарастыру әлеуметтік көмек көрсетудің трансформациялық шараларына бағытталған (мысалы, әлеуметтік қызметтер), олар жанұяның ішінде ресурстардың қайта бөлінуін жақсартуға мүмкіндік береді.

Соған қоса, осындай тұрғыдан қарастыру қоғамдық қатынастар мен іс-әрекеттің өзгертуге бағытталған ақпараттық-ағартушылық компаниялардың пайда болуына әкеледі. Әлеуметтік трансферттер кешенді тұрғыдан қарастырудың әлеуметтік көмек көрсетуға түрлендіруші әсерін бірнеше бағытта күшейтуі мүмкін:

1. Олар қауіпсіздікті қамтамасыз етеді (үй шаруашылықтарында белгілі бір минималды қажет қажеттіліктерге ақшалары бар), мысалы ол үй шаруашылықтарының мүшелеріне өз экономикалық іс-әрекетін қайта қарауға мүмкіндік береді, жағдайлары жақсырақ жұмысты іздеумен айналысуға немесе еңбек ақыны арттыру үшін қосымша білім алуға.

2. Әлеуметтік төлемдер алатын жанұяларда балаларын мектепке беруге мүмкіндік пайда болады.


3. Кепілді жұмысбастылықтың бағдарламаларын өңдеу өндірістік активтерді демеп тұруға және жақсартуға көмектеседі, атап айтқанда адамдық капиталды.

4. Мемлекет тарапынан экономикаға макроэкономикалық әсер ету экономикалық күйзелістерді бәсеңдетуге, өсімді ынталандыруға көмектеседі, ол жұмыс орындарының пайда болуына ықпал етеді, сәйкесінше, жұмыссыздықтың азаюына әсер етіп, табыстың артуына және кедейлердің үлесінің азаюына әсер етеді.

5. Әлеуметтік трансферттер әлеуметтік көмек көрсетудің түрлендіруші әсерін кеңінен нығайтуға ұмтылады.

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік сақтандыру бағдарламалары мұқтаж адамдарға арналған, сондықтан олардың күшті қайта бөлу әсері болады деп күтілуде. Бірақ, осы сұрақ бойынша шетелде өткізілген зерттеулерге шолу дамушы елдерде әлеуметтік сақтандыру бағдарламалары (мысалы, зейнетақы және жұмыссыздық бойынша сақтандыру) регрессивті сипатта болуы мүмкіндігін көрсетті. Бұл жағдай сол бағдарламалардың көбіне кедейлер болып табылатын экономиканың формальды емес секторында жұмыс істейтіндерді ескермейтіндігімен қиындатылады. Бұл бағдарламалар тікелей төмен табысты адамдар тобын қолдайтындықтан, білім жүйесіндегі, денсаулық сақтаудағы, т.б. әлеуметтік көмектердегі инвестицияларды қайта бөлуге әсер етуі мүмкін. Олар барлық адамдарға бірдей жағымды әсер етеді, және осы жерде айта кететін жағдай, ең кедей табындағы адамдарға өзгеріс қаттылау әсер етеді, оған жеке кірісті денсаулық сақтауға не білім алуға жұмсайтындығы себеп. Басқаша айтқанда, кедей шаруашылықтарда денсаулық сақтау мен білімге жұмсамағандықтан, бос ақша көбірек қалады. Мемлекет бірдей бастамалық мүмкіндіктер туғызғандықтан, мемлекет «әлеуметтік жеделсаты» жұмысын жаңғыртады. Сонымен қоса, денсаулық пен білімге жұмсалған қаражат экономикада орынды пайдаланылады, керісінше, бұл одан да күшті экономикалық потенциал тудыруы мүмкін. Қоғамдық әлеуметтік қызмет ұзақ уақытты салдарға әкелсе, салықтар мен әлеуметтік трансферттер табысты бөлуге тікелей ықпал етеді. Н. Прасад (N. Prasad) [18] алғашқы медициналық көмек көрсететін немесе медициналық көмек көрсетудің минималды

стандартын орындайтын мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін жүзеге асыра отырып, минималды білім деңгейін алып, сумен қамту мен санитариялық инфрақұрылымға инвестиция алуы мүмкін екенін көрсетті. Демек, әлеуметтік қызмет көрсету, әлеуметтік төлемдер салық жинау арқылы тұрғындар арасындағы табысты дұрыс бөлу мәселесін шешуге болады. Әлеуметтік көмек көрсету саясатын жүргізудің қажеттілігі суретте көрсетілген (сурет 1).



Шетел ғалымдарының зерттеулері әлеуметтік көмек көрсетудің бағдарламалары экономикалық өсуге нақты бір үлес қосатынын, ресурстардың көлемінің үлкейтетінін дәлелдеп, кейінірек, әлеуметтік төлемдердің қаржыландыруды өсіре алады. Жоғарыда қарастырылған халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерін жинақтай келе, оларды былай топтауға болады: экономикалық көрсеткіштерге - табыс көлемі, шығындар, еңбекақы, салықтар, тұрғындардың табысы, субсидиялар, жалақының минималды көлемі, қаржыландыру көздері және тағы басқалар жатса, ал әлеуметтік көрсеткіштерге - әлеуметтік трансферттер, әлеуметтік көмектердегі инвестициялар, әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік преференциялар, жеңілдіктер, компенсациялар, зейнетақының минималды деңгейі және сол сияқтылар жатады. Мемлекет осы экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерді ұтымды пайдалана отырып, экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылатын әлеуметтік саясатты тиімді жүргізе алады (сурет 2).



Сурет 2 - Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің қағидалары мен көрсеткіштері

Ескерту – [20] әдебиет негізінде автор құрастырған


Сонымен, бірқатар әдебиеттерді саралай келіп әлеуметтік сала түсінігі, кез-келген ғылыми категория ретінде көпжақты екендігі айқындалды, сонымен қатар әлеуметтік саланы анықтауды бірнеше тұрғыдан қарастыруға болатындығына көз жеткізілді. Бірқатар авторлар, әлеуметтік сала экономикалық және саяси жүйелер арасындағы аралық жағдайды алады да, саясатқа жіберетін бөлім ретінде туындайды деп, әлеуметтік саланы қоғамдық қатынастардың өзіндік саласы ретінде бөліп шығаруды орынсыз деп санайды.

Біздің ойымызша, әлеуметтік сала өз бетінше, дифференциацияланған әлеуметтік субъектілердің ұдайы өндірісі үдерісінің күрделілігімен көп мәнділігінен туындайтын күрделі ұйымдастырылған тұтас жүйені көрсетеді.

Тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне кіретін әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру (әлеуметтік инфрақұрылым салаларын қоса алғанда) мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігін құрайды. Еңбекті ұйымдастырудың халықаралық ұйымы сол институттардың эволюциялық нәтижесін былай сипаттады: «Әлеуметтік сақтандыру жүйелерін құру, оларды келешекте дамыту және әлеуметтік қамсыздандырудың жан-жақты жүйесіне айналдыру, сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсетудің әмбебап жүйесін қалыптастыру – жиырмасыншы ғасырдың әлеуметтік дамуының негізгі сипаты осындай».

Басқаша айтқанда, әлеуметтік көмек көрсету – мемлекеттің тұрғындарға кепілді минималды өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге байланысты қатынастар жүйесі, олар жұмыс күшін қалыпты ұдайы өндіру үшін және жұмысбастыларға жанұяның басқа мүшелерін жұмыспен қамтамасыз етуге, жұмысбастылықтан айырылғандарға бұрынғы өмір сүру қалпын сақтап қалуы үшін қажет [19].

Сонымен қатар әлеуметтік көмек көрсетуді әлеуметтік мемлекет және ресми әлеуметтік саясаттың критерийлеріне сәйкес елдің өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну саласындағы жұмысқа қабілеті бар және жұмысқа қабілеті жоқ тұрғындарының әлеуметтік тәуекелін төмендететін, жоятын және алдын-алатын институттар жүйесі ретінде қарастыруға болады. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесі әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қызмет көрсетуден тұратын әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерінен құралатындығын атап өткен болатынбыз (сурет 3).



Сурет 3 – Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің құрылымы

Ескерту –[20] әдебиет негізінде автор құрастырған

Әлеуметтік сақтандыру жүйелері индивидумдарға жұмысқа қабілетті жаста сақтандыру қорларында белгілі бір құралдарды жинақтау және тәуекелді жағдайда (жұмыссыздық, жұмысқа қабілеттілігінен айырылу, асыраушыдан

айырылу, жүктілік пен бала туу, бала күтімі бойынша демалыс) қайта бөлу жолымен тұтыну көлемінің төмендеуінің тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік көмек жүйелері тәуекелді төмендету механизмдерін туындайды, олар мемлекетке кедей және жұмысқа қабілеті жоқ азаматтар үшін төменгі табыс салдарын азайтуға мүмкіндік береді.

Көбіне, әлеуметтік көмек ақшалай немес заттай түрінде беріледі. Ақшалай түрде зейнетақы, әлеуметтік және арнайы жәрдемақылар, мемлекеттік мекен-жайлы көмек материалды көмек, аз қамтылған балалары бар жанұялар үшін жәрдемақылар, жеңілдігі бар көлікпен жүруді қаржыландыру, медициналық қызмет көрсетулер жатады. Ал заттай жәрдемақыларды ақысыз емделу, мүгедектерге қондырғылар сатып алу (арбалар, құрал- жабдықтар және т.б.) құрайды.

Әлеуметтік қызмет көрсету тұрғындардың мақсатты топтарына (мүгедек және қарттарға) жеңілдігі бар ақысыз қызметтерді көрсетеді: үйде қызмет көрсету, үй-интернаттар, уақытша паналау орындары, санаторлы курортты емдеу, психологиялық және заңды кеңес берулер, психологиялық және педагогикалық қызметтер және т.б.

Әлеуметтік қызмет те, жәрдем ақы да әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің өзара толықтырушы элементтері болып саналатындықтан, әлеуметтік қызмет көрсетуді әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмектен бөлек қарастыруға болмайды.

## **1.2 Мемлекеттің аймақ тұрғындарына әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің қалыптасу кезеңдері мен ғылыми-әдістемелік негіздері**

Дамыған елдердің әлеуметтік саясатында әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қалыптасуының төрт кезеңін бөліп көрсетуге болады.

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін институционализациялау кезеңіне дейін, заңдарды қабылдап, сәйкес ұйымдардың қызмет етуіне дейін еуропалық елдер әлеуметтік көмек көрсетудің жекеленген элементтерін енгізді.

Әлеуметтік сақтандыру бірқатар елдерде 16-17 ғғ. аралығында жұмыс берушілермен артықшылығы бар жұмыскерлер арасында компромисс ретінде пайда болды. Сол актіге келешекте мемлекет те қосылды, алғашқыда арбитр ролінде, кейіннен белгіленген жұмыскерлер мен олардың жанұяларына қатысты денсаулық пен табыстар үшін тәуекелді төмендету үшін екі жақтың алған міндеттерінің кепілі ретінде қарастырылған.

**Алғашқы кезеңде** жұмыс істеушілердің бірқатар категориялары үшін зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі пайда болды. Францияда 1681 жылдан бастап бұл жүйе жүзушілерге арналып еңгізілді, ал жүз жылдан кейін зейнетақы жүйесі мемлекеттік қызметкерлер үшін де өңделді. 1831 жылдан бастап зейнетақыны әскери қызметкерлерде ала бастады.

«Монте Дей Паски ди Сиена» италяндық банкінің қызметкерлеріне арналған зейнетақы жүйесі Италияда 1779 жылдан бастап қызмет ете бастады.

Сол жылдан бастап жалданбалы қызметкерлерді өндірістегі қауіпті жағдайлардан ерікті сақтандыру туралы заң қабылданды [20].

Басқа дамыған елдерде ұқсас шаралар 20 ғасырдың басында жүзеге асырыла бастады. Сол кезеңде әлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізгі сипаттары келесілер болды:

- осы қызметті пайдалануға мүмкіндігі бар жұмыскерлердің шектелген контингенті;

- белсенді еңбек кезінде алынатын сыйақымен салыстырғанда жәрдемақының көлемінің аздығы;

- жұмыс берушілердің аз шеңбері тарапынан өз бетімен қаржыландыруы [21].

Бірінші кезеңнің мақсатын жұмыс берушілердің жекеленген топтары мен жұмыскерлер арасында еңбекшілердің неғұрлым тәуекелдерін (өндірістегі қатерлі жағдайлар мен зейнеткер жасқа толуы) сақтандыру сұрақтары бойынша компромиске жету ретінде атап көрсетуге болады.

**Екінші кезеңді** тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің институционализациясы ретінде белгілеуге болады, ол Лоренц фон Штайнның мемлекеттің жаңа қызметін концептуалды жалпылауынан және Германияда азаматтарды әлеуметтік көмек көрсету туралы таңдардың пайда болуынан басталды.

«Әлеуметтік мемлекет» түсінігін Лоренц фон Штайн 1850 жылы енгізді. «Әлеуметтік мемлекет» түсінігін анықтай отырып мемлекеттің жаңа қызметтерін анықтайтын бірқатар жағдайлар ұсынды. Ол мемлекет міндетін келесідей белгіледі «мемлекет өз билігі көмегімен әр түрлі қоғамдық топтар, жеке тұлға үшін үшін құқықтарда абсолютті теңдікті демеп тұруы қажет. Мемлекет өзінің барлық азаматтары үшін экономикалық және әлеуметтік прогрессті итермелеуі керек, себебі біреуінің дамуы екіншісінің дамуына жағдайлар туғызады, әлеуметтік мемлекет туралы осы мағынада айтылады [22].

Азаматтарды әлеуметтік көмек көрсету туралы алғашқы заңдар Германияда 1883-1889 жж. өңделді. Ол канцлер Бисмарк арқасында іске асырылды, ол мемлекет бақылауымен жұмыскерлер, қызметкерлер және жұмыс берушілер жарнасына негізделген әлеуметтік қор қаражаты есебінен еңбек үстінде жарақат алу, ауру, мүгедектік, қартаю себебінен еңбек ақыдағы жоғалтулардың орнын толтырудың неміс жүйесінің негізін қалады [23].

Бір жағынан Бисмарк реформасы жалданбалы жұмыскерлердің жаппай әлеуметтік қамсызбанбауының кезеңін аяқтады, бірақ бұл реформаның ерекшелігі оның процедуралары мен сақтандыру жағдайларының үлкен дифференциациясында белгіленді.

Осы күнге дейін жеке-жеке жұмыскер, қызметкер, фермер және еңбек етушілердің басқа маманды топтары үшін Германияда әлеуметтік сақтандырудың көптеген салалық кестелері қалыптасқан. Осы ретте, Бисмарктік әлеуметтік сақтандыру жүйесін әр түрлі әлеуметтік қорларды пайдаланып орталықсыздандырылған «маманды» басқару әдісі деп атайды.

Өз дамуының осы кезеңінде әлеуметтік сақтандыру жүйесі жұмыскерлердің өз бетімен ал жұмыс берушілердің еріксіз төленетін жарналары негізінде аз тәуекелді тобын қамтыды. Сақтандырудың бұндай жүйелері өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі ақтау негізінде құрылды, ал мемлекет қол қойылған келісімдердің кепілі терінде туындады, бірақ жүйенің жұмысын қаржыландырмады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің даму қағидасы: ерікті қатысу және жәрдемақыны еңбектің жарнасына қарай төлеу либерализм концепциясының негізінде жатыр, ол Ф.Хайек, В.Ойкен сияқты экономистер және мемлекеттік қызметкер Л.Эрхард сияқты ғалымдардың позициясында құрылды [24].

Теориялық тұжырым ретінде өңделіп іс жүзінде Германиямен жүзеге асырылған әлеуметтік нарықтық шаруашылық моделі өз мәні бойынша неолибералистік тұжырымды туындады [25]. Модельдің теоретикалық базасы Вальтер Ойкен басқарған Фрайбург мектебінің экономистерінің ордолиберализм тұжырымы болып табылады (тура мағынада «еркіндік тәртібі»). «Әлеуметтік нарықтық шаруашылық» түсінігінің анықтамасы мен негізін Альфред Мюллер-Армак деталды қарастырады, ал оның соғыстан кейінгі Германияда іс жүзінде қолданыс табуы Федеративті Германияның халық шаруашылығының министрі (келешекте канцлер) Людвиг Эрхард атымен байланысты [26].

Екінші кезеңнің мақсаты азаматтарды тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйесімен қамту ауқымын кеңейту болып табылады.

**Үшінші кезең** үшін маңызды жағдай 1942 жылы жарық көрген У.Бевериджтің әлеуметтік қамсыздандырудың қағидалары мен әдістер туралы баяндамасы болды, ол мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің институттарының дамуына әсер етті. Оның өндеген жүйесінің негізгі қағидасы еңбек ақыдан айырылған барлық тұлғалар үшін орнын толтыру болып табылады, ол әлеуметтік көмек көрсетуға теңеледі.

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі, оның ойы бойынша, еңбек ақыны жоғалтудың салдарынан мұқтаж адамдардың барлығына қол жетерлік болуы керек, соның ішінде жасы келген және мүгедектік алған жандар.

Осы жағдай әлеуметтік көмек көрсету жүйесін «орталықтандырылған мемлекеттік басқару әдісі және ортақ мемлекеттік әлеуметтік қоры бар әмбебап» ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Осы кезеңде ХЕҰ конвенциясы мен ұсыныстары еңбекшілерді әлеуметтік сақтандыру жүйесін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен толықтыруға мүмкіндік береді, олар тұрғындардың басым бөлігіне көптеген әлеуметтік тәуекелден қауіпсіздендіруге мүмкіндік береді [27].

Үшінші кезеңде дамыған елдерде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі қамту кеңдігімен және тәуекелдің орнын толтырудың жоғары деңгейімен сипатталады. Бірақ әлеуметтік көмек көрсетудің әлемдік тәжірибенің мәнді өзгерісі мемлекет рөлінің өзгеруі болды. Ол толығымен мемлекеттік бюджеттегі салықтық түсімдерден әлеуметтік қамсыздандырудың үш бабын қаржыландыру бойынша міндеттерді алды. Ол ең алдымен мүгедектікпен байланысты және қарт жастағы



адамдарғы қалыпты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етумен байланысты [28].

Қазіргі әлеуметтік көмек көрсету институттарының қалыптасуына ХЕҰ 1952 жылы қабылданған №102 «Әлеуметтік қамсыздандырудың минималды нормалар туралы» Конвенциясы әсер етті. Осы Конвенцияға сәйкес әлеуметтік қамсыздандырудың барлық салалары 9 топқа бөлінеді. Осы Конвенция барлық 9 топ үшін мерзімді төлемдердің минималды көлемін анықтайды. №102 Конвенциясы ХЕҰ басқа да ұсыныстарымен әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандырудың барлық жүйесін қайта құруға нормативті базасын құрды.

Осы жағдайлар мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігі ретіндегі әмбебап әлеуметтік көмек көрсету жүйесі үшін мықты негіздің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа типі өз мәні бойынша ел үшін азаматтарды базалық демеуді білдірді, әлеуметтік жарналарына немесе еңбек стажының ұзақтығына сәйкесінше жүйеге салған еңбек жарналарына тәуелсіз. Соңғы факторлар негізгі минимумнан артық жекеленген жәрдемақыларды, мысалы жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, асыраушыдан айырылу бойынша жәрдемақы және т.б. сияқтыларды анықтау кезінде маңызды роль ойнайды.

Сонымен қатар, осы кезеңнің басты сипаты, жүйе аясындағы игілік алушылардың контингентін кеңейту болып табылады. Соның арқасында Еуропаның барлық халқы медициналық қызмет көрсетуге және мектептік білімге қол жеткізді [29].

Үшінші кезеңнің мақсаты нарықтық экономикадағы орны толтырлуы тиіс тәуекелдер тізімін көбейту, соның ішінде мемлекеттік қаражат есебінен.

Әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттік жүйелері осы кезеңде қоғамдық өнімді қайта бөлудегі басты құралға айналды, себебі мемлекеттік бюджет немесе мемлекеттік қорларға ақшалай түсімдер, сонымен қатар жәрдемақыларды төлеу мемлекет тарапынан жүргізіледі. Сондықтан әлеуметтік көмек көрсетудің дамыған мемлекеттік жүйесін пайдаланатын ел «әлеуметтік ел» атына ие болды.

Төртінші кезеңге көшу кезеңінде адамдық капитал теориясын және адамдық даму мүмкіндігінің теңдігінің әлеуметтілігінің тұжырымдамасын қоғамдық мойындау орын алды.

Т.Шульц, Г.Беккер, Дж. Минцер, Л.Туроу және олардың соңынан ерушілердің еңбектерінде зерттелген адамдық капитал теориясы жеке тұлғаның және соңғы есепте ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әлеумет деңгейі үшін жалпы және арнайы білімнің, біліктілік дағдының және өкілеттіліктің мәніне негіз берді [30].

Азаматтардың жеке қаражаты зейнетақыны, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде мәнді [31].

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің дамуында ортақ тренд байқауға болады, ол ХЕҰ және бірқатар экономикалық теориялардың қоғамдық мойындалуымен және олардың дамыған елдердің саяси қызметіне енгізілуімен

байланысты. Дегенмен, әр түрлі елдердің институттарында айырмашылықтар бар, себебі жүйелер бастапқы институционалды шеңберін және қызмет ету механизмдерін сақтап қалады.

ЖЭӘД елдерінде әлеуметтік көмек көрсету жүйелерінің қазіргі үш типі ел тұрғындарын қамту ауқымы, жүйені басқару әдісі, қаржыландыру көздері, әлеуметтік жәрдемақыларды есептеу процедурасы, тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету нысаны, қоғам алдындағы жауапкершілігі бойынша ерекшеленеді (кесте 1). Әлемдік экономикалық әдебиеттерде басқа да жіктеулер пайдаланылады.

Кесте 1 - ЖЭӘД елдерінде әлеуметтік көмек көрсету жүйелерінің негізгі типтері және олардың сипаттары

Жүйелердің негізгі сипаттары	Беверидж жүйесі	Бисмарк жүйесі	Аралас жүйе
Әлеуметтік көмек көрсету типі	Әмбебап	Әлеуметтік - мамандырылған	Жалпы сипаттағы әлеуметтік көмек көрсету
Басқару әдістері	Мемлекеттік-орталықтандырылған	Жеке қорлар арқылы орталықсыздандырылған	Мемлекет бақылауындағы орталықсыздандырылған
Қаржыландыру көздері	Салықтар есебінен	Сақтандыру жарналары есебінен	Жартылай салықтар есебінен, жартылай жарналар есебінен
Жәрдемақы көлемі	Ортақ	Алатын еңбекақыға сәйкес, есептеу шекарасын белгілеу арқылы	Әлеуметтік минимумға белгілі бір қатынаста
Жүйе басым елдер	Ұлы Британия, Дания, Ирландия, Финляндия, Швеция, Норвегия	Австрия, Бельгия, Германия, Люксембург, Нидерланды	Греция, Испания, Италия, Португалия, Франция
Ескерту - [32] әдебиет негізінде автор құрастырған			

1995 жылы Еуропалық комиссия ұсынған есепке сәйкес ЕО елдерінде төрт негізгі модель басым: континенталды (Германия, Австрия, Бенилюкс, Франция), англосаксондық (Ұлы Британия, Ирландия), скандинавтық (Швеция, Дания, Финляндия) және оңтүстік-еуропалық (Италия, Испания, Греция және Португалия) [32].

Қазақстанда Қазан төңкерісіне дейін әлеуметтік көмек көрсету туралы қандай да бір заңдар, тіпті «халыққа әлеуметтік көмек көрсету» түсінігінің өзі де болмаған. Әдетте қарт адамдар балаларының асырауында болған. Дәстүр бойынша балалардың кенжесі ата-анасымен өмірінің ақырына дейін тұратын болған. Жалғыз басты, сырқат, қауқарсыз адамдар әдетте білгілі бір туыстарының қолында болып, ондай туыстары болмаған жағдайда өз руластарының асырауында болған [33]. Бұған қатысты қазақ ойшылы әрі

ағартушысы Абайдың бастамасы бойынша 1885 жылы мамыр айында өткен Шар төтенше билер съезінің материалдарын қарастыруға болады. Бұл материалдарда жалғыз басты және қария адамдарға материалдық қамқорлық көрсету қажеттілігі жайды ой нақты көрініс табады [34]. Зейнетақылар туралы алғашқы заң 1918-1922 жылдары В.И. Лениннің жетекшілігімен қабылданды. Бұл заңға сәйкес мүгедектік бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнетақылар енгізілді.

Әлеуметтік қамтамасыз етудің бұл үлгісі нарықтық қатынастарға ауысу кезеңінде реформаландыруды қажет ететін. ХХ ғасырдың 90-шы жылдарындағы экономикалық құлдырау қазақстандық халықты әлеуметтік көмек көрсету үлгісінің тарату жүйесінің дағдарысқа ұшыраған ахуалын онсыз да шиеленістіре түсті. Инфляция мен жұмыссыздықтың артуы, өндірістің құлдырауы жұмыс істейтін халықтың санының күрт азаюына әкеп соқтырды, ал бұл қарт адамдардың санының артуымен қатар, бір ұрпақтан (жұмыс істейтін) келесі ұрпаққа (жұмыс істемейтін) капитал ағымының күрт қысқаруын білдіретін. Жұмыс істейтіндер мен зейнеткерлердің санына қатысты тепе-теңдіктің бұзылуы Қазақстанның Зейнетақы қорындағы қаражат тапшылығының артуына, демек сәйкесінше, республикалық бюджеттің осы тапшылықты жабуға кететін шығындарының артуына әкеп соқтырды [35].

Сонымен қатар, реформаландыру барысында жеткілікті шамада материалдық қамтамасыз етуге септігін тигізетін халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгісін құру қажеттілігі туындады. Осылайша төменде қарастырылған халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің қазақстандық үлгісі құрылған болатын. Әлеуметтік қамтамасыз ету механизмін құру біздің елімізде халықаралық тәжірибені ескере келе жүзеге асырылды және БҰҰ, ХЕҰ, Дүниежүзілік банк және т.б. секілді халықаралық институттардың техникалық көмегі мен ұсыныстарына негізделді.

Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды енгізу, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ауысу, натуралдық жеңілдіктерді монетизациялау, еңбекақы төлеу жүйесін реформаландыру, еңбек қатынастарының жаңа үлгілеріне ауысу және әлеуметтік әріптестікті дамыту, бағытталған әлеуметтік көмекті ендіру мемлекеттік тарапынан қатысудың дәрежесі жоғары әлеуметтік қамтамасыз етудің аралас үлгісінің құрылуына әкелді.

Трансформация кезеңінде болған объективті қиындықтар мен шығындарға қарамастан, еліміз салыстырмалы түрде қысқа уақыттың аралығында нарықтық шаруашылық жүргізу принциптеріне барабар мемлекет тарапынан тиімді реттелетін тепе-теңдестірілген әлеуметтік жүйені қалыптастыра алды. Республика 1998 жылдың 1 қаңтарында «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңды қабылдап, посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып зейнетақымен қамтамасыз етудің мемлекеттік «ортақ» жүйесінен жинақтаушы жүйеге көшті.

**Мемлекет** әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қалыптастыру үшін құқықтық реттеу, қаржы- несиелік, экономикалық сияқты **реттеу әдістерін** қолданып келеді. Ал мемлекеттің әлеуметтік саясатты жүргізу тетіктері ретінде

әлеуметтік кепілдік, әлеуметтік стандарттар, минималды тұтыну бюджеті, өмір сүру минимумы және тағы басқаларды қолданады. Олардың көмегімен халықтың өмір сүру деңгейіне баға беріліп, табыстар реттеледі және әлеуметтік төлемдер белгіленеді. Өмір сүру минимумы экономиканың белгілі деңгейінде адамның денсаулығын сақтау мен қызметке қабілетін қамтамасыз ету үшін қажет. Оның құрамына ғылыми тұрғыда анықталған азық-түлік, өндірістік тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны және салықтар мен міндетті төлемдер кіреді. Минималды өмір сүру минимумын анықтау үшін тұтыну қоржыны қолданылады.

Мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне халықтың кедейшілікке ұшыраған тобына, аурулар, мүгедектер, қарттар, көп балалы отбасыларға мемлекет тарапынан әлеуметтік көмекті қажет ету жүйесін қалыптасыру. Бұл топтар мемлекеттен өмірге қажетті минималды игіліктермен қамтамасыз етілуі тиіс. Ол үшін түрлі мақсаттағы қорлар, арнайы көмектер, тегін мемлекеттік мектептер, тегін медициналық көмек көрсету бойынша түрлі жеңілдіктер алуға міндетті. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиясы табиғи, әлеуметтік-экономикалық және т.б. аумақтық факторлары толықтай ескеріп, оларды мемлекеттік саясаттың барлық бағыттарында нақтылағанда ғана ғылыми тұрғыдан негізделіп, жүзеге асу мүмкіндігі жоғары болады. Елімізде қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларының біркелкі болмауы мемлекет тарапынан жүргізілетін *аймақтық саясатты* жүргізуде орын алған олқылықтар мен кемшіліктерде болып отыр. Сондықтан да мемлекеттің аймақтық саясатының мақсаттары мен міндеттері, жүзеге асыру механизмдері мен аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу тетіктері дұрыс анықталуы тиіс. Аймақтар дамуындағы қазіргі қалыптасып отырған жағдайды саралау және соған орай аймақтық саясаттың бағыттарын айқындау өзекті мәселе қатарына жатады.

Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық тұрғыда шешімін таппаған әр түрлі аумақтарды қамтиды. Қазақстан аймақтарының мәселерімен айналысатын авторлардың пайымдауынша мамандандырылу қағидасына қарай республика аймақтарын төрт топқа бөлуге болады: шаруашылықтарының құрылымы экспортқа бағытталған, индустриялық дамыған, агроөнеркәсіптік, дағдарыстық.

Бірінші топ – стратегиялық сипаттағы минералды ресурстардың айтарлықтай қорларын иеленетін және ғылыми-өндірістік әлеуетінің қарқынды дамуына жеткілікті мүмкіндігі бар, бірақ ауылдық аумақтарының экономикалық-әлеуметтік артта қалуымен, экологиялық жағдайларының артта қалуымен ерекшеленетін аймақтар. Осы аймақтарда төмендегідей мәселелер шешілуі тиіс:

- минералдық шикізат және көмірсутек шикізаттарын кешенді өндірумен өңдеудің жаңа технологияларын енгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бай жерлерді интенсивті игеру;

- отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық ахуалды анықтайтын және әлемдік стандартқа жауап беретін жоғары дамыған

өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды құру;

- ауылдық аумақтарының дамуындағы «жинақталған» күрделі мәселелерді (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, т.б.) шешу.

Екінші топқа - ауыр индустрия салаларына нақты маманданған, жоғары технологиялық ғылыми жетістіктер қажетсінетін өндіріс құру үшін қолайлы экономикалық жағдайлары және жоғары ғылыми-өндірістік әлеуеті бар, қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын аймақтар жатады.

Бұл аймақтарды дамыту бағыттарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- шетел инвестицияларын тарту жолымен экспорттық әлеуетті қалыптастыру;

- жаңа ғылымды қажетсінетін өнімдер шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологиялар негізінде құрал-жабдықтар мен машиналар, электроника құралдары, автомобиль құрылысы жаңа материалдар, лазер технологиясын дамыту;

- нарықтық инфрақұрылымды дамытуды жеделдету.

Үшінші топ- ауыл шаруашылығына маманданған агроөнеркәсіптік кешенді аймақтар. Бұл топтағы аймақтар үшін халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауыл шаруашылығы мен оған сабақтаса дамитын салаларда шағын және орта бизнесті дамыту қажет.

Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыру үшін келесідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс:

- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін тиімді мамандандыруды жүзеге асыру;

- ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалылығын және экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз ететіндей өндірістік үрдістерге жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану;

- тұтыну нарығын тепе-тең түрде дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базасын нығайту, міндетті түрде өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру.

Төртінші топқа- қысылтаяң табиғи-климаттық, әлеуметтік — экономикалық және техника-технологиялық жағдайдағы, шаруашылықтың салалық құрылымы ұтымды емес дағдарыстық аймақтар, сонымен қатар экологиялық дағдарысқа ұшыраған аудандар жатады. Бұл аймақтарда жинақталған мәселелерден «арылу» үшін мемлекеттік реттеудің нақты шаралары қажет. Сонымен бірге осы топтағы аймақтардың дамуы үшін шешілуі тиіс мәселелер келесідей:

- экологиялық дағдарыстың тереңдеу үрдісінің алдын алу;

- осы аймақтарда тұратын халықтардың өмір сүру сапасын және деңгейін көтеру үшін материалдық негіз құру жөнінде нақты шаралар қабылдау;

- қоршаған табиғи ортасы адамдардың денсаулығына өте қауіпті ауылдық аймақтардан, кіші және шағын қалалардан және басқада тұрғылықты жерлерден республикамыздың басқа аймақтарына орын ауыстырғысы келетін

халықтар үшін қажет жағдайлар жасау;

- шетелдік техникалық және гуманитарлық көмектерді тарту және оларды тиімді пайдалану.

Аймақтағы дағдарыстың нақты белгілеріне өндіріс қарқынының төмендеуі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі (жан басына шаққандағы табыстың төмендігі), жұмысбастылыққа қатысты жағымсыз тенденциялардың етек алуы (жұмыссыздықтың жоғары деңгейі), демографиялық, экологиялық, әлеуметтік қызыметтер көрсету саласындағы мәселелердің күшеюі және тағы басқалар жатады. Мемлекеттегі әрбір аймақ өзімен-өзі жеке дами алмайды, өйткені басқа аймақтардың дамуына зиянын тигізбес үшін оның ерекшеліктері де ескерілуі керек. Сондықтан да экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесіндегі аймақтық саясаттың маңызы ерекше. Мемлекет әрбір аймақ үшін бағдарлама дайындап, сол бойынша әрбір аймақ өзінің даму бағытын жүзеге асырады. Мемлекет аймақтық саясатты қалыптастыру республика аумақтары бойынша ерекшеліктерін ескереді:

- еліміз аймақтарының табиғи — климаттық жағдайының айырмашылығы;

- аймақтың өнімділігін анықтайтын табиғи ресурстарды пайдалану бағыты, саласы және ауқымы. Бұл тек ауылшаруашылық, пайдалы қазбаларды игеру ғана емес, өнеркәсіпті орналастыру жағдайына және халықтың өмір сүру жағдайын ұйымдастыруға да әсер етеді;

- аймақтың орналасуының «күрделі» жағдайы, соның әсерінен шығындар артып, бағаның өсуі байқалады. Бұл аймақтың көлік және байланс қызметтерінің дұрыс дамымауына, оның экономикалық дамуына ықпал етеді;

- инновация енгізу жағынан артта қалуы, өндірістің ескі құрылымы;

- елдің экономикалық даму тенденциясы;

- тауар өндірісіне әсер ететін технологиялық даму сатысы;

- институционалдық факторлар: жалпы және аймақтық саясаттың нысандары, саяси жағдайды, аймақтың даму тарихы т.б.;

- орналастырудың физикалық факторлары: аэропорт, көлік жүйесі, өндірістік алаңдардың бар болуы немесе жоқ болуы, байланыс жүйелерімен қамтамасыз етілуі, өндірістік инфроқұрылым;

- әлеуметтік мәдени факторлар. Урбанизация деңгейі, халықтың білім деңгейі, ғылыми орталықтардың бар болуы және т.б.;

- орталықпен жүргізілетін макроэкономикалық саясатта аймақтық ерекшеліктердің есепке алынбауы;

- орталық пен аймақтар арасындағы өкілеттіліктер мен міндеттерді жіктеу үрдісінің толықтай аяқталмауы.

Қазақстан үшін аймақтық даму мақсаттары ретінде төмендегілерді атауға болады:

1. Әрбір аймақтағы халықтың тұрмыс-жағдайының деңгейін теңестіру.

2. Дағдарыстық аймақтарды құрлымдық қайта құру. Бірінші мақсаттан айырмашылығы теңестіру саясаты жалпы барлық мемлекет үшін жүргізілетіндігімен ерекшеленеді. Дағдарыстық аймақтарды құрлымдық қайта құру тек ірі, жалпы мемлекеттік бағдарлама көмегімен жүзеге асырылады,

кейбір аймақтарда аталмыш міндетті орындау үшін қажет ресурстардың жетіспеушілігі болады. Мемлекеттің негізгі функциясы, артта қалған аумақтарды даму деңгейі жоғары аймақтардың қатарына жеткізу, бірақ мұндай жағдайлар халыққа өз зардабын тигізбеуі тиіс.

3. Аймақтардың кешенді дамуын жеке аймақтық мақсаттармен ұштастыру.

4. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

Қазақстанның әр аймағы экономикалық дамудың жаңа сатыларында әлеуметтік тығырықтан шығып, өндірістік индустрияны жаңғыртудың жаңа үлгілерін қалыптастыруға талпыныс жасап келеді. Республикалық көлемде маңызды стратегиялық мақсаттардың біріне аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару мәселелерін қайта қарастыру қажеттігі және онда шаруашылық жүргізудің жаңа қағидаларын анықтау жатады. Олардың бастысына келесілер жатады:

- шығын мен табыстың арасалмағы, экономикалық қызмет нәтижесінде алынған табыстар есебінен шығындардың өтелуі;

- табыстардың шығындардан артуы (өзін-өзі қаржыландыруды қамтамасыз ету);

- шаруашылық қызмет нәтижелеріне материалды және моральды жауапкершілік;

- аумақ деңгейінде алынған табыстар есебінен әлеуметтік және аймақ ішілік мәселелерді шешу.

Экономикалық және әлеуметтік құраушыларды тепе-теңдікте дамыта отырып, аймақ дамуындағы әр түрлі бағыттағы олқылықтардың орнын толықтыруға және халықтың тұрмыс жағдайының деңгейін көтеруге болады, бұл түптеп келгенде, мемлекеттің аймақтық саясатының табысты жүргізілуін анықтайтын негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Кесте 2 - Қазақстандағы аймақтардың қысқаша сипаттамасы


Қазақстан аймақтары	Аумағы,мың шаршы шақырым	Сипаттамасы
1	2	3
Орталық Қазақстан	398,8	Құрылыс индустриясының, қара және түсті металлургияның, химия өнеркәсібінің және көмір өнеркәсібінің өндірістік-өнеркәсіптік орталықтары
Шығыс Қазақстан	277	Түсті металлургия, электроэнергетика, химия және ағаш өңдеу өнеркәсібі
Солтүстік Қазақстан	600,9	Жылу-энергетика, кен өндіру салалары, алюминий және ферроқорытпа өндірісі, агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі

2 – кестенің жалғасы

1	2	3
---	---	---

Батыс Қазақстан	728,5	Мұнай және газдың бай кен орындары, хромит, марганец, никель, фосфорит, ферроқорытпа, минералды тыңайтқыштар, мұнай-газ химиясы, балық өнеркәсібі
Оңтүстік Қазақстан	712,2	Бақшагерлік, жүзім, мақта, қант қызылшасы, күріш шаруашылықтары, Фосфорит, фосфорлы тыңайтқыштар, тұз өндірудің әлемдегі ірі кешендері
Ескерту – [41] әдебиет негізінде автор құрастырған		

Ұзақ мерзімді экономикалық саясатқа өту – бұл аймақтық басқару органдарының әрқайсысы белгілі бір міндеттер мен мәселелерді шешетін өзара байланысты құжаттар жүйесін дайындауды қарастырады. Аймақтардың дамуы және аймақтар байланысы келесі суретте көрсетілген (сурет 4).



Сурет 4 - Аймақтық даму және олардың байланысы

Ескерту – [42] әдебиет негізінде автор құрастырған

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің қазақстандық үлгісі келесі деңгейлер бойынша жүзеге асырылады [42]:

1. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қалыптасуы республикалық және аймақтық деңгейлерді және түрлі әлеуметтік топтар мен тұрғындардың категорияларының деңгейін қамтиды. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің макродеңгейдегі негізі – тіршілікпен қамтамасыз етудің негізгі жүйелерінің қызметін қамтамасыз ету және минималды өмір стандартын ұстану.

2. Аймақтық деңгейдегі халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жүзеге асыру механизмі оның әрі қарай дамуы мен аумақтық ерекшеліктерді ескере



отырып нақтылануын қажет етеді.

Мемлекеттің аймақтардағы тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің жүзеге асырылуы аймақтық саясат шеңберінде мемлекеттік басқару органдарының қызметінің маңызды бағыттылығымен байланысты болуы тиіс. Аймақтық саясат бұл - аймақтың, жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында көзделген мақсаттарға жету үшін мемлекеттік басқару органдарының қоғамның территориялық құрылымдарына қағидалар, басым бағыттар, әдістер және іс-шаралар арқылы әсер етуі. Ол әлеуметтік – экономикалық өзгеріссіз табиғи және өндірістік базаның тұрақты жағдайдағы кезеңін қамтиды. Экономикалық саясат (негізгі бағыттар) – концепцияда жасалған бағыттарды нақтылайтын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді іс – шаралар жүйесін, негізгі ресурстар мен оларды тиімді қолдану есебін және әлеуметтік нәтижелерді қамтиды. Әлеуметтік – экономикалық саясаттың негізгі бөлігі болып табылатын экономикалық саясат 10-15 жылға дайындалады.

Аймақ экономикасы дамуының басты бағытына тартылған ресурстарды тиімді қолдану шарттарын, мүмкіншіліктерін, көлемін, ресурстарды тарту көздерін, тауарлы нарықты дамытуды және дайындалатын экономикалық саясатты жүзеге асыру нәтижесінде халық шаруашылығының тиімділігін жоғарылату мүмкіншіліктерін қамтиды.

Әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық аспектісін қарастырғанда аймақтардың келесі түрлерін бөліп көрсету қажет:

- 1) жеткілікті түрле қаржымен қамтамасыз етілмейтін, экономикалық және әлеуметтік әлеуеті төмен;
- 2) жұмыссыздық деңгейі жоғары;
- 3) жоғары экологиялық қауіп-қатер аймағына жататын;
- 4) ауылдық тұрғындарының саны басым.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйесінің механизмі өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған: әлеуметтік тұрғыда кепілдендірілген табыс минимумын қамтамасыз ету; жаппай жұмыссыздықты болдырмау; әлеуметтік әлсіз топтардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету, аймақтық инфрақұрылымды дамыту, халықты экологиялық көмек көрсету. Әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйесі аумақ бойынша мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктердің жүзеге асырылуын, қосымша әлеуметтік көмек көрсету нысандары мен әдістерін әзірлеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ халыққа әлеуметтік қолдау көрсетудің жеке аймақтық қорларын қалыптастырады.

3. Түрлі әлеуметтік топтар мен категориялардың деңгейінде жүзеге асырылатын әлеуметтік көмек көрсету механизмі, біріншіден, халықтың тіршілігін қамтамасыз етудің негізгі салаларының қызметін қамтамасыз ете отырып, барлық тұрғындарды; екіншіден, азаматтардың еңбек және жұмыспен қамту саласындағы құқықтарын жүзеге асыра отырып, еңбекке қабілетті тұрғындарды; үшіншіден, өзінің экономикалық жағдайына байланысты өзіне тұтынудың қажетті деңгейін қамтамасыз ете алмайтындарға қолдау және көмек көрсете келіп, әлеуметтік әлсіз топтарды көмек көрсету және қолдауды

қамтамасыз етеді.

Қажетті өнімді бөлудің объективті сипаты оны анықтаудың тәртібін заңнамалық тұрғыда бекітуді талап етеді. Бұл қажеттілік қоғамның әлеуметтік жіктелуінің артуына байланысты одан әрі халықтың басым көпшілігінің тіршілік деңгейі төмендейтін нарықтық экономиканың орнығу жағдайында туындайды. Мұндай жағдайда қоғамның дамуының аса маңызды алғышарты - әлеуметтік қатынастардың негізгі қатысушыларының әлеуметтік-экономикалық теңсіздігінің орнын толтыратын шарттарды құру және адамның минималды өмір стандартына деген әлеуметтік-экономикалық құқығын қамтамасыз ету.

Республикада шектеулі жалпыға ортақтық қағидасына негізделген жүйе болмаған, яғни жүйеге қосатын жарнасына тәуелді тәуекелді жағдайға тап болған жұмыс істейтін азаматтарды қосымша көмек көрсету жүйесі жоқ.

Нарықтық экономика жағдайындағы халықтың түрлі категорияларының әлеуметтік қорғалу мәселесі көбіне тек табыстардың индекстелуіне және зейнеткерлерге, мүгедектерге, балалы отбасыларға және кейбір тұрғын топтарына жәрдемақы беруіне ғана сайып қояды. Және Қазақстан Республикасы үкіметінің бағдарламасына сәйкес, әлеуметтік көмек көрсетудің нысандары болып қоғамның барлық мүшелері емес, тек олардың кейбір категориялары ғана табылуы тиіс.

Мұндай ыңғай нарық жағдайларында әрбір еңбекке қабілетті адам өзінің жеке күшімен өз отбасының жағдайын жасап, оны әлеуметтік көмек көрсетуі тиістігіне негізделеді.

Дегенмен шетелдік тәжірибе мұндай материалдық өз-өзін қамтамасыз ету жүйесі өздігінен, автономды түрле қалыптаспайтындығын көрсетеді: ол қоғамның барлық мүшелеріне қатысты белгілі бір макроэкономикалық алғышарттардың болуын талап етеді; осы алғышарттарды құру – экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің атқаратын қызметі [43].

Қолданыстағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің оның тиімді қызмет етуіне бөгет жасайтын кемшіліктері келесідей [44]:

- жетілмеген заңнама: әлеуметтік саланы реттейтін заңнама жүйесі күрделі әрі мөлдір емес, себебі негізінде әлеуметтік тәуекелдер мен төлемдердің негіздемелері бойынша емес, төлемдердің түрлері бойынша қалыптастырылған;

- әділеттіліктің жеткіліксіз болуы және ынтаның төмендігі: әлеуметтік жәрдемақыларды алу құқығын жүзеге асыру барысында салық төлемдерін жасайтын экономиканың формалды секторы қызметкерлерінің осы төлемдерді жасамайтындардың алдында басымшылығының болмауы;

- жүйенің мөлдірлігінің жеткіліксіздігі: жәрдемақыларды алу және бөлу үдерісін бақылау үшін қажетті жеке идентификациялау немесе мәліметтер базасының жүйесі орнығу сатысында тұр.

Ана мен бала денсаулығын әлеуметтік көмек көрсету мәселесіне айрықша маңыз бере келе, Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында 2008 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істейтін әйелдердің жүктілік, бала туу және ана болуын міндетті түрде әлеуметтік сақтандыруды енгізуді тапсырды. Әлеуметтік сақтандырудың осы түрлері

бойынша әлеуметтік төлемдерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан төлеу тапсырылды.

Жүктілік, бала туу және ана болуды міндетті түрде әлеуметтік сақтандыруды енгізу Халықаралық Еңбек Ұйымының ана мен баланың денсаулығын көмек көрсетуға қатысты №103 Конвенциясына сәйкес келеді, онда ана болуына байланысты демалысқа шыққан әйелге ақшалай жәрдемақыны жұмыс берушінің есебінен емес, міндетті әлеуметтік сақтандыру органдарының қаражаты есебінен беру ұсынылады [45].

Сонымен қорыта келгенде, еліміздің аймақтар экономикасының дамуының басым бағыттар қатарына сол аймақтардағы ресурстарды экономикалық тұрғыда тиімді пайдалану арқылы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру қажет. Аталған жүйенің жеткілікті түрде қаржымен қамтамасыз етілмейтін, экономикалық және әлеуметтік әлеуеті төмен, жұмыссыздық деңгейі жоғары, жоғары экологиялық қауіп-қатер аймағының, ауылдық тұрғындарының саны басым аймақтарда ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық жүйесінің механизмі әлеуметтік тұрғыда кепілдендірілген табыс минимумын қамтамасыз етуге, жаппай жұмыссыздықты болдырмауға, әлеуметтік әлсіз топтардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге, аймақтық инфрақұрылымды дамытуға, халыққа экологиялық көмек көрсетуге және тағы басқа көптеген өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жағдайда экономикалық тиімділікке алып келеді.

### **1.3 Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің шетел тәжірибесі**

Нарықтық қатынастарға көшу қоғам өмірінің барлық жақтарына өзгерістер енгізді. Өтпелі кезеңде әлеуметтік қатынастар жана әлеуметтік жүйенің қалыптасуына ықпал ететін әр түрлі факторлардың әсеріне шалдықты.

Осы ретте дамыған елдердегі тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету жүйелерін құру тәжірибесін зерттеу аса маңызды, себебі әлемдік тәжірибеде осы салада үлкен тәжірибе жинақталған.

Қоғамның эволюциялық даму үрдісінде көптеген елдерде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету өзгерістерге бейімделген, солардың нәтижесінде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетудің үш «классикалық» үлгісі қалыптасты, олардың әрқайсысы белгілі бір ерекшеліктермен сипатталады.

Әдіснамалық тұрғыдан әлеуметтік үлгілерді айқындау барысында келесі жағдайларды ескеру маңызды:

*Біріншіден*, нарықтық экономика жағдайында үкімет әлеуметтік кепілдерді кеңейту немесе өзін-өзі қамтамасыз етуді ынталандыру бойынша шараларын таңдауда, ағымдық, тез арада шешуді талап ететін мәселерді шешу мен стратегиялық келешектегі әлеуметтік әлеуеттілік арасындағы әлеуметті-экономикалық таңдау мәселесін қалай шешеді.

*Екіншіден*, әлеуметтік және экономикалық саясат арасында әлеуметтік шаралар экономиканың бейімделу мүмкіндіктеріне ықпал етпейтіндей өзара теңгерімділік қалай жүзеге асырылады.

*Үшіншіден*, әр азаматтың өндірісте жаңа қоғамның дамуына қатысу мүмкіндігі қалай қамтамасыз етіледі; оның осындай мүмкіндігі бар мүшелерінің максималды санына қалай қол жеткізуге болады, олардың белсенді қызметінің ұзақтығы қалай арттырылады; еңбекке жарамды тұрғындарға қатысты олардың еңбек және іскерлік белсенділігі үшін тиімді жағдайлар қалай қалыптастырылады.

*Төртіншіден*, халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесі экономикадағы құрылымдық өзгерістер үдерісін жеңілдетілуіне қалай ықпал етеді, ал экономикалық өсу әлеуметтік кепілдіктің дамуының жағдайына қоса тұрғындардың басым бөлігінің әлеуетінің маңызды элементі болып табылады.

Бесіншіден, әлеуметтік әділеттілік қағидасы кепілдер жүйесі қалай қалыптасады және қызмет етеді, әлеуметтік кепілдер қалай бекітіледі және жүзеге асырылады, нарықтық экономикадағы әлеуметтік қамтамасыз ету, тұрғындардың өмір сүру қалпын демеу механизмдері қандай болады [46].

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің алғашқы моделі Ұлыбритания, Австрия, Канада, Солтүстік Еуропа елдеріне тән У.Бевеверидж моделі.

Бұл модель бюджет тарапынан қаржыландыратын мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандырудың қағидаларын кеңінен пайдалануды талап етеді.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің негізін келесі қағидалар қалайды: революциялық, әлеуметтік прогресс, мемлекет пен жеке тұлғаның әріптестігі. Сонымен қатар мемлекет азаматтардың құлшынысын баспауы керек, әлеуметтік қамтамасыз ету тұрғындардың салымдары есебінен қаржыландырылады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттің жүйесінің көмегімен аурулар, қайыршылық сияқты құбылыстардың алдын алуға болады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің екінші моделі – жеке (ұжымдық) сақтандыру моделі. Бұл модель кеңінен АҚШ-та тарады, қандай да бір нысанда Латын Америка елдерінде, Португалияда және т.б. қолданыс тапты. Оның мәні келесіде, жалпыұлттық әлеуметтік сақтандырудың ортақ жалпыұлттық жүйесі жоқ, ал дамыған жеке сақтандыру жүйесі коммерциялық қызмет саласы болып табылады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үшінші моделі - О.Бисмарк моделі. Осы модель негізінде тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру еңбекшілерді табыс (еңбек ақы) деңгейінің күрт төмендеуіне байланысты көмек көрсету жатады. Ол анағұрлым Швеция және Германияда дамыған [47].

Әлеуметтік жүйенің дамуының шетелдік тәжірибесіне бірқатар ерекшеліктер тән: әлеуметтік саясаттың жалпы мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаттарындағы әлеуметтік саясаттың рөлі, мемлекет, азаматтық қоғам және кәсіпкерлік сектор арасындағы әлеуметтік қызметтердің қайта бөлінуі, қайта бөлінетін және мемлекеттік сектордагі ЖІӨ көлемімен анықталатын мемлекеттік сектор масштабы; әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері (бұл критерий әлеуметтік саясаттың мақсаттары мен құралдарындағы айырмашылықты білдіреді) [48].

Дамыған елдердің басым бөлігі тап болған 90 жылдардағы қаржылық мәселелер әлеуметтік функцияларды жүзеге асыру әдістерінде белгілі бір өзгерістер енгізді.

Бюджет тарапынан қаржыландырылатын әлеуметтік шығындары басым мемлекеттер әлеуметтік сақтандыру қағидаларын белсенді пайдаланатын болды да, ақылы мемлекеттік әлеуметтік қызметтер енгізе бастады. Келтірілген шаралар қарастырылған типтер тұрақты кестелер еместігін көрсетті, ал уақыт факторын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық өмірдің әр түрлі күйлерінде тұрақты қозғалыста және эволюциялық даму үстінде болады.

Әлеуметтік саясатты зерттеудің маңызды аспектісі әлеуметтік саламен тұрғындардың табыс деңгейін арасындағы өзара байланысты зерттеу болып табылады [49].

Іс жүзінде табыс саясаты үш типтік жағдайды пайдалану жолымен жүзеге асырылады. Бірінші типтік жағдай әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсімінің өзара баланстылығынан туындайды. Мысал ретінде Жапонияны атап өтуге болады. Жапонияда еңбек ақы жүйесі икемділігімен ерекшеленеді. Жыл сайын елде кәсіпкерлер мен жұмыскерлер мүддесін қорғайтын кәсіподақтар арасында еңбек ақыны арттыру бойынша келіссөздер сериясы өтеді. Қол жеткізілген жалпыұлттық келіссөз негізінде, фирма қызметінің экономикалық көрсеткіштерін есепке ала отырып фирмалар өз жұмыскерлерімен еңбек ақыны арттыру бойынша келіссөздер жүргізеді.

Еңбек ақы бойынша шешім қабылдаудағы икемділікті жапондық кәсіпорындарда еңбек ақы жүйесінің өзі қамтамасыз етеді, онда еңбек ақының 25-30% фирма пайдасының көлеміне байланысты сыйақы ретінде төленеді. Бұл жағдай сұраныстың азаюынан фирма пайдасының көлемі азаяды, демек жұмыскерлердің еңбек ақысының деңгейіде автоматты түрде төмендейтінін білдіреді. Осы жағдайдың орын алуына жапондық жұмыскерлерді "өмірлік жалдау" жүйесі, сонымен қатар кәсіподақтарды салалар бойынша емес кәсіпорындар бойынша ұйымдастыру жоғары деңгейде әсер етеді.

Өз фирмаларымен тұрақты байланыстары болғандықтан жапондық жұмыскерлер фирмалары қиындықтар болғанда еңбек ақыны төмендетуге оңай келіседі, себебі олар экономикалық жағдайлар жақсарғанда осы әрекетінің орнын толтыруға үміттенеді алады [50].

Инфляциямен күресуде үлкен жетістіктерге жеткен Германияда оның алдын алудың жүйесі өзгешелеу. Жылына бір рет кәсіподақтар мен кәсіпкерлер арасында еңбек ақыны арттыру бойынша келіссөздер жүргізіледі.

Осы келіссөздерге экономикалық саясатқа қатысты алдыңғы кезеңдегі ұсыныстарымен үкімет те қатысады.

Осы деректерге ұжымдық келісімдерді құру кезінде кәсіподақтар да сүйенеді, олар ең бастысы жұмыссыздық деңгейімен еңбек өнімділігінің артуымен еңбек ақыны арттыру бойынша талаптарды басқа әлеуметтік- экономикалық көрсеткіштердің өзгерісімен сәйкестендіреді. Бірақ осындай жан-жақты ойластырылған саясат тұрақты экономикалық жағдайда мүмкін, сонымен оның тиімділігі де анықталады [51].

Еңбек ақының және бағаның өсімін реттеумен байланысты екінші типтік жағдай экономикадағы дағдарысты кезеңдерде, яғни «жорғалаушы» инфляциядан «шоқырақтанушы» инфляцияға көшуі жағдайында орын алады.

Еңбек ақының өсімін және бағаны бақылау тиімділігі қоғамдық көңіл күйден, адамдардың белгілі бір залалдарға бару дайындығына тәуелді. Мысал ретінде АҚШ еңбек ақының өсімін бақылауды келтіруге болады.

Бұндай бақылау осы елде Екінші дүниежүзілік соғыс, Кореядағы соғыс кезінде және экономикадағы дағдарыстар жылдарында қолданылды. Оның тиімділігі әртүрлі болды. Егер Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары табыстарды реттеу саясаты бағалардың өсімін тежеген болса, келесі кезеңдерде табыстарды реттеу саясаты ондай жетістіктерге жетпеді.

Ел үкіметінің табыстарды реттеудегі тағы бір тәжірибесін Ұлыбритания көрсетті. 1965-1969 жж. билікке келген лейбористік үкімет кәсіпорындардың еңбек ақыны арттыру және өнімінің бағасын өсіруге қатысты үкіметтің ұсыныстарын жүзеге асыруын бағылау мақсатымен баға және табыстар бойынша Ұлттық Комитетті құрды.

Билікке консерваторлардың келуімен Комитеттің еңбек ақы бойынша қызметі белсенді түрде жүргізілді. Еңбек ақы бойынша жасалған Келісімдерде еңбек ақы жүзеге асырылмас бұрын Комитетпен мақұлдануы керек. Бұл жағдай көбіне ірі кәсіпорындардың қызметкерлеріне қатысты орын алды. 1 мың адамнан артық қызметкері бар кәсіпорындар Келісімді тіркеумен шектелетін. 10-100 мың қызметкері бар кәсіпорындар тіркеуден өтпейтін, бірақ оларда сәйкес құжаттар болуы шарт болды.

Сонымен қатар елде инфляцияға қарсы бірқатар заңдар қайта өңделді. Осылайша, 1966 ж. «Бағалар мен табыстар туралы» Заңы, кейінен инфляцияға қарсы заңдар 1972 ж., 1973 ж., 1975 ж. пайда болды. Осы әкімшілік және заң шығарушылық шаралар елде инфляциядан құтқарып қалмады, дегенмен оны белгілі деңгейде ұстап тұруға және әлеуметтік әріптестерді (кәсіподақтармен жұмыс берушілерді) мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

Еңбек ақыны уақытша «мұздату» басқа елдерде уақытша шара ретінде пайдаланылады, ол еңбек ақымен бағаның өсімін түзетуге мүмкіндік береді. Италияда 1993 жылдың маусымынан 1994 жылдың қараша айына дейін өңдеуші өнеркәсіптік кәсіпорындардың басшыларының еңбек ақысы жартылай «мұздатылды». Бұл жағдай басшылардың еңбек ақысы ұжымдық келісіммен белгіленіп реттелінетіндіктен мүмкін болды.

Германияда 1994 жылы металл өңдеуші өнеркәсіптегі ұжымдық келісіммен еңбек ақыны және оның өсімін 2% көлемінде ұстап тұру көзделген. Жылына орташа еңбек ақының өсімінің қарқыны ұжымдық келісіммен 1,7% құрады, демек баға өсіміне қатысты теңестірілді.

Баға мен еңбек ақы өсімін бақылаумен байланысты үшінші типтік пайда болды. Бірақ тек бағамен еңбек ақы өсімін түзету бойынша шаралар жеткіліксіз. Шетелдіктер тәжірибесі көрсеткендей гиперинфляциямен күресу бойынша

кешенді бағдарламаны өңдеу қажет. Онда макродеңгейде экономикалық саясаттың әртүрлі бағыттары бойынша шараларды қабылдау пайда болды.

Мексикадағы гиперинфляциямен белсенді күресін атап өтуге болады. Осы елде қабылданған инфляциямен күрес бағдарламасында әрі макродеңгейде, әрі кәсіпорындар деңгейінде еңбек ақының өсімін реттеу әдістері үйлестірілді.

Мексика салыстырмалы өсімнен кейін (1978-1981жж.) гиперинфляцияға ұшырады, салықтық реформа жүргізуден туындайтын сәйкес бағдарлама қабылданды (ХВҚ ұсыныстарына сәйкес), соның ішінде тұтынушылық тауарларға салықтарды көбейту.

Үкімет сыртқы саудалық келісімдерге бақыланатын курс енгізді. Капиталдың шетелге ағысының алдын алу үшін банктерді ұлттандыру жүзеге асырылды.

Тұтынушылық сұранысты төмендету және ақша айналымын тұрақтандыру үшін үкімет еңбек ақының өсіміне бақылау қойды. Минималды еңбек ақыны жылына 2 рет қайта қарау туралы келісімді шешім қабылданды (үкімет өкілдерімен кәсіпкерлер арасында және Мексика жұмыскерлерінің Конфедерация басшылығының қатысуымен). Атқарылған шаралар нәтижесінде инфляция 59,25% дейін төмендеді.

Мексика- гиперинфляция орын алған Латын Америкалық жалғыз ел емес. Соңғы он жылдықта жоғары деңгейдегі инфляция Бразилияға да тән болды. Айналымдағы ақша массасының артуы және ұлттық қаржының дисбалансы ел экономикасы үшін түйінді мәселеге айналды. Осы жағымсыз үдерістердің себебін бразилиялық экономистер ұлттық шаруашылықтың әртүрлі секторларының баланста болмауынан, мемлекеттік сектордағы шығынды кәсіпорындарының үлесінің көптігінен көреді. Нәтижесінде ақшалай белгілердің және мемлекеттік құнды қағаздардың эмиссиясы есебінен мемлекеттік бюджеттің дефициті артты. Инфляцияға қарсы шаралар ретінде қаржы-экономикалық және әлеуметтік салаға мемлекеттің араласуы пайдаланылды, яғни «шоктық терапия», бағамен еңбек ақыны «мұздандыру», мемлекеттік қызметкерлерді жұмыстан шығару, мемлекеттік кәсіпорындарға дотацияны азайту қолданылды.

Көптеген партиялар мен кәсіподақтардың қысымынан үкімет мемлекеттік бағдарламаның қандай да бір жақтарына түзету еңгізуге мәжбүр болды, нәтижесінде олардың бастапқыдағы мағынасы өзгереді де, болашақта сәтсіздіктерге әкелетін болды.

Осы жағдайды өзгерту үшін елде әлеуметтік сұрақтар бойынша ұзақ мерзімді келешекті арнайы бағдарлама өңделді. Бағдарлама 4 құрылымнан тұратын болды. Біріншісі, «Өмір сүру минимумының кепілі бағдарламасы» - тұрғындардың жағдайы нашар бөлігіне көмекті жүйелеуге арналған. Онда мысалы, 25 жастағы және одан жоғары бір минималды еңбек ақы көлемінен аз еңбек ақы алатындарға орташа және минималды еңбек арасындағы айырмашылықтың 30% -ға тең компенсация төлеу қарастырылады. Екіншіден, шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатымен ірі жобаларды қаржыландырумен айналысатын ұлттық әлеуметті-экономикалық даму банкісінің саясатын қайта бейімдеу қарастырылады. Үшіншіден, муниципалитеттерді дамытуға, оларда

кооперативті қозғалысты ынталандыруға қаржылар қарастырылады. Төртіншіден, муниципалды тұрғын үй құрылысы бағдарламасы, ол үшін орталықтандырылған қаржылық көмек қарастырылады.

Осылайша, нарықтық экономикасы бар елдерде табыстарды реттеу мемлекеттік саясат пен фирмалар мүддесінің күрделі өзара әрекеттесуінің барысында қалыптасады. Еңбек нарығында фирмалар мен олардың жұмыскерлері арасындағы қарым- қатынастар белгілі бір ұстанымы бар ұзақ мерзімді Келісімдермен реттелінеді. Құлдырау кезінде жұмыссыздық деңгейі жоғары болғанда фирмалар еңбек ақыны еріксіз азайтады, соған қоса оның өсіміне бөгет болмайды. Қайткен күнде де олар сақтап келгісі келетін еңбек ақысын арттыруға қарсы емес. Еңбек ақы өсімі жұмыскерлердің инфляциядан шеккен шығындарының компенсациялау құралы ретінде қарастыруға болады. Бірақ, фирма жұмыскерлердің шығындарын компенсациялағандықтан, оның бағаға енетін шығындары артады. Мәселе еңбек ақы мен баға қаншалықты қалыпты артатындығында болды.

Экономикалық дамудың тиімділігі әр түрлі сипаттағы бірқатар факторлердің өзара әрекеттесуімен анықталады, оларды білу фирмаларға өзіндік өндірістік және әлеуметтік саясатты өндеуге көмектеседі.

Еңбек ақының артуына тікелей мемлекеттік әсер ету екі әдіспен жүзеге асырылуы мүмкін:

- еңбек ақы мен бағаның артуын заң шығарушылық жолмен бақылау, ол фирмалардың осы бағыттағы қызметін шектейді және реттейді;

- ұжымдық Келісімдерді құру кезінде еңбек ақының өсімін келісімді реттеу.

Баға және номиналды еңбек ақыны заңшығарушылық жолмен бақылау бірнеше тетіктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Соның бірі- салықтық жүйе, ол фирмалар және жұмыскерлер үшін баға және еңбек ақының өсіміне қарай айыппұл немес сыйақы болуы мүмкін. Бағалар мен еңбек ақы деңгейлерін келісімді реттеу кезінде үкімет кәсіподақтарға ағымдық жылы еңбек ақының өсімін шектеуді талап ете алады, мысалы екі процентке.

Басқа нұсқа– үкімет пен кәсіподақтар арасында компромисске жету, онда кәсіподақтар еңбекақының жоғарылауын талап етпейді, ал үкімет салықтардың өсімін тежейтініне сендіреді.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыты, ол табысты қайта бөлу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар еңбектік миграция көбіне тұрғындардың ақшалай табыстарындағы еңбек ақымен әлеуметтік трансферттердің үлесінің қарым- қатынасынан тәуелді.

Табыстың жалпы сомасының қалыптасуына еңбек ақының артуынан көбіне кәсіпқойлық, бастама дамиды, ал әлеуметті трансферттердің үлесінің артуынан біреудің есебінен күн көру психологиясы күшейеді.

Ерекше атап өтетін жағдай, жалпы табыс деңгейінің дифференциациясы экономиканың әр түрлі салалары мен қызмет аяларында еңбекке ақы төлеу деңгейінің ерешеленуіне әкеледі. Еңбек ақы төлеу деңгейлеріндегі салалық және мамандық аралық дифференциациясы жағдайында мамандықтардың қоғамдық



пайдалылығы көрініс алады, ол жұмысбастылық, дайындық және кадрлерді қайтадайындауда бейім бола алады.

Халықтың өмір сапасы мен деңгейін анықтау әдіснамасы мемлекеттік әлеуметті-экономикалық саясаттың маңызды талдау құралы болып табылады, ол келесідей мүмкіндіктер береді:

- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының келешекке бейімдерін белгілеуге;

- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдық деңгейін талдауды жүзеге асыруға;

- кедейшілік деңгейін бағалауға;

- өмір сапасын мен деңгейінің аймақаралық салыстыруларын жүргізуге.

Халықты әлеуметтік-экономикалық көмек көрсету саясатының бір бөлігі тұрғындардың кедей бөлігін мемлекеттік демеу болып табылады.

Көп елдерде бұл жүйе мекен-жайлы ақшалай және натуралды жәрдемақылар негізінде құрылады, олар нарықтық дамудың жағымсыз салдарының амортизациясы ретінде қолданылады.

Мемлекеттің қолдауы қажет тұрғындар категориясын мекен-жайлы анықтау үшін кедейшілік деңгейін анықтайтын шекті көрсеткіштер пайдаланылады. Кедейшіліктің өзі өмір сүру минимумымен анықталады. Көптеген елдерде тұрғындардың кедей бөлігін қолдаумен ұйымдастыру сондай көмекке мұқтаж тұлғаларды тексеру процедуралары қатар жүреді. Тексеру критерилері ретінде табыс деңгейі, жеке мүлік қоры, денсайлық жағдайы, жанұялық жағдайы және т.б. туындайды.

АҚШ-та (басқа да дамыған елдер қатарында) 1964 ж. Әлеуметтік қамтамасыз ету Басқармасымен өңделген әдіс пайдаланылады, осы әдіске сәйкес елдегі кедейшіліктің орташа жалпы деңгейі 15 жастан жоғары тұрғындар санындағы кедейлер санының үлесімен анықталады. Соған қоса кедейшілік шекарасы деп жанұялық бюджеттің 1/3 тамақтануға кететін болғандағы жағдай алынады.

Еуропалық статистикалық комиссия (Еуростатком) ЕО елдерінде ел тұрғындарының медианды табысының жартысына тең көлемді алады (тұрғындардың бөлінген санын екі тең бөлікке бөлетін табыс).

Германияда осы уақытқа дейін кедейшіліктің ресми белгіленген шекарасы жоқ, ал 1991 жылға кедейшілік деңгейі ол тұтынушылық қоржын көмегімен анықталатын.

Кедейшіліктің құнды шекараларын анықтауда халықаралық институттар 90 жылдардың ортасына дейін екі көрсеткіш пайдаланды – жылына жан басына шаққандағы табыс 275 доллар және 370 доллар (1985 жылғы сатып алушылық қабілет бойынша). Кедейшілікті анықтауда ең төмен көрсеткіш Үндістанда пайдаланды. Кедейшіліктің жоғары көрсеткіші бойынша дамыған елдердегі кедейлердің жалпы саны анықталды.

90-шы жылдардың ортасында ХДБ абсолютті кедейшілік көрсеткішіне көшті, ол күніне 1 доллар табыс немесе тұтынуға тең болды. Бұл көлем сатып алушылық қабілеттің паритеті негізінде есептелінді, ол елдер бойынша бағалар

ерекшелігін ескереді. Негізге 1985 жылғы күн мен баға деңгейі алынды. Бұл көрсеткіш одан төмен болғанда адам өміріне қауіп төнетін минималды тұтыну көлемінен туындайды. Күн көріс деңгейінде белгіленген көрсеткіш батыс елдеріндегі кедейлерді қамтымайды, онда тұтыну деңгейі жоғары.

Тұрғындардың өмір сүру сапасы мен деңгейін терең сипаттау үшін табыстар дифференциациясының коэффициенттері есептелінеді, олар жоғары табысты топтардың табысының тұрғындардың төмен табысты топтарымен салыстырғанда артуының көлемін белгілейді.

Халықаралық тәжірибеде дифференциацияның келесі коэффициенттері есептелінеді:

- қорлар коэффициенті - тұрғындардың салыстырылатын топтары арасындағы табыстың орташа мәндері немесе олардың табыстағы үлестері арасындағы қатынасы;

- дифференциацияның децильді коэффициенті 10% табысты тұрғындардың және 10% аздабысты тұрғындар табыстары деңгейіндегі айырмашылықты көрсетеді;

- дифференциацияның кварталды (квинтелді) коэффициенті 20% табысты тұрғындардың және 20% аздабысты тұрғындар табыстары деңгейіндегі айырмашылықты көрсетеді;

- стратификация коэффициенті – кедейлер санының табысты тұрғындар санына қатынасы. Кедейлерге табысы минималды өмір сүру деңгейінен (ӨСД) төмен жанұялар жатады, табыстыларға тұтынудың дамушы сипатын қамтамасыз ететін табысы ӨСД жоғары табысты жанұялар жатады. Бірден жоғары көрсеткіш табыстыларға қарағанда кедейлердің басымдылығын көрсетеді және керісінше.

Дифференциация көрсеткіштері белгілі Парето-Лоренц-Джини әдіснамасының бағалау жүйесіне жататын Лоренц және Джинидің концентрация коэффициенттерін қамтиды. Джини коэффициенті Лоренц коэффициенті сияқты 0 ден 1 дейін интервалда өлшенеді [52].

Солардың көмегімен әлеуметтік дифференциацияның шартты төрт негізгі моделін көрсетуге болады: жоғары полярлы, қалыпты- полярлы, қалыпты және эгалитарлы (нарықтық емес).

Біріншісі әлеуметтік тұрғыдан алғанда тұрақсыздығымен және жұқалығымен ерекшеленеді, ол көпшіліктің қамтылмай қалуына және әлеуметтік наразылықпен ерекшеленеді, ал экономикалық тұрғыда тиімділіктің төмендеуіне, өнімді қызметтің және жұмыскерлермен жұмыс берушілердің мүдделерін бөлуге ынталандырылмауында. Ол әлсіз дамыған елдердің басым бөлігіне тән. Шекті децильді топтар арасындағы табыстың дифференциацияның деңгейі 20-30:1 кем емес.

Қалыпты – полярлы модельдерінде мемлекет әлеуметтік саясатты шектелген кеңістікте жүзеге асырады, оның алдында шектелген міндеттер қойылады. Мақсаты табыстарды макроәлеуметтік бөлудегі өзгерістер есебінен үлкен тиімділікпен әлеуметтік тұрақтылық болып табылады, ол түбегейлі сипатта болмауы керек және әлеуметтік иерархия қағидаларын өзгертпеуі керек. Децильді дифференциация шашамен 10-15:1.

Қалыпты модель Батыс пен Жапонияның өнеркәсіпті дамыған елдерінде үстемдік етеді. Оған консолидарлық әлеуметтік дифференциация тән, сонымен қатар алдыңғы модельге қарағанда әлеуметтік иерархия шкаласы жұмсақ.

Шекті децилді топтар арасындағы табыстың дифференциацияның деңгейі 3:1 ден 6:1 дейін өзгереді. Өзгеріс диапазоны экономиканың либерализация дәрежесімен анықталады.

Нарықты емес модельдер табыстардың полярдан тыс дифференциациясына реакция ретінде пайда болды. Олар бұрынғы социалистік елдерде қолданыс тапты, реформаға дейінгі Қытайда, КХДР және Кубада сақталды. Олар экономикалық саладағы айтарлықтай кемшіліктермен ерекшеленеді. Табыстар дифференциацияның деңгейі жоғары емес 4:1 дейін.

Табыстар дифференциациясын талдау әкімшілік экономикадан нарықтық экономикаға көшу кезінде табыстар дифференциациясы тұрғындардың бір бөлігі бұрынғы жүйеде өмір сүруді жалғастыратындықтан, ал қалған бөлігі (жаңа қоғамдық таптар) нарықтық экономика заңдары бойынша қызмет ететіндігінен артады.

Осы жағдай тұрғындар табыстарын қайта бөлу саясатында белгілі бір заңдылықтың орын алатындығын көрсетеді.

Зейнетақымен қамтамасыз ету мемлекеттің әлеуметтік саясатында маңызды орын алады. Ол жүйесін мемлекет реттейтін табыстың екінші (еңбек ақыдан кейін) қайнар көзі болып табылады.

*Зейнетақымен қамтамасыз ету.* Батыс еуропа елдерінің басым бөлігінде азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз етудің үш деңгейін бөліп көрсетуге болады. Бірінші деңгей аясында – мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету - зейнетақының екі типі бар: негізгі - қартайған кездегі және қосымша (азаматтардың зейнеткерлікке кеткенге дейін алған табыс көлемінен тәуелді).

Негізгі зейнетақы құқығы барлық азаматтарға жұмыс стажына тәуелсіз алдындағы еңбек ақысының 20% көлемінде немесе тұрақты көлемде ұсынылады. Қосымша зейнетақыны толтыру үшін зейнетақы табысын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді жұмыс стажы керек (іс жүзінде жұмыс берушілердің салымдары).

Швецияда қосымша зейнетақыны алу үшін қажет еңбек стажы 30 жас, 0 Финляндия және Данияда - 40 жас құрайды. Осы кезде қосымша зейнетақы көлемі орташа табыстың 50% құрайды, ал негізгі зейнетақыны қосқанда зейнеткерлікке шыққанға дейінгі табыстың 70% құрайды.

Қазіргі таңда мемлекеттік қамтамасыз ету бойынша шығындарды қаржыландырудың екі жүйесі пайдаланылады. Біріншісі - зейнетақы төлеу бойынша ағымдық шығындарды зейнеткерлік сақтандыру бойынша ағымдық тқлемдер есебінен толтыру. Іс жүзінде ол жұмыс істеуші тұрғындар бөлігі алдындағы ұрпақтың зейнетақысын қамтамасыз ететіндігін білдіреді. ЕХҰ 58 мүшесінің 44 елінде қаржыландырудың осы жүйесін пайдаланады. Оны жүзеге асыру кезіндегі мәнді мәселе демографиялық жағдайдың қатты әсер етуі болып табылады: дамыған елдердегі тұрғындардың қартаюы бір жұмыс істеушіге келетін зейнеткерлер санын арттырады.

Осы модель пайдаланылатын елдерде зейнетақы қорларының қаражатын қалыптастыру бойынша негізгі салмақ жұмыс берушілерге артылады. Австрияда жұмыскерлердің өздерімен жүзеге асырылатын салымдар үлесі зейнеткерлік сақтандыру бойынша төлемдер сомасының 14% құрайды, Францияда - 13, ал Ұлы Британияда -23%.

Зейнетақы шығындарын қаржыландырудың екінші нысаны - арнайы Қор құру, ол қажет қаражатты инвестициялауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар қазіргі кезеңде және келешекте зейнетақылық төлемдерді қаржыландырады. Осы кесте үнемі мемлекеттік емес зейнетақы қорларында пайдаланылады және көбіне мемлекеттік зейнетақы жүйелерінде. Ол белсенді түрде АҚШ-да,

Канада, Швеция және Швейцарияда пайдаланылады.

Канадада Қорға (Канадалық зейнетақы жоспары) түсетін сомарлы түсімдер зейнетақы төлемдерінің сомасын екі есе артады. Сонымен қатар Қор қаражатын алдыңғы жылдарға инвестициялау Қор табысының 40% қалыптастырады. Швейцарияда инвестициядан табыстар зейнетақы қорларына ағымдық түсімдердің 25% қалыптастырады, ал жалпы зейнетақы төлемдері Қордың ағымдық табысының 58% құрайды.

*Әлеуметтік сақтандыру.* Батысеуропа елдерінде әлеуметтік сақтандыру Қорлары төрт негізгі қайнар көздер есебінен қалыптасады: мемлекет (орталық және жергілікті бюджеттен), кәсіпкерлер, сақтандырылғандардың көзі және уақытша бос қаржылық құралдарды пайдаланудан пайыздық төлемдер. Осы көздердің құрылымы елдер бойынша мәнді өзгешеленеді.

80 жылдардың ортасында Швецияда орталық үкіметтің үлесіне әлеуметтік сақтандыру мақсаттарына шығындардың 36%, жергілікті бюджеттің - 29%, сақтандыру төлемдерінің - 27% және пайыздық табыс үлесіне 8% келетін. Швецияда осы Қорларды қалыптастыру бойынша негізгі салмақ кәсіпкерлерге жатады, сақтандырылғандардың төлемдерінің көлемі мәнді емес. Мысалы, 1985 жылы жұмыс берушілердің сақтандыру төлемдеріндегі үлесі 96%, 1994 жылы - 90,5% құрады.

Шетелдік халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгілерінің қалыптасу тәжірибесіне жасалған талдау олардың мәні мен мазмұнындағы айырмашылықтың барын көрсетті, мұның себебі - әр елге тән әлеуметтік-экономикалық дамуының өзіндік ерекшелігі болады. Сондықтан Қазақстан Республикасы басқа үлгілерден ерекше (тек тарихи ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамудың ерекшелігімен байланысты) өзінің жеке интегралды үлгісін жасап шығару үшін халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгілерінің негізін қалаушы аспектілерін барынша мұқият зерттеді.

Әдеби дерек көздеріне талдау жасай келе, Қазақстандағы халыққа әлеуметтік көмек көрсету үлгісін зерттеген М.Кенжегузин, Е.Колос, О.Стаценко, С.Жолдасбаев, А.Алимбаев, С. Алпысбаева, У.Баймуратов, А.Сегізбаева, Т.Притворова секілді авторларды атап өтуге болады.

Олар шын мәнінде халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің қазақстандық үлгісін құрудың фундаменталды негізін қалады деуге болады. Аталған авторлар

өз еңбектерінде халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үлгісін түрліше қарастырған болатын.


Біздің ойымызша, бұл мәселеде неғұрлым терең әрі күрделі деп Кенжегузиннің еңбегін атауға болады, онда автор Қазақстандағы халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің үлгісін мұқият зерттеді. Еңбектің авторы халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің белсенді нысандарын дамыту қажеттілігі қалыптасып келе жатқан экономикалық жүйе әр тұлғаның өз орнын табуы үшін қажетті шынайы алғышарттарды құрмағанымен, ал тұлғаның да, жеке әлеуметтік топтардың да бейімделу деңгейі, олардың жаңа жағдайдағы өз кәсіби-біліктілік әлеуетін пайдалануының әлеуеттік мүмкіншіліктерімен анықталатындығымен байланысты болады деп атап өтеді. Мұндай үлгі келесідей негізгі болжардан құралады: әлеуметтік көмек көрсетудің деңгейлері, тұрғындардың тіршілік етуін қамтамасыз ету салалары; азаматтардың категориялары, әлеуметтік көмек көрсетудің ұлттық жүйесінің әлеуметтік-экономикалық негіздері.

М.Б. Кенжегузин өзінің еңбегінде атап өткендей, қазіргі уақытта Қазақстандағы аралас экономиканың қалыптасуы аралық, жедел мақсаттарды жүзеге асырудың негізінде құрылады, осы мақсаттардың негізгісі – халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету. Бұл адами капиталдың жаппай құнсыздануымен бүкіл әлеуметтік саланың деградациясы тенденциясының алдын алу үшін қажет. Осыған байланысты 2001 жылы ҚР-дағы Халыққа әлеуметтік көмек көрсету тұғырнамасы әзірленді, онда халықтың түрлі топтарын әлеуметтік көмек көрсетудің негізгі түрлері мен нысандары көрініс тапқан. Нарықтық экономика қызметінің негізін қалаушы ережелеріне сәйкес, республикамыздағы халыққа әлеуметтік көмек көрсету қазақстандық ғалымдар зерттеп, әзірлеген блоктар мен механизмдер кешенінен тұратын арнайы әзірленген интегралды үлгіні жүзеге асырудың есебінен қамтамасыз етіледі. Осыншама күрделі үлгіні таңдау қоғамның әлеуметтік қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыруға бағытталуы мүмкін болатын қаржы ресурстарының арасындағы алшақтықтың артуына себеп болған елдегі ауыспалы кезеңнің ерекшелігімен байланысты болды. Жұмыссыздық бойынша сақтандыру және еңбек нарығындағы саясат жоғары жұмысбастылықты қамтамасыз етуге және жұмыссыздықтың орын алуына жол бермеуге бағытталған белсенді саясат екенін және көптеген шетелдердік тәжірибелерді талдау барысында Қазақстанда әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылатын халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің экономикалық мазмұнына ерекше мән беретіндігін анықтадық.

## **2 ҚАЗАҚСТАН МЕН ОНЫҢ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚҚА МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒА БЕРУ**

## 2.1 ҚР-да халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін экономикалық тұрғыда талдау

Республикадағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесіндегі мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру шаралары мен халықтың қорғалмаған топтарына мекен-жайлы әлеуметтік көмек көрсету жүйелерін атап өтуге болады. Халықты мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесіндегі ерекше орынды зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі алады. Елімізде 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін толықтай мемлекет қарамағындағы және орталықтанған экономикаға негізделген, бөліп беру қағидасына негізделген зейнетақы жүйесі болды. Бұндай жүйенің ары қарай қызмет ету мүмкін емес болды, сол себепті республикада зейнетақы жүйесі қайта құрастырыла басталды. Қазіргі таңда республикада зейнетақымен 1863,6 мың адам астам зейнеткер қамтамасыз етілген, оның ішінде мүгедектер саны 572 мыңнан асады. Мүгедектер санының 370 мыңы еңбекке қабілетті жаста болса, 10% - балалар (қосымша А). Мүмкіндігі шектеулі жандардың, әрі мүгедектердің бар болуы жеке көзқарастар мен қабілеттерді ескере отырып іс-шаралардың кең ауқымды өтуін талап етеді [53]. Бұл мақсатта 2012-2018 жылдарға арналған мүгедектердің мүддесін (құқықтарын) қорғайтын және олардың өмір сапасын арттыратын іс-шаралар жоспары жүзеге асырылды. Бұл жоспар мүгедек жанның мүгедек ретінде тіркеліп, қаржылық жәрдемақы алу кезеңінен мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы орта жасау мен жұмыспен қамтамасыз етуге негізделген жаңа тұжырымдамаға көшуді қарастырады. Ұрпақтардың ынтымақтастығы негіз болған зейнетақы жүйесі осы күнде өз тиімділігін жоғалтып отыр, себебі ол мемлекет бюджетіндегі субсидиялар есебінен қаржыландырылады (сурет 5).



Сурет 5– 2009-2013 жылдардағы зейнеткерлер саны мен зейнетақы мөлшерлемесінің динамикасы

Ескерту – ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

5 суретте зейнеткерлер санының артуы байқалады, осылайша 2009 жылмен салыстырғанда олардың саны 2013 жылы 1,8 есе артқан, ал орташа зейнетақы мөлшерлемесі сәйкесінше 2009 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 112% артқан. Зейнеткерлер санының артуы тұрғындардың орташа жасының ұлғаюын

көрсетеді, сәйкесінше жалпы тұрғындар санындағы жұмысқа қабілетті тұрғындар үлесінің азаюы орын алады.

Ағымдағы жүйенің кемшіліктері салдарынан зейнетақының өз уақытында төленбеуіне әкеп соқты. Зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы қиындықтар зейнетақы жүйесін түбегейлі өзгертуін қажет етті. 1997 жылдың маусым айында Қазақстан Республикасының жаңа «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңы қабылданып, аталмыш заң 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап толықтай күшіне енді [54].

Заң ең алдымен мемлекеттік мәселелердің бірі –лайықты еңбек демалысына шыққан зейнеткерлердің және 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі 6 айлық еңбек өтілі бар адамдардың құқығын сақтауға бейімделді. Соңғы топтағы адамдардың зейнетақылары Мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету орталығы тарапынан төленеді.

Заңда қарастырылған екінші мәселе – зейнетақы қорын жинақтау жүйесіне көшу. Осындай мақсатпен Мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары құрылды, бұндай қорларға ҚР жұмыс істейтін әрбір азаматының табысының белгілі бір жарнасы аударылады. Жинақталған қаражат зейнет жасына жеткен кезден бастап зейнетақы ретінде ай сайын төленіп тұратын болады. Үшінші мәселе – жаңа жүйеде қосымша ерікті зейнетақы заң тарапынан қамтамасыз етіледі.

1998 жылы республикада зейнетақымен қамтамасыз етудің жаңа жүйесі жұмыс істей бастады. Осы уақыттан бастап сақтандыру жарналарын жекешелендіру басталды және болашақта зейнетақы деңгейі жұмысшылардың жинақтаған қорына тікелей тәуелді болды. Тек 2030 жылға дейін Зейнетақы төлейтін Мемлекеттік Орталықтан зейнетақыларын алатындар саны едәуір азаяды деп күтілуде. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесі халықты ауру кесірінен уақытша жұмыссыз болған жағдайда да көмек көрсетуді қарастырады [55, 56].

Бұл бағдарламаны қаржыландыру үшін еңбек ақыға үстеме қосу есебінен әлеуметтік сақтандыру Қоры құрылады. Сақтандыру жарнасын жұмыс беруші жалақы қорынан 1,5% мөлшерінде төлейді. Аталмыш Қор сенімсіздеу болғандықтан мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жүйесі түбегейлі қайта қаралуды қажет етеді. Медициналық қызметтердің басым бөлігі міндеттелген медициналық сақтандыру қорынан қаржыландырылады, ол қорға жұмыс беруші жалақы қорынан 3% аударып отырады.

Әлеуметтік көмек көрсетудің тағы бір түрі - ол жұмыссыздықтан әлеуметтік мемлекеттік сақтандыру. Жұмыспен қамту Қорына жалақы қорынан 2% мөлшеріндегі қаражатты жұмыс беруші аударады.

Еліміздің тәуелсіздік алған жылдарында қабылданған әділеттілік тұрғысынан қабылданған әлеуметтік заңдар саны аз емес. Арал проблемасы, саяси репрессия құрбандары, Семей полигонын еске алсақ, олардың біреуі де қаржыландырылмағандығын атап өтуге болады. Бұдан бөлек, елімізде дені сау, еңбекке қабілеті бар азаматтарға жеңілдіктер, қосымша қаражаттар көп бөлінеді, яғни КСРО дәуіріндегідей әртүрлі жеңілдіктер еңбекақының баламасы ретінде таратылып кеткен.

Қазіргі уақытта ҚР Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспары мен реформаларды тереңдету, іс-шаралардың дамытылған Жоспары бойынша жеңілдіктер жүйесін компенсациялық жәрдемақылармен сатылай ауыстыру жұмыстары және де жеке топтағы азаматтарға берілетін жеңілдіктер туралы заңнамалық базаның қайта қарауы жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда жеңілдіктерді реттеу және натуралды жеңілдіктерді ақшаға айырбастау саласында жұмыстар атқарылуда, нәтижелері де бар.

Мемлекет тарапынан дәстүр болып қалыптасып кеткен бағыттарда көмек көрсетілуде: мүгедектерге көмек (протез салу, сурдотифлотехника), экологиялық заңнамаға сәйкес және Чернобыль атомдық Электро станциясында болған апаттан зардап шеккендерге, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне жәрдемақылар, көш-көн жұмыстары, басқа да іс шаралар мемлекет тарапынан қаржыландырылады.

«Халыққа әлеуметтік көмек көрсету» ұғымының қолдану аясы кең екенін ескере отырып, тұрмыс жағдайы төмен жандарға әлеуметтік көмек көрсету барысында орын алған мәселелерді толығырақ қарастыруды жөн көрдік. Бүгінгі күнде халықтың көмекке зәру өкілдерін әлеуметтік көмек көрсету мәселесі маңызды мәселелердің бірі болып табылады [57].

Республиканың нарықтық қатынасқа көшуі мемлекеттің асыраушы рөлінен кетуіне себеп болды. Орталықтандырылған экономика кезіндегі факторлар, мысалы, күнделікті тұтыну тауарларының бағасын ұстап тұру, тұрғын-үй, қоғамдық көлік мәселесі өте маңызды болса, қазіргі таңда мемлекет ондай дотацияларды жойды, бірақ халықтың тұрмыс жағдайын көтеру мақсатында әлеуметтік мекен- жайлы көмек көрсету шаралары іске асырылып жатыр.

Әлеуметтік көмек объективті түрде өзін және өз отбасын асырай алмайтын жандарға көрсетіледі. Қалыптасқан пікір әсерінен және мемлекет тарапынан көмек алуға дағдыланып қалған халық бірден жаңа жүйеге ауыса қоймады [58].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін көмек көрсетудің нақты жолдары мен механизмдерін анықтайтын нормативті-құқықтық құжаттар дайындалған. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін реттейтін сондай бірінші құжат балалы жанұяларға көмек көрсетуді нақтылайтын Үкімет Қаулысы болды. Қаулы 1991 жылы азық-түлік, балалар тағамы және киімінің қымбаттап кеткен кезінде қабылданды. Ол кезеңде жанұяның табысына тәуелсіз, бала санына қарай отбасылық жәрдемақылар төлетін болған. 1992 жылдың 4 орамында бюджеттік қаржыны үнемдеу мақсатымен, жәрдемақыға шектеу қойылды және әлеуметтік көмекті тек шынымен мұқтаж жандар ғана ала бастады [59].

Жәрдемақы мөлшері есептік көрсеткіштің пайызы ретінде көрсетіліп, ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңымен реттеледі. Егер еңбекке жарамды отағасы жұмыс істемесе, күндізгі оқу формасында оқымаса, әскерде борышын өтемесе, сондай-ақ жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелмесе, бірегей жәрдемақы балалы жанұяға белгіленбейді және берілмейтін болды.



Балалы жанұяларға жәрдемақыны арнайы комиссия бекітеді: жұмыс істейтін азаматтарға кәсіпорын және ұйымдарда, жұмыссыз азаматтарға еңбек және әлеуметтік қамтудың аудандық бөлімшелерінде [60].

Жәрдемақыны тағайындаудың осындай жүйесі едәуір соммаға шығындалып, заңсыз жәрдемақыға айналуына жол береді. Бюджет қаражатының тиісті орындарға жетпеуінің салдарынан көмекке мұқтаж жандар зардап шегеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысымен 7 жасқа дейінгі 4 немесе одан да көп баласы бар жұмыс істемейтін аналарға жанұя табысына тәуелсіз төленетін жәрдемақыға қосымша ретінде 100% мөлшерінде жәрдемақы төленеді. 14 жасқа дейінгі балаларға тегін дәрі-дәрмек және қоғамдық көліктерді тегін пайдалану қарастырылған. Олардың жер телімдерін және малға беретін жем-шөп алуға артықшылықтары бар.

Алайда, қазіргі таңда 7 жасқа дейінгі 4 немесе одан да көп баласы бар аналарға ай сайын төленетін жәрдемақы өзін-өзі ақтай алмай отыр. Жәрдемақыны алу үшін әйел адам 2 жылда, кейде тіпті одан да аз уақыт ішінде, бір рет босануы керек, ал ол өз кезегінде әйел денсаулығын нашарлатады, себебі босанғаннан кейін ағза қайта қалпына келіп үлгермейді. Осыған байланысты көпбалалы жанұяға әлеуметтік көмек көрсету тәсілдерін өзгерту керек деп есептейміз [61].

Тұрғын үй сферасының шығынсыз режимге ауысуы және халықтың табысы төмен топтарына арналған коммуналды қызметтердің реттелуі республикада жаңа жәрдемақының түрі –тұрғын үй жәрдемақысының пайда болуына себеп болды.

Тұрғын үй жәрдемақысы коммуналды шығындары ортақ табыстың 30%-нан асып кететін жанұяларға беріледі. Тұрғын үй және коммуналдық қызмет төлемдеріне жеңілдіктері бар, сонымен қатар тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқылы жандар көрсетілетін көмектің түрін тандай алады.

Көптеген өңірлерде Әкімдер тұрғын үй жәрдемақыларына аса қатты көңіл бөледі, себебі бұл бағдарламаны дамыту арқылы тұрмыс жағдайы төмен жанұяларға айтарлықтай үлкен көмек көрсетуге болады.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қайта құру барысындағы маңызды мәселе ол оның экономикалық тиімділігін арттыру болды. Сондықтан қаржылық ресурстардың шектеулі кезінде жұмыс істеп тұрған бағдарламалардың тиімділігін қоғамдағы өзгерістер мен әлеуметтік көмектің күшеюін ескере отырып арттыру маңызды. Ең бірінші кезекте қолданыстағы жүйенің сапасын арттыру, қолда бар қаражатты тиімді қолдану шараларын іздеу, бюджетті қайта қарау, қаржыландырудың жаңа көздерін іздеп табу және жеке кәсіпкерлікті іске тарту қажеттілігі тұрды [62].

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында ең әуелі көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету процедурасын өзгертіп, содан кейін жағдайы төмен жанұялардың табыстарын сатылай көтеру қажет.

Халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді жақсартудың жоғарыда көрсетілген бағыттары «Қазақстан -2030» Стратегиясына сәйкес үш сатылы болды [63].

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің бірінші сатысы - ұйымдастырушылық - 1998 жылы көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсету жүйесінің қайта құрылуымен және жұмыс барысында қолдау көрсету органдарының өзгертумен басталды. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің ұйымдастыру жұмыстары барлық облыстар мен аудандарда Бірыңғай әлеуметтік көмек орталықтарын ашуды талап етті.

Бірыңғай Орталықтар кеңес беру, психологиялық, реабилитациялық және жәрдемақылық функциялармен, сонымен қатар халықтың жағдайы төмен өкілдеріне көмек көрсетуде елеулі қызмет баптарымен қамтылды.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекті біртекті ету мақсатында жеке топтағы жағдайы төмен азаматтар үшін тұрғын үй, коммуналды қызметтерге және отынға кететін шығындарды өтеу реттілігі өзгертілді, яғни шығын өтемақысының орнына тұрғын үй жәрдемақысы төленді.

Тұрмыстары төмен зейнеткерлер мен мүгедектерге, жалғысбасты қарт адамдарға және жұмыс істеуге дәрменсіз азаматтарға көрсетілетін көмекті жақсарту мақсатында Халықаралық Қызыл Крест және қайырымдылық қорларын осы іске қызықтырып тарту механизмі құрастырылды [64].

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қайта құру халықтың ең кедей өкілдерінің жағдайын жеңілдететін әлеуметтік бағдарламалардың іске асыру үшін қажет болды. Қолда бар ресурстарды мұқтаж жандардың атаулы әлеуметтік көмекті күшейту арқылы және Әлеуметтік көмек көрсетуға бөлінген бюджетті орынды пайдалану арқылы материалдық жағдайын жақсарту үшін бағыттау керек деп болжанды. Қайта құрудың бірінші сатысында-ақ жүйеге тұрмысы төмен жанұядағы балалардың киімін, оқулықтары мен канцелярлік тауарларын жабдықтауды енгізу керек еді. Өйткені бұндай жанұядағы материалдық жағдай мәз емес-тін, оған қоса оқушы бұйымдарының бағасы да қымбат еді. (Адам дамуының 1997 жылғы халықтық есебі бойынша 6-13 жас аралығындағы мектепке бара алмайтын балалар үлесі 14% құрады). Атаулы Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қайта құрылуы және еңбекке деген құлшынысты сақтау шаралары әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа біріккен механизмінің құрылуына алғышарт болды. Екі жүйені біріктірген жаңа жүйе жоқшылықтың алдын алуға бағытталған жәрдемақы деп аталды.

Бұл жүйе екінші сатыда жүзеге аса бастайды деп шамаланды.

Кедейлік шегі өмір сүру деңгейінің ең төменгі көрсеткішін қамтамасыз ете алатындай дәрежеде қойылуы тиіс. Бірақ 2001 жылға дейін халыққа Әлеуметтік көмек көрсету көрсету шарттары екі айлық есептік көрсеткіші болды. 2001 жылдан бастап тұрмыстары төмен азаматтардың табыстарын өмір сүрудің ең төменгі көрсеткішіне (сол уақытта ол 4 мың теңгеден асқан болатын) сатылай жеткізу жұмыстары жүргізіле бастады. Жәрдемақы мөлшері отбасының материалдық жағдайына және оның көлеміне, отбасы құрамына, өмір сүру

деңгейінің ең төменгі көрсеткішіне дейін төлеу механизміне байланысты өзгеріп отырды.

Осыны негізге ала отырып, бір жағынан кедей халықты белгілі бір деңгейде ұстап тұратын, екіншіден еңбек етуге құлшыныстарын кемітпейтіндей бір жүйе ауадай қажет болды. Бұндай жүйеге оған қосымша қаражат бөлу, яғни өздігінен жетуге қауқары жоқ, экономикалық тұрғыда әлсіз топтарға (зейнеткерлер мен мүгедектер, көпбалалы, асыраушысы жоқ, толық емес жанұяларға) қаржылай көмек көрсету арқылы қол жеткізуге болады.

Осылайша, жәрдемақы мөлшері жанұяның әлеуметтік экономикалық жағдайы мен оның құрамымен байланысты есептелді [65].

Республикадағы демографиялық ахуалдың ұшығуын есепке ала отырып, елімізде халықты орналастыру саласы бойынша мемлекеттік саясатты құру және іске асыру мәселесі маңызды мәселелердің бірі болды.

Республиканың 2000-2030 жылдарға жоспарлаған даму жоспарында бекітілген мақсаттарға жету үшін 2010-2030 жылдарына жоспарланған үшінші сатыда халықтың санын арттыру мәселесіне қатысты қолдау жүйесін қайта қарау керек болды. Алғашқы 4 баланың босану интервалын 3 жыл сақтап дүниеге аман-есен әкелуін мақсат еткен, балалы жанұяларға көмек көрсету саясатына өзгерістер енгізу қажет болды.

Сондай-ақ жанұяға балаларын тәрбиелеп күтуге көмектесетін мемлекеттік және жеке меншік қызметтерді құру орынды болады, әйел адамдардың әлеуметтік қайта қалпына келуіне, балалар мен жасөспірімдерге, үйін тастап кеткен балаларға, абақтыдан шыққан жандарға, наркодиспансерде емделгендерге, экономикалық және сексуалды зақым алғандарға, босқын балаларға және де әртүрлі колониядағы жандарға арналған бейімдеу орталықтарын ашу өзекті мәселе болып табылады.

Бұл орталықтарда психологиялық көмектен басқа мамандық алуға және жұмыс табуға да көмек көрсетіледі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Әлеуметтік көмек көрсету еңбек-әлеуметтік қатынастардың және мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Оның негізі адамдардың өміріне қажетті дүниелерді қамтиды: бұқара халықты материалды жабдықтау және қоғамның еңбекке жарамсыз өкілдеріне медициналық, әлеуметтік көмек көрсету.


Халықаралық Еңбек Ұйымының «Әлеуметтік саясат нормалары мен негізгі мақсаттары туралы» №117 Конвенциясының 25-бабына сәйкес, адамның тағам, киім, тұрғын үй, медициналық күтім, әлеуметтік қызмет түрлерін пайдалануға өзінің және жанұясының денсаулығын сақтау үшін және жағдайын қамтамасыз етуге құқылы. Сондай-ақ, өзіне тәуелсіз себептерге байланысты мүгедек болып, жұмыссыз қалғанда немесе өмір сүруге басқа мүмкіндіктері қалмаған жағдайда көмек сұрауға құқылы [66].

Әлеуметтік көмек көрсету деген кең ұғымды дүниені халықтың тұрмыстық жағдайын қалыпты нормада ұстауға бағытталған әлеуметтік институттар мен мемлекеттің іс-әрекеті деп түсінуге болады. Кәсіби тілде айтсақ, әлеуметтік

көмек көрсету дегеніміз – ол әлеуметтік кепілдік, сақтандыру және көмектің мемлекеттік жүйесі.

Әлеуметтік саясаттың бір құралы - мемлекеттік атаулы көмек. Атаулы бағдарлама әлеуметтік көмектің маңызы зор және ол көп жағдайда кедейлік деңгейін азайтуға септігін тигізеді. Кедейлікпен күрес жұмысында аталмыш бағдарламаның тиімділігі оның артықшылығы болып табылады. Атаулы бағдарламалар көмекті мұқтаж жандарға бағыттауға мүмкіндік береді және қолда бар қаражаттың тұрмысы жақсы адамдарға «жұмсалыуына» жол бермейді. Тіпті дамыған елдердің өзінде жоқшылық проблемасы маңызды болмаса да және әлеуметтік қажеттілікке қаражат бөлінбесе де қолда бар ресурстарды орынды бөлуге қатты көңіл бөледі [67].

Жұмыс және әлеуметтік көмекпен қамту қызметтерінің өңірлік органдарының (01.12.2013 жылғы) мәліметтеріне сүйенсек, мемлекеттік атаулы көмек жағдайы төмен 64,8 мың азаматқа көрсетілген (сурет 6).




Сурет 6 - 2009-2013 жылдардағы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушылар саны және олардың орташа айлық мөлшері

Ескерту – ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Атаулы әлеуметтік көмектің тағайындау санында балалар үлесі 62,3 пайыз, өздігінен жұмысбасты азаматтар-10,1, жұмыссыздар-7,4 және еңбекке жарамды жастағы азаматтар – 0,9 пайызды құрайды. Жалпы республика бойынша АӘК көлемі бір азаматқа 1809,0 теңгеден тиеді (Қосымша Ә). Аталған мемлекеттік көмекке бағытталған қаражаттың ортақ көлемінің 59,6 пайызы ауыл қоныстарының тұрғындарына төленген.

Аймақтық органдар мәліметтері бойынша халықтың жұмыспен қамтылу және әлеуметтік бағдарламалар координациясы 01.12.2013 жыл үшін 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы (БМЖ) 605,4 мың балалар үшін, оның ішінде ауылдық жер тұрғындарының үлесі 74,6 пайыз құрайды.

Халыққа әлеуметтік көмектің 3 түрінің белгіленуінің ортақ есебі бойынша БМЖ үлесі 73,7 пайыз құрайды. Жалпы республика бойынша БМЖ-ның орташа айлық мөлшері бір адамға шаққанда 1809,0 теңге құрайды. Төленген қаржының ортақ көлемінен 75,9 пайыздайы ауыл тұрғындарына бағытталған. Аймақтық органдардың оперативті мәліметтері бойынша халықтың жұмыспен қамтылу және әлеуметтік бағдарламалар координациясы 01.12.2013 жыл үшін тұрғын үй көмегі 119,8 мың отбасыға белгіленген. Әлеуметтік көмектің белгіленуінің ортақ есебі бойынша тұрғын үй көмегін алушылар үлесі 14,6 пайызды құрайды. Айтылған көмектің орташа айлық мөлшері 1970 теңгені құрайды (сурет 7).



Сурет 7 - 2013 жылдағы әлеуметтік көмек алушылар саны және олардың төлем түрлері бойынша орташа айлық мөлшері

Ескерту – ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының азаюы тұрғындардың орташа табыс мөлшерінің артқандығын көрсетеді. Атап айтқанда, 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда әлеуметтік көмек алушылар саны 2,6 артқанымен 2010 жылмен 3 есе төмендеген. 2010 жылы әлеуметтік көмек алушы тұрғындар санының артуы 2007 жылы басталған әлемдік дағдарыспен байланысты болды. Дағдарыс жылдары жұмыс орындарының азаюымен орташа еңбек ақы мөлшерінің төмендеуі осы көрсеткіштің жағымды трендіне әсер етті.

Мұқтаж адамдарды анықтаудағы заңнамалық реттелімінің аяқталмаған жұмыстары, соның ішінде жеке қосалқы шаруашылығының табыс бағасының көтеріңкі нормативтері мұқтаж адамдардың жәрдемақы алуына кедергі келтіреді. Ауылды аймақтарда кейбір отбасылар жәрдемақы алу үшін малдан құтылуға, жер топырағын өңдеуден және де онда ешнарсе өсірмеуге тырысады.

“Жұмысбастылық 2020” атты мемлекеттік бағдарламада жұмысбастылық пен адресі әлеуметтік көмек көрсету арасында оңтайлы байланыс орнату үшін бағытталған әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру көзделген [68].

Аз қамсыздандырылған отбасылар санында жұмысқа жарамды азаматтар үшін адресі көмек тек жұмыс жасауға бағытталған әлеуметтік келісімшартқа отырған жағдайда ғана беріледі. Кері жағдайда адресі көмек төлемі тоқтатылады, бірақ отбасы төлемді алу құқығын сақтап қалады [69].

Дегенмен де, АӘК тек азық-түлік кедейлігін жеңіп шығуға бағытталған төлем екенін ұмытпаған жөн. Осы арқылы аталған бағдарлама мақсатты топты қамтығанымен Қазақстандағы кедейлік проблемасын шешпейтіні жайында қорытынды жасауға болады.

Осы арқылы адресі көмек көрсету бағдарламасының тиімділік дәрежесін көтеруге болады, әсіресе егер белгілі бір мақсатты адамдар тобына жинақталатын болса, табыс жасау мүмкіндігінен мүлде айрылған адамдар: кедей отбасындағы күндізгі бөлім студенттері, мүгедек, еңбек қабілеттілігінен уақытша айрылғандар, балаларын әкесіз өсірген аналар және т.б.

Қазақстан елдің басты мақсаты мен негізгі мемлекеттік басымдылығы адамның интеллектуалды және рухани әлеуеті болып табылатын әлеуметтік даму тұжырымдамасының жасалуын қажет ететінін айтып кеткен жөн.

01.02.2010 ж. бастап №922, ҚР Президенті жарлығында бекітілген “2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық жоспарында” “Кілттік бағыттама: азаматтар үшін қызмет” бөлімінде мұқтаждар санатындағы азаматтарды әлеуметтік көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасаудың негізгі бағыттамалары қарастырылған.

Негізгі басым бағыттар ретінде:

- сәйкес және әлеуметті-әділ зейнетақы деңгейін қамтамасыз ету;
- халық үлесінің күн көріс минимумынан төмен табысымен төмендеуі;
- жалдама жұмысшылар мен өздігінен жұмыспен қамтылған халықтың жинақтық зейнетақы жүйесімен қамтылуының жоғарылауы;
- күн көріс минимум мөлшерінен әлеуметтік көмекті 100 % көрсетудің табалдырық деңгейінің жоғарылауы;
- арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын енгізу [70].

Қазіргі таңда Қазақстанда халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесі заңнамалық акт қатарында негізделген, сонымен қатар Қазақстан халқының әлсіз топтарына әлеуметтік көмекті жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалармен қолдау көрсетеді.

Мемлекет халықты әлеуметтік көмек көрсету аясында 2009-2010 жж-дың Жол картасы бағдарламасын жүзеге асырды, Жол картасы 2020 және Халық жұмысбастылығы 2020 бағдарламасын жасап жүзеге асыру барысында. Сонымен қоса, “Жұмысбастылық 2020” бағдарламасында Қазақстан Республикасында 2020 ж. дейін адресі әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру бойынша негізгі бағыттар анықталған [71].

Заңнамаға сәйкес белгіленген құжаттар бойынша, Қазақстан Республикасының әлеуметтік көмек жүйесіне келесі бағыттар кіреді:

- жанұяға қолдау жүйесі, ана мен баланы қолдау (бала туылғанда берілетін төлемақы мен балаларды 1 жасқа дейінгі бағып күту төлемақысы);

- барлық азаматтарға әлеуметтік қатер туындаған кезде әлеуметтік қамсыздандыруға арналған бюджет қаражатының есебінен бірдей деңгейдегі мемлекеттік төлемдер беру;


- әлеуметтік көмек көрсету - бұл қолайсыз жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын және лайықты еңбекақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтарға арналған жүйе;

- зейнетақы жүйесі;

- тегін біліммен қамтамасыз ететін (орта және кәсіптік білім беру);

- азаматтардың міндетті медициналық көмек жүйесі;

- мемлекеттік қызметкерлерді, бюджет саласындағы жұмысшыларды және жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесі (сурет 8).



Сурет 8 - Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесі

Ескерту – [73] әдебиеті негізінде автор құрастырған

Атап өтетін жағдай, Қазақстанның барлық азаматтарының сапалы медициналық қызмет көрсету мен білім алуына қолжетімділігі халық үшін кең мүмкіндікті қамтамасыз етеді және тұрмыс деңгейінің тең еместігін қысқарта отырып “Әлеуметтік тұлғалар” қоғамдық жүйесінде жұмыс атқаруына мүмкіндік береді. Қазақстандағы әлеуметтік көмек көрсету жүйесі үш деңгейден тұрады: негізгі, міндетті, ерікті. Негізгі кезеңде мемлекет ең төмен деңгейде негізгі жәрдемақының төлемімен қамтамасыз етеді, міндетті деңгейде тиісті Әлеуметтік Сақтандыру Мемлекеттік Қорынан (ӘСМҚ) әлеуметтік төлем және өмірді сақтау компанияларынан сақтандыру төлемдері жүзеге асырылады, сонымен қатар жинақтық зейнетақы қорынан зейнетақы төлемі, ерікті жарна негізінде ерікті түрде төлемдер жүзеге асырылады. Қазақстанда әлеуметтік демеу республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жүзеге асады, сонымен қоса, халық үлесінен де азаматтардың міндетті әлеуметтік сақтандыру және жинақтық зейнетақымен қамсыздандыруды қоса жүзеге асады.

Базалық деңгейде мемлекет базалық минималды деңгейдегі жәрдемақыларды төлеумен қамтамасыз етеді, ал міндетті деңгейде МӘСҚ-тан тиісті әлеуметтік төлемдер және өмір сақтандыру компанияларынан сақтандыру төлемдері, сонымен қатар жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері жүзеге асырылады. Ерікті деңгейінде ерікті жарна негізінде құрылған төлемдер жүзеге асырылады. Қазақстандағы Әлеуметтік көмек көрсету, азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандыру және жинақтаушы зейнетақылық қамтамасыздандыруды қоса отырып, республика және жергілікті бюджет есебіне қарай жүзеге асырылып қана қоймай, сонымен қатар, жергілікті халықтың есебіне қарай да жүзеге асырылады.

Мемлекеттік әлеуметтік ақшалай төлемдерінің жүйесі келесі маңызды элементтерден тұрады [72]:

1. Мемлекеттік бюджет құралдарының есебінен барлық азаматтарға бірдей деңгейдегі Мемлекеттік төлемдер келесіден тұрады:

1.1 Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар:

- мүгедектік бойынша
- асыраушыдан айырылу бойынша
- жас мөлшері бойынша

1.2. Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар

- жертөлелер мен ашық таулы аймақтарда жұмыс жасаған тұлғаларға

1.3. Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар

- КСРО батырларына, социалистік еңбек ерлеріне, үш деңгейлі. Даңқ орденінің кавалерлеріне;

- ҰОС ардагерлеріне;
- ҰОС мүгедектеріне;
- мүгедектерге;
- мүгедек балаларға;
- көпбалалы аналарға;
- саяси репрессия құрбандарына.



2. Әлеуметтік көмек жергілікті бюджет есебінен халықтың тұрмысы төмен жіктеріне қосымша көмек көрсету көрсетуге арналған. Тұрмысы төмен адамдарға көмек келесіден тұрады:

- атаулы әлеуметтік көмек,
- Тұрғын үй жөнінде көмек,
- 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы.

3. Балалы отбасыларына мемлекеттік көмек:

- Бала туылғанда, бір жолғы жәрдемақы,
- Баланы бір жасқа толғанша күтуге берілетін жәрдемақы
- Мүгедек балаларды тәрбиелеуші ата-аналарға, асырап алушыларға жәрдемақы (кесте 3).

Кесте 3 – Арнайы тағайындалған мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшері, теңге

Көрсеткіштер	2009ж.	2010 ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.	Өзгеру қарқын ы,%
Барлығы тағайындалған	3198	4058	4534	4820	5111	160
ҰОС мүгедектеріне	19440	21195	23100	24720	26445	135
ҰОС қатысушыларына	19440	21195	23100	24720	26445	135
Батырларға	11664	25412	25803	27009	25976	222
I және II топ мүгедектеріне	1815	1979	2156	2308	2469	135
III топ мүгедектеріне	778	848	924	989	1058	136
16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға	1167	1272	1386	1494	1587	136
«Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, көп балалы аналарға	5055	8478	9240	9888	10578	210
Бірге 4 немесе одан көп кәмілетке толмаған балаларымен тұратын, көпбалалы отбасыларына	5055	5511	6006	6428	6876	136
Ақталған азаматтарға	1296	1413	1540	1648	1763	136
Ерен еңбегі үшін тағайындалған зейнетақы	1296	1413	1540	1648	1763	136
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған						

3 кестеден арнайы тағайындалған мемлекеттік жәрдемақылардың орташа мөлшерінің жылдан жылға артатындығын байқауға болады. Мәнді өзгеріске «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, көп балалы аналарға төленетін жәрдемақы шалдыққан. Осылайша оның 2013 жылғы көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 2 есе артқан. Батырларға төленетін жәрдемақы да айтарлықтай шамаға артқан. Оның көлемі 2013 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 2,2 есеге өскен. Бұл жәрдемақы көлемінің артуы оны алушылар санының жылдан жылға азаюымен түсіндіріледі. Өмірдің қиын жағдайларына тап болған тұлғаларға тегін әлеуметтік кепілдікті қызметтер көрсету жүйесі әртүрлі әлеуметтік қызметтер көрсетудің біртұтас спектрінен тұрады: тұрмыстық, медициналық,

психологиялық, педагогикалық, еңбектік, мәдениеттік, экономикалық, құқықтық. Сонымен, алғашқы халыққа әлеуметтік көмек көрсету саясаты аймақтық деңгейде жетілдірілуі тиіс, себебі тек осы жағдайда ол халыққа жақындай түседі. Бұл аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтар мен басқа категориялардың мәселелерін тиімді шешуге мүмкіншілік береді. Сонымен қатар, аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйелерді зерттеу экономикалық ғылымда бірден бір аса маңыды проблема болып қала береді. Бұл проблеманың бүкіл әлемде өз орны бар, себебі, мұнда белгілі заңдылықтармен сипатталған күрделі, жанамалы, динамикалық үрдістер өз көріністерін тапқан. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесі қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қолдайды, және оның бір жүйеден басқа жүйеге ауысу немесе қарқынды даму кезеңдерінде тұрақты сақталуына ықпал етеді. Индустриалды дамыған елдерді қоса батыс, шығыс елдерінде мемлекеттік әлеуметтік қамтамасыздандыру жүйесі әртүрлі. Бұл сол елдердегі ұлттық дәстүрлері мен жүйелердің даму ерекшеліктерімен түсіндіріледі [73].


Егер әлеуметтік көмек көрсетуді және оның тиімділігін кедейлікпен күрес ретінде қарастырсақ, онда атаулылықтың пайдасына экономикалық теорияның басты дәлелі кедейлікпен күрес құралдары ретінде аса тиянақтылық және келесідей мәселелермен түсіндіріледі: қоғамның ең кедей мүшелерін жәрдемақылар мен субсидиялармен қамтамасыз ету нақты болса, онда Әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларына бөлінетін ресурстарын жұмсау азаяды, сонымен қатар көзделген мақсатқа жету арзанға түседі, яғни кедейліктің деңгейі төмендейді. Басқа сөзбен айтқанда, егер мемлекеттің әлеуметтік саясаты кедейлік деңгейін төмендетуге бағытталса, онда әлеуметтік жәрдемақы түрінде берілетін құралдар тек қана кедейлерге берілуі тиіс. Барлық атаулы әлеуметтік бағдарламалар өздерінің «адресаттарының» тұрақты тұрмыстық жағдайларының жақсаруына мақсат қояды. Сол себепті, арқа сүйеушілік кейіпті мадақтау тәуекелділігін ескеру қажет. Егер мемлекет тұрмыс жағдай төмен азаматтарға елеулі материалды қолдау көрсетсе, онда олар сырттан келетін көмекке үміт артып, аса көп ақша табуға талпынбауы әбден мүмкін. Қорыта келгенде, Қазақстандағы және оның аймақтарындағы халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін экономикалық тұрғыда талдау нәтижелері отандық экономиканың даму тенденцияларына ерекше әсерін тигізетін бұл үрдіс жыл сайын жүйенің құрылымының жетіліп келе жатқанын көрсетеді. Жоғарыдағы талдау нәтижелері жыл өткен сайын әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің құрамындағы қызмет түрлерінің аясы кеңейіп, республикадағы халықтың экономикалық жағдайының жақсаруына әсерін тигізгенін байқауға болады.

## **2.2 ҚР-да халыққа әлеуметтік көмек көрсету бойынша мемлекеттік бағдарламалардың жалпыұлттық және аймақтық компоненттерін талдау**

Қазақстан азаматтарының тұрмыс сапасы мен деңгейін жақсарту, сонымен қатар, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мен көмек көрсету жүйесін жетілдіру мемлекеттің басты міндеті болып табылады. «2020 жылға дейінгі

Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық жоспарында» мемлекеттің ең басты стратегиялық мақсаттарының бірі 2020 жылға дейін халықтың кіріспен бірге қосқандағы үлесін күн көріс минимумынан 8% төмендету қарастырылған. Ал «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының мақсатты индикаторларының бірі 2011ж. 31 наурыз №316 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2015 жылға дейін кедейшілік деңгейін 6% -ға дейін төмендету болып табылады. Қазақстан экономикалық деңгейі бойынша әлі экономикасы дамушы елдердің қатарында. Бұл ретте Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламаларымен (БҰҰДБ) құрылған адам потенциалының даму Индексі бойынша, соңғы 2009 жылы жарияланған есепке сәйкес 182 елдің ішінен Қазақстан жалпы есепте 82 орынды иеленді. Сонымен қатар, ЖІӨ бойынша жан басына шыққанда -72 орынды иеленді. Бұл елімізге адам дамуы деңгейі жоғары елдер қатарына кіруге мүмкіншілік берді. ЖІӨ жан басына шаққанда 8451,8 АҚШ долларына тең болды [74].

Елде жан басына шаққандағы ЖІӨ - 2000 жылдан 2010 жылдан 9070,0 АҚШ долларға, және 2012 жылдан 12000 АҚШ долларға өсті. Аймақтық бөлу бойынша жан басына шаққандағы ең жоғарғы көрсеткіш ЖАӨ мынадай: Атырау облысы (3 655 млрд. теңге немесе 12,1%), Алматы қ. (5 218 млрд. теңге немесе 17,3%), сонымен қатар Астана қ. (2 572 млрд. теңге немесе 8,5%), Маңғыстау облысы (1 928 млрд. теңге немесе 6,4%), ал ең төмен көрсеткіш: Оңтүстік Қазақстан облысы (1 673 млрд. теңге немесе 5,5%), Алматы облысы (1 382 млрд. теңге немесе 4,6%), Жамбыл облысы (702 млрд. теңге немесе 2,3%) (сурет 9).



Сурет 9 – 2009-2013 жылдардағы жан басына шаққанда жиынтық аймақтық өнім

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

9 суреттен жан басына шаққандағы жиынтық аймақтық өнім (ЖАӨ) ел бойынша біркелкі үйлестірілмегенін көруге болады. Сәйкесінше осы жағдай аймақтардағы тұрғындардың өмір сүру деңгейінің әркелкі екенін көрсетеді. Атап айтқанда, Астана және Алматы қалалары мен Атырау және Қарағанды облыстарындағы жалпы аймақтық өнім көлемінің бір шама артық болуы осы аймақтар мен қалалардағы орташа еңбек ақы көлемінің жоғары болуына және мемлекеттік жәрдемақы алушылар санының аз болуына әкеледі.

Кірістердің біркелкі үлестірілмеуі, аймақ тұрғындарының кіріс көрсеткіштері бойынша алшақтықтарының ұлғаюы елдегі кедейшілік мәселесін одан әрі шиеленістіреді. Кедейшілік деңгейінің шынайы бағасын анықтау үшін ЕО-та барлық әлеуметтік төлемдерді есепке ала отырып, тұрғылықты елдегі орташа кіріс көрсеткішінің 60 %-нан төмен болатын кіріске ие халықты есептеу қабылданған. Осы мәліметтерді есепке ала отырып, кедейшіліктің шекті сомасы анықталды.

Қазақстан Республикасының аз қамтылған азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету критерийін орнату мақсатында атаулы әлеуметтік көмектің көлемін анықтау үшін Қазақстан Республикасының статистика Агенттігімен өткен маусымға есептелген Қазақстан Республикасы бойынша 2012 жылдың 4 маусымына күнкөріс минимумынан 40 пайыз деңгейінде кедейшіліктің шегі анықталды [75].

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), орталықсыздандырылған әлеуметтік көмек жүйесі, 2002 жылдың 1 қаңтарында ҚР-ның «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес енгізілді. Бұл Заң аз қамтылған халыққа мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге байланысты құқықтық қатынастарды реттейді. АӘК әлеуметтік көмек жүйесін жетілдіру мақсатында енгізілді және Қазақстандағы кедейшілікпен күрес бағдарламасының бір бөлігі болып табылады [76].

АӘК-ті ұйымдастыру мен төлеуді жүзеге асыруға толығымен жергілікті атқарушы органдар жауапты. Аймақтарда жергілікті атқарушы органдар шешімімен құрылған арнайы учаскелік комиссиялар қызмет етеді. Аталған учаскелік комиссиялар аймақ әкімдерімен бекітіліп, жергілікті уәкілетті органдармен келісілген Ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады. Учаскелік комиссиялар арыз берушінің АӘК-ке мұқтаждық деңгейі жөніндегі тұжырымдаманы облыс, Алматы және Астана қалалары әкімдері бекіткен нысанда дайындайды, қажет болған жағдайда қабылдап алған күннен бастап бес күн ішінде уәкілетті орган немесе ауыл әкімдері тарапынан учаскелік комиссиялар АӘК-ті алуға үміткерлер мен олардың отбасыларын зерттеп, тұжырымдамаларын уәкілетті органға немесе ауыл әкіміне жібереді. АӘК-ті көрсетуге ұсыныс білдіру келесідей жүзеге асады:

1. Арыз беруші өз жеке атынан немесе өз отбасының атынан тұрғылықты мекен-жайы бойынша уәкілетті органға немесе ол болмаған жағдайда ауыл әкіміне жүгінеді, бекітілген үлгі бойынша арыздардың тегін бланкілері мен өзге де құжаттарын ала алады. Құжаттар тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе әкімге беріледі.

2. Әкім немесе уәкілетті орган ұсынылатын құжаттармен бірге арыз берушінің арызын қабылдайды, оларды тіркеп, материалдық зертеу жүргізу мен тұжырымдаманы ұсыну үшін учаскелік комиссияға жібереді.

3. Учаскелік комиссия уәкілетті органның бұйрығы бойынша арыз беруші мен оның отбасысының материалдық жағдайын (кірісін) тексеріп, АӘК-ке мұқтаждық деңгейін жөнінде тұжырымдама дайындайды. Учаскелік комиссия жұмыс нәтижелерін тағы да ауыл әкімдігіне немесе қалалық (аудандық) уәкілетті органға ұсынады. Тұжырымдаманы тексеру мен дайындау уәкілетті органнан немесе ауыл әкімінен бұйрықты алғаннан кейін бескүндік мерзім ішінде аяқталуы тиіс.


4. Егер арыз беруші ауыл әкімдігіне арыз білдірсе, онда соңғысы арыз берушілердің құжаттарын арыз берушілерден құжаттар қабылдап алынғаннан бастап 20 күннен кешіктірмей уәкілетті органға өткізуі тиіс.

5. Уәкілетті орган құжаттарды арыз берушіден немесе ауыл әкімдігінен алғаннан бастап 10 күн ішінде қарастырады және облыстар, Алматы және Астана қалалары әкімдері бекіткен формада АӘК-ке ұсыну немесе ұсынудан бас тарту жөнінде шешім қабылдайды, қабылданған шешім жөнінде арыз берушіні ақпараттандырады. Ұсынудан бас тартқан жағдайда негіздемелері мен себептерін де келтіреді.

6. АӘК-ті тағайындау немес одан бас тарту туралы шешімге уәкілетті органның жетекшісі қол қояды. Егер АӘК-ке ұсынудан бас тартылған жағдайда арыз беруші жоғары тұрған органдарға немесе сот органдарына жүгіне алады [77].

АӘК-ке ұсыну туралы шешім әдетте материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша қабылданады, тексеру актісінде отбасы құрамы мен олардың кірістері секілді мәліметтер болады (натуралды кіріс, жеке шарушылық өнімдерін тұтыну және иеліктегі активтерін қоса алғанда (сурет 10).

Егер отбасы мүшелерінің санына бөлінген отбасының жиынтық айлық кірісі кедейлік шегінен төмен болса, онда аталған отбасы АӘК-ті алуға құқылы. Кедейлік шегі маусым сайын күн көріс минимумы деңгейінен алынған белгіленген пайыз түрінде бекітіледі. Кедейлік шегін анықтау 2000 жылдың қаңтарында күшіне енген «Күн көріс минимумы туралы» заңында келтірілген. Азық-түлік себетінің құрамы, сонымен қатар, әрбір өнімнің тұтыну нормалары Қазақстан тамақтандыру институтымен анықталған.




Сурет 10– Қазақстан Республикасындағы АӘК-ті басқару құрылымы

Ескерту – [77] әдебиеті негізінде автор құрастырған

Әрбір өнімнің орташа тұтыну нормасы тұтыну жасы, жынысы және нормаларынан шыға келе есептеледі. Күн көріс минимумы әрбір аймақ үшін, сонымен қатар, жалпы ел үшін есептеледі. Күн көріс минимумын есептеу кезінде тамақ өнімдерін тұтынудың орташа нормаларын ҚР статистика жөніндегі Агенттігі анықтаған орташа бөлшек сауда бағасына көбейтіледі, осылайша ел аумағы бойынша орташа тұтыну себетінің құны анықталады. Алайда, күн көріс минимумын анықтауда қолданылатын бөлшек сауда бағалары әр аймақта әр түрлі болып келеді [78].

Бөлшек сауда бағасының әр түрлі болуы себепті әр аймақтың күн көріс минимумы (КМ) да әр түрлі болып келеді.

Қазақстанда қолданылатын жүйе барлық аймақтарға өздерінде қалыптасқан бөлшек сауда бағасы бойынша аймақтық күн көріс минимумын есептеуге мүмкіндік береді (сурет 11).



Сурет 11– 2009-2013 жылдардағы табысы % бен өлшенген күнкөріс минимумының көлемі және оның мөлшерінен төмен тұрғындардың үлесі

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

ҚР Агенттігінің мәліметтері бойынша 2012 жылға қарағанда 2013 жылы күнкөріс минимумы 17789 теңгені құрап өскен. Тұрғындар арасындағы күнкөріс минимумынан табысы төмен тұрғындар үлесі 2012 жылдың үшінші тоқсанында 4,0 % (қала тұрғындары – 1,9 %, ауыл тұрғындары – 6,5 %) құрап, 2011 жылдың үшінші тоқсанынан (5,0 %) төмендеп, 1,0 пайызға азайған. Қазіргі таңда министрлік әлемдік тәжірибелер мен Қазақстанның мүмкіндігіне сүйене отырып, күнкөріс мөлшерін анықтаудың әдістемесін жетілдірудің мәселесімен айналысып, халыққа көмек көрсетуде критерий ретінде медианды кірістің зерттеуін аяқтады.

Алушыға бөлінетін АӘК мөлшері тоқсан сайын анықталады, бірақ АӘК-ті нақты төлеу ай сайын жүргізіледі. АӘК алу құқығы мен оның мөлшері отбасы құрамы мен оның қаржылық жағдайының өзгеруіне байланысты қайта қаралуы мүмкін. АӘК-ті алу құқығын қайта қарау АӘК-ті алушының отбасындағы материалдық жағдайдың өзгеруіне байланысты оның ерікті өтініші негізінде жүзеге асырылады. Жалғыз бастылар мен отбасылар сотта жергілікті атқарушы орган қабылдаған шешімге наразылық білдіру мүмкіндігіне ие. АӘК алатын жұмыссыз отбасы мүшесінің ұсынылған жұмыстан бас тартқан жағдайында оған АӘК төлеу 6 ай уақыт мерзімге тоқтатылады [79].

АӘК мөлшері отбасының жан басына шаққандағы табысы мен кедейшілік шегі арасындағы айырмасы арқылы өлшенеді.

2013 жылдың бастапқы 3 айында Қазақстандағы АӘК-ке жұмсалған шығынның жалпы көлемі 2,1 млрд теңгені құрады. 2013 жылдың бірінші тоқсанда АӘК алатындар саны 675,7 мың адамды құрады.

2013 жылдың бірінші тоқсанында әрбір АӘК алушыға шамамен 1118 теңгеден келді. 2002 жылға дейін әлеуметтік жәрдемақы алу құқығына тек 18

дейінгі балалар ғана ие болатын. Дегенмен Қазақстанның барлық тұрғындары, 18-ге толған кедейшілік шегінен төмен өмір сүретін ересектер де АӘК алуға құқылы. Бірақ, баяғыша АӘК алушылардың басым көпшілігі 18-ге толмаған балалар болып табылады. Оларелдегі барлық АӘК алушылардың 60%-ын құрайды.

АӘК алу құқығын анықтау барысында барлық табыс көздері, соның ішінде туыстардың көмегі, АӘК-ті есептемегендегі мақсатты баспаналық субсидиялар аз есептеледі. Кейбір адамдар АӘК алу құқығына ие болу үшін нөлдік табыс көзін көрсетіп жатады. Осындай кикілжіңді мәселелер туындамас үшін және отбасының нақты табыс мөлшерін анықтау мақсатында облыстық, қалалық және аудандық деңгейде үй шаруашылықтарын тексеру жүргізіледі.

АӘК алу құқығына отбасының құрамы мен көлемі әсер етеді. Ол бір мекенжай бойынша нақты қанша адам бірге тұратындығы және тіркелген адамдардың саны арқылы анықталады. Бірақ кей жағдайда отбасымен бірге уақытша тұрғындар немесе отбасы шығындарына қатысатын, бірақ өз табыстарын ресми мәлімдемейтін алыс туыстар тұруы мүмкін. Зейнеткерлер өздерінің балаларымен бірге тұрған жағдайда отбасы мүшесі болып саналады. Бірақ зейнеткерлер зейнетақыны отбасының жалпы табысы емес, өзінің жеке табысы ретінде санағандықтан мұндай тәсілге қарсы. АӘК-ті шынымен мұқтаждар алу үшін алдымен үй шаруашылығына нақты анықтама беру керек.

Атаулықтың астарында нақты әлеуметтік көмекті алуға құқылы не құқылы емес екендігі анықталады. Атаулықтың ұйғарымы бойынша, осыны иемденген белгілі адамдар әлеуметтік көмек алатындардың тізіміне енбеу керек.

Атаулықтың мақсаты аталған көмекке аса мұқтаж адамдарға көмек ретінде берілетін ресурстарды шоғырландыру болып табылады. Егер көмекті тек аз қамтылғандар ғана алатын болса, онда әрбір алушыға бөлінетін сома өседі немесе бағдарламаны жүзеге асыруға арналған шығындар азаяды. Атаулы көмектің субъектілерін дұрыс анықтау бағдарламаның кедей халықтың едәуір бөлігін қамтып отырғандығын білдіреді [80].

Егер көптеген аз қамтылғандар бағдарламадан тыс қалатын болса, оның кедейшілік ахуалына сәйкес әсері азаяды. Сөйтіп, атаулық бір жағынан халықтың әл-ауқатына өз әсерін тигізеді, бір жағынан бағдарламаның тиімділігі ретінде жақсарады.

Атаулы әлеуметтік бағдарлама мен кедейлікті жеңу бағдарламасының тиімділігін ұлғайтуға пайдалы болғанымен де, ол өзіндік құнын иемденеді. Бұл құн үш аспектіде қамтылады: әкімшілік, ынталандырушы және саяси. Тек пайымдау жолымен ғана қандай әдісті қолдана отырып жақсы нәтижеген жетуге болатындығын, әрбір атаулы қамту механизмінің шығыны мен кірсін анықтауға болады.

Атаулықпен қамту үшін «азқамтылған» және «көмекті алуға құқылы» сонымен қатар, бұған кірмейтін және оны алушылардың қатарынан алынуы керек дейтін түсініктерді ажырататын нақты механизм қажет. Бұл механизмнің өз құны бар. Жалпы, аз қамтылғандарды қалғандарды анықтау нақтыланған сайын, әкімшілік шығындар да жоғары болады. Мысалы, азқамтылғандарды



қалған санаттардан нақты ажырату үшін елдегі әрбір азаматтың әл-ауқатын зерттеуіміз керек. Ол үшін мерзімді және заттай табыстар, үй шаруашылығы құрамы, жергілікті баға, активтердің құны және сол сияқтылардың мұқият есеп-қисабы, онымен қоса олардың мәліметтерін тексеру қажет болады. Бұл күрделі де, қымбат тұратын іс. Сапасыз әдіс маусымдық пен заттай кіріс және олардың тексерісі секілді сұрақтарын ескермей, тек осы бағдарламаға қатысуға үміттілердің кірісін ғана бағалайды. Бұл тапсырманы орындау едәуір оңай, бірақ азқамтылғандардың қалғандарынан нақты айырмасын анықтап алу жүзеге аса қоймады. Қазақстанның әлеуметтік көмек жүйесіне бұл екі тәсілдің де элементтері сәйкес келе береді.

Атаулы жүйелердің ынталандырушы қасиеті бар, алайда ол аз қамтылғандарды жалпы халық арасынан ажыратып алу жөніндегі басты мақсатқа кедергі келтіреді. Атаулықтың артықшылығын кемітетін кері ынталандырудың басты үш түрі бар: әрекетсіздікті көтермелеу, уақытты немесе ресурстарды өнімсіз қолдану және қайта бөлу. Атаулы жүйенің тиімділігі мен нақтылығын өлшеу үшін мақсатты топты анықтап, атаулық қателерінің мәнін табу керек және осы мәліметтерді біріктіру керек.

Нағыз зерттеуде аз қамтылғандар санатына жатпайтын қабылдаушылардың санын бағдарлама қатысушыларының жалпы санына бөлу арқылы анықталатын коэффициент ағымының есебі жүргізілмейді (бағдарламаға қатысатын азаматтардың барлық санаттарын тексеру). Мәліметтердің болмауына байланысты бағдарламаға қатысуға тиіс болған, алайда одан тыс қалған азқамтылғандар санын жалпы азқамтылғандар санына бөлу арқылы есептелінетін түсу коэффициенттерінің де есебі жүргізілмейді [81].

Қатысу коэффициентінің (қатысуға тиіс болғандар санынан қатысатындардың үлесі) маңыздылығы төмен. 2002 жылы ел аумағы бойынша қатысу коэффициенті 50,5 % құрады, ал Астана қаласы, Қызылорда және Қостанай облыстарында сәйкесінше 15,8, 23,7 және 33,0% құраған. Қатысу коэффициенттері мүмкін деңгейден әлдеқайда төмен болуы мүмкін, ал ол өз кезегінде бағдарлама бюджетінің тек алғашқы арыз берушілерге ғана жететіндігінен болады. Мұндай қаржылық шектеу бағдарламаның мақсатына сай емес. Қатысу коэффициентін көтеру үшін (шектеулермен байланысты қателердің азаюы) атаулық механизмін өзгертудің және жүйенің қамту деңгейін жақсартудың керегі жоқ, бірақ өз мақсатына сай болуы үшін бағдарламаға толық қаржыландыруды қамтамасыз ету керек.

Қазақстандағы мақсатты топ құрамына мыналар кіреді: балалар, жұмыссыздар, қарт азаматтар, мүгедектер, мүгедектерді күтіп-қарайтын тұлғалар, сонымен қатар, оқуға келген жас адамдар.

2013 жылы еліміздегі орташа кедейшілік деңгейі 1 шаршы метрге шаққанда 6865 тг.-ні құрады. Алайда «кедейшілік» - бұл көпқырлы құбылыс болғандықтан, мыналарды қамтиды:

- азық-түлік тапшылығы;
- кіріс бойынша тапшылық;
- депривациядан айыру бойынша тапшылық;

- стратификациялық тапшылық;
- қоғамдық өмірден тыс қалған әлеуметтік тапшылық және т.б (12 сурет).


Күн көріс минимумы – бұл мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды құралы. Бұл әлемдік тәжірибеде абсолютті кедейшіліктің критерийі сапасында қолданылады және адамның басты қажеттіліктерін қанағаттандыратын минималды кіріс деңгейін «кедейшілік деңгейі» деп атайды.

2013 жылы Қазақстандағы кедейшілік деңгейін өлшеуге қолданылатын күн көріс минимумы 17789 тг.-ні құрады. Бұған қарамастан, соңғы жылдары көрсеткіштердің біршама өсуі байқалады, мысалы, 2010 ж. – 102,4%, 2011 ж. – 106,5%. Сонымен қатар, осы жылғы тұтынушы бағасы индексінің өсімі сәйкесінше 107,3% және 107,1% деңгейінде сақталды.

Қазақстандағы ресми мәліметтер бойынша кедейшілік деңгейі (күнкөріс минимумынан төмен кірісті халықтың бөлігі) 2013 жылы 2,9% -ды құрады. Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің хабарлауы бойынша Қазақстандағы кедейшілік деңгейі 2012 жылы 3,8% болса 2011 жылы 5,5% құраған [82].

«Күн көріс минимумының мөлшерінен төмен кірісті иемденуші республика халқының бір бөлігі 2013 жылы 2,9% құраған, яғни 2009 жылмен салыстырғанда 2,8 есеге азайған»- деп пресс-релизде расталуда.

Статистикалық мәліметтер бойынша, ауылдық және қалалық аймақтарда айтарлықтай төлемақы айырмашылығы сақталуда. 2012 жылы ауылдық жердегі кедейшілік деңгейі қалалық аймақпен салыстырғанда 3,2 есеге артып отыр (сурет 12).



Сурет 12 – Кедейшілік көрсеткіші төмен аймақтар, %

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған 2013 жылғы аймақтық көрсеткіштер ерекшелігін қарастыра отырып, статистика кедейшілік көрсеткішінің деңгейі жоғары аймақтарды айқындады,

оларға: Оңтүстік Қазақстан (7,9%), Солтүстік Қазақстан (5,7%), Жамбыл (4,9%), Батыс Қазақстан (4,1%) және Ақмола (3,9%) облыстары енді.

Тұтынуға жұмсалған кірістің сатып алу қабілетін талдау оның қалалық аймақта 2,2 есеге жоғары екенін көрсетті, ауылдық тұрғындар кірісі тек 1,7 тұтыну себет бағасын төлей алатынын көрсетті.

Кедейшілік бір-бірімен өзара байланысқан және бірқатар ерекшеліктерге ие құбылыс болғандықтан, оларды келесідей топтарға біріктіруге болады:

- экономикалық (жұмыссыздық, төменгі еңбекақы, төменгі еңбек өнімділігі, саланың бәсекеге қабілетсіздігі);

- әлеуметтік-медициналық (мүгедектік, кәрілік, аурудың жоғары деңгейі);

- демографиялық (толық емес жанұя, жанұядағы басқа адамдардың көмегіне мұқтаж адамдардың саны);

- әлеуметтік-экономикалық (әлеуметтік кепілдіктің төменгі деңгейі);

- білімдік-біліктілік (білімнің төменгі деңгейі, кәсіби дайындықтың жеткіліксіздігі);

- саяси (әскери қақтығыстар, еріксіз көшіп-қону);

- аймақтық-географиялық (аймақтардың біркелкі дамымауы).

Әлемдік тәжірибеге көз жүгіртсек, онда кедейшілікті анықтаудың негізгі үш тұжырымдамасының қалыптасқандығын байқауымызға болады. Олар мыналар: абсолютті кедейшілік, қатысты кедейшілік және субъективті кедейшілік.

Абсолютті кедейшілік - биологиялық тіршілік етуді қамтамасыз ететін тұтынушылықты ең төмен деңгейде қанағаттандыратын немесе өз табысымен тамаққа, тұрғын үйге, киімге, жылуға деген қажеттілікті қанағаттандыра алмайтын индивидтің жағдайы. Абсолютті кедейлену - тіршілік етудің негізгі көздеріне ең төмен қажеттілікті анықтайтын кедейшілік деңгейі болып табылады. Әлемдік Банк абсолюттік кедейшіліктің төменгі шегі күніне 1,25 америка долларынан кем болмау керек деп есептейді. Абсолюттік кедейшілікке қарама-қарсылық қатысты кедейшілікті туындатады. Қатысты кедейшіліктің өлшемі халық табысымен өлшенеді. Егер халықтың табысы артқанымен, оның бөлінуі өзгермесе, онда қатысты кедейшілік бұрынғы қалпында сақталады. Қатысты кедейшіліктің ауқымы абсолюттік кедейшілік ауқымымен сәйкес келмейді. Абсолюттік кедейшілік жойылуы мүмкін, бірақ қатысты кедейшілік үнемі сақталады және барлық әлеуметтік топтардың өмір сүру стандарттары артқанда жоғарылауы мүмкін.

Субъективті кедейшілік – бұл индивидтің өзі анықтайтын, өзінің көзқарасына негізделген кедейшілік тұжырымдамасы. Яғни индивид кедей не болмаса кедей емес екендігін өзі анықтайды. Субъективті кедейшілікті анықтаудың көптеген тәсілдері бар: мысалы, қанша адам өзін кедей деп санайды немесе достарының қанша бөлігін кедей топтарға жатқызады. Кедейшіліктің сандық сипатын алу үшін көп елдерде FGT (Foster - Greer - Thorbecke index) индексі қолданылады. Бұл индекс мыналарды бағалайды: белгілі бір критерийден төмен табыс табатын халық үлесін; кедейшілікті жою үшін, халықтың жан басына есептегендегі жетіспейтін табыс деңгейін

көрсететін кедейшілік тереңдігін; кедейшілік тереңдігінің толық сипатын беретін кедейшілік өткірлігін, өйткені ол вариация көрсеткіші болып табылады және кедейшілік арасындағы теңсіздікті немесе кедейлер табысының деңгейін көрсетеді [83].


Қазақстандағы кедейшілік көрсекіштерінің өзгеруі төменде келтірілген (кесте 4).

Кесте 4 - Қазақстан аймақтарының кедейшілік көрсеткіштері, %-бен

Атауы	Кедейліктің тереңдегі					Кедейліктің өткірлігі				
	2009	2010	2011	2012	2013	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	1,3	1,1	0,9	0,5	0,4	0,3	0,3	0,3	0,1	0,1
Ақмола	0,9	0,8	1,3	0,8	0,7	0,2	0,2	0,5	0,3	0,2
Ақтөбе	0,9	1,1	0,5	0,3	0,3	0,2	0,3	0,1	0,1	0,1
Алматы	2,6	0,8	0,4	0,4	0,4	0,7	0,1	0,1	0,1	0,1
Атырау	1,9	1,0	0,5	0,2	0,2	0,5	0,3	0,1	0,0	0,0
Батыс Қазақстан	1,2	0,6	0,9	0,5	0,4	0,3	0,1	0,2	0,1	0,1
Жамбыл	0,3	0,6	0,6	0,9	0,4	0,0	0,1	0,1	0,3	0,1
Қарағанды	0,6	0,7	0,6	0,4	0,4	0,2	0,2	0,2	0,1	0,1
Қостанай	1,2	1,0	0,9	0,5	0,6	0,3	0,3	0,3	0,2	0,2
Қызылорда	1,2	0,8	0,8	0,3	0,3	0,2	0,2	0,2	0,1	0,0
Маңғыстау	4,3	2,0	1,1	0,4	0,2	1,3	0,6	0,2	0,1	0,0
Оңтүстік Қазақстан	1,9	2,4	1,8	1,0	0,8	0,5	0,8	0,5	0,2	0,2
Павлодар	1,0	0,6	0,9	0,5	0,2	0,3	0,2	0,3	0,1	0,0
Солтүстік Қазақстан	1,1	0,8	1,8	1,0	1,0	0,3	0,2	0,6	0,3	0,4
Шығыс Қазақстан	1,2	1,3	1,5	0,6	0,3	0,3	0,3	0,5	0,2	0,1
Астана қ.	0,8	0,6	0,4	0,2	0,1	0,2	0,2	0,1	0,0	0,0
Алматы қ.	0,4	0,3	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0	0,0
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған										

Берілген статистикалық мәліметтер шеңберінде Қазақстан Республикасы аймақтарының кедейлік тереңдігі 2009 жылы 1,3% болған болса, 2013 жылы 0,4%-ға жеткен, ал кедейлік өткірлігі осы жылдары 0,1% -ға азайған. 2013 жылы кірісі күнкөріс минимумынан төмен халықтың көп бөлігі 5 немесе одан да көп (7,62%) адамнан тұратын, үй шаруашылығына тиісті. Үй шаруашылығының көлемі азайған сайын кедейшілік деңгейі де төмендейді. Қайта пайда болған жағдай үй шаруашылығына асыраушылық деңгейі мен қысым түсірілуімен шартталады, сонымен қатар, жанұяда кірісі төмен (зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер) немесе кірісі мүлдем жоқ (жұмыссыздар, үй шаруашылығындағы адамдар) адамдардың болуымен сипатталады [84].

Кедейлік деңгейінің өзгеруін байқау үшін кедейлік деңгейінің 2009-2013 жылдар аралығындағы динамикасын талдау қажет (сурет 13).




Сурет 13 - 2009-2013 ж.ж. Қазақстандағы кедейлік деңгейінің динамикасы, %

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

2009-2013 жылдар аралығындағы кедейлік деңгейінің динамикасын талдау 2013 жылғы республика бойынша күнкөріс минимумынан табысы төмен тұрғындар үлесі 2,9% құрап, 2009 жылғы деңгейден 2,8 есеге азайғандығын көрсетеді. 2013 жылы ауылдық мекендерде кедейлік деңгейі қала деңгейінен асып түсіп 3,7 есе артты. Кедейшілік деңгейін төмендетуге бағытталған бағдарламалардың бірі ретінде 2011 жылы қабылданған «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы. «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасында көзделген міндеттерді іске асыру барысында 2016 жылға қарай келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады: кедейшілік деңгейі 8,2%-дан 6%-ға төмендету; жұмыссыздық деңгейі 5,5% аспау; жұмыспен қамтылған халық құрамындағы өз бетінше жұмыспен айналысушылардың үлесі 33,3%-дан 26%-ға төмендету және еңбек өнімділігінің қосымша өсімі 20% құрауы. 2012 жылғы тамызда жұмыссыздар саны, бағалау бойынша, 467,8 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 5,2% құрады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халыққа әлеуметтік көмек көрсету министрлігінің жұмыспен қамту органдарында 2012 жылғы тамыз айының соңына 61,5 мың адам («Жұмыспен қамту бағдарламасы-2020» қатысатындар құрамына енгізілген тұлғалардың есебінсіз) ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздар үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,7%-ын құрады (2011 ж. тамызда-0,8%)», - делінген хабарламада [85].

Жоғарыда республика бойынша жан басына шаққандағы ЖАӨ талдаған болатынбыз. Сол талдау негізінде табысы тұтыну көлемінен, демек КМ-нан төмен аймақтар анықталды (сурет 14).



Сурет 14- Табысы тұтыну көлемінен КМ-нан төмен аймақтар үлесі, %

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

13 суреттен Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында ауыл тұрғындарының табысы тұтыну көлемінен төмен тұрғындар үлесінің жоғары екендігін байқауға болады (сәйкесінше 6%, 10,7%, 5%, 7,9%). Ал Атырау және Маңғыстау облыстарында керісінше жағдайлар орын алады (сәйкесінше 3,3%, 3,7%). Тұрғындардың өмір сүру жағдайын бағалау үшін күнкөріс минимумы мен тұтынушылыққа қолданылған табыс арақатынасын анықтау қажет (кесте 5).


Кесте 5 - Күнкөріс аумағында тұтынушылық пен табыс арақатынасы

жылдар	КМ аумағы, бір айдағы орташа жан басына шаққанда, тенге	Орташа жан басына шаққанда бір айдағы тұтынушылыққа қолданылатын табыс, тенге			КМ аумағында тұтынушылық пен табыс арақатынасы, пайызбен		
		барлығы	қала	ауыл	барлығы	қала	ауыл
2009	12 660	20 037	23 365	16 271	162,1	189,0	131,6
2010	13 487	21 348	25 008	17 136	168,6	197,5	135,4
2011	16 072	26 152	30 529	20 985	193,9	226,4	155,6
2012	16815	30 637	34 612	25 865	190,6	215,4	160,9
2013	17789	33745	37802	28850	200,7	224,8	171,6

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

5 кестедегі деректер табыстың тұтыну кезінде пайдаланатын сатып алушылық қабілеті қалалық мекендерде деңгейінің 2,2 есеге жоғарылағанын көрсетеді, ал ауылдық мекендердің тұрғындарының табысы тұтынушы себетінің 1,7 бөлігін қамти алады [86].

Табысы күнкөріс минимумынан төмен шаруашылықтарды талдау нәтижелері төменде берілген (сурет 15).



Сурет 15- Табысы тұтыну көлемінен күнкөріс мөлшері төмен тұрғындар үлесі, %-бен

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Төмендеудің оң үрдісіне қарамастан, 2013 жылғы табысы күнкөріс минимумынан төмен шаруашылықтар 5 және одан да көп тұрғындардан тұрады (7,62%). Шаруашылықтың көлемі кішіреюіне байланысты олардың арасындағы кедейлік деңгейі де төмендейді. Қалыптасқан жағдай шаруашылыққа түскен қамқоршылық жүктің түсуімен, шаруашылық құрамында табыс көзі төмен жандардың (зейнеткерлер, мүгедектер, студенттер) не табыс көзі мүлде жоқ адамдардың (жұмыссыз, үй шаруасындағылар) болуымен анықталады.

Қалалық және ауылдық кедейшіліктің айырмашылығы қалалық және ауылдық тұрғындардың лайықты тұрмысы үшін жеткілікті табыс алуға мүмкіншіліктерінің тең еместігімен түсіндіріледі. Қалаларда құрылыс, сауда және қызмет көрсету салалары белсенді дамып, сонымен қатар, дәстүрлі өнеркәсіптік объектілер қалаларда орналасқандықтан жалақы соған сәйкес жоғары болады. Осыған орай, қалаларда еңбек ақы жоғары болғандықтан, тұрғындардың білім деңгейі жоғары және соған сәйкес кедейшілік көрсеткіші қалаларда төмен [87].

Жалпы, елдегі КМ көрсеткішінің тұрақты түрде өсуі тұрғындардың кіріс мөлшері көбеюімен байланысты, осылайша КМ аумағы орташа жан басына шаққанда 2009 жылы 12660 тенге болса, бұл көрсеткіш 2013 жылы 17789 тенгені құрап отыр. Ақшалай кірістің негізгі өсімі өндіруші және өңдеуші кәсіпорындарда, қаржылық қызмет орындарында, құрылыста, көлік және байланыс қызметтерінде, қызмет көрсету салаларында еңбекақының артуымен анықталады.

2013 жылы жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыс Қазақстан Республикасында 112,7% болып айқындалды. Алайда әжептеуір азаю

байқалса да, аймақтық салыстыру бойынша және қалалық және ауылдық аймақ бойынша салыстыруларда жан басына шаққандағы ақшалай табыс та айтарлықтай диспропорция сақталуда (кесте 6).


Кесте 6 - Халықтың номиналды ақшалай табысын талдау

Атауы	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.
Қазақстан Республикасы	103,9	113,1	118,5	112,7	109,0
Ақмола	108,2	111	128,4	111,8	105,4
Ақтөбе	96,3	115	115,9	119,9	108,0
Алматы	98,7	120,7	128,3	115,8	111,0
Атырау	105,3	110	119,8	111,6	111,7
Шығыс Қазақстан	113,4	113,5	120,8	114,4	105,4
Жамбыл	104,1	122,4	107,2	114,1	105,9
Батыс Қазақстан	109	117,3	109,9	107	109,1
Қарағанды	104,1	112,2	122,6	114,7	109,1
Қостанай	102,3	116,6	126,1	115,4	106,7
Қызылорда	107,3	116,1	111,8	112,3	108,5
Маңғыстау	89,8	112,9	116,1	119,4	106,8
Павлодар	101,8	110,7	125	115,6	109,4
Солтүстік Қазақстан	113,4	117,3	125,6	107,4	107,6
Оңтүстік Қазақстан	104,5	113,9	115,6	112,6	110,3
Астана қ.	109,2	104,5	115,4	108,4	109,1
Алматы қ.	101,6	99,3	121,7	113,6	110,2
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған					

Жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнімнің көрсеткіштері ең жоғары территориялар ең жоғары ақшалай табыс көлемімен ерекшеленеді. Ең жоғары номиналды ақшалай табыс Ақтөбе (108,0% ), Маңғыстау (106,8%) облысына тән, ал ең төмен Алматы (111,7%), Павлодар (109,4%), Қостанай (106,7%) облыстарына тән. Келтірілген мәліметке сәйкес, 2012 жылғы көрсеткішпен алғанда номиналды ақшалай табыс ауқымы бойынша төменгі шек Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының меншігінде. Бұл аймақтарда орташа табыс көрсеткіші республикадағы орташа көрсеткіш деңгейінен төмен дейді статистик мамандар.

Халықтың орташа жан басына шаққандағы номиналды және нақты ақшалай табыстарының индексі келесі 16 суретте берілген.





Сурет 16 – Халықтың орташа жан басына шаққандағы номиналды және нақты ақшалай табыстарының индексі, %

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

17 суреттен республика халқының орташа жан басына шаққандағы номиналды және нақты ақшалай табыстарының индексінің 2010-2011 жылдар аралдығында мәнді өзгерісі байқалады. Номиналды ақшалай табыс индексі 2009 жылмен салыстырғанда 2013 жылы айтарлықтай төмендеген (1,3%). Ал орташа айлықта кері өзгерістер байқалады, осылайша 2009 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 1,6 есе артқан.

Жалпы, жұмыссыздық және тұрғындардың төмен табыстары Қазақстанда ең негізгі кедейшілік себептері болып отыр. Экономикалық өсімге қарамастан, жалақысы төмен жұмыскерлер саны сақталып отыр, сонымен қатар салалық және аймақтық, қалалық және ауылдық аймақтарда жалақы төлеудегі айқын дифференциясы елдегі кедейшіліктің басты факторы.

Әлеуметтік саясаттың артықшылықтарын айшықтау абсолюттік кедейшілік деңгейінің анықталуынан басқа әлеуметтік маңызды тауар мен қызметтердің қолжетімділігімен байланысты халықтың белгілі деңгейдегі кедейшілігін анықтауды талап етеді. Халықтың кедей тобын жоғары білімді мамандар, бюджеттік сала қызметкерлері құрайды, (денсаулық сақтау, білім және мәдениет) олардың жалақысы елдегі орташа еңбекақы көлемі бойынша 70%-дан аспайды. Ауыл шаруашылығында бұл арақатынас 55%-дық деңгейде. Мамандар мен жоғарғы білікті жұмысшылардың көп бөлігі табыстың жоғары болуы мен өз мамандығы бойынша жұмыссыздыққа байланысты сауда мен қызмет көрсету саласында (яғни өз мамандығы мен біліктілігі бойынша емес) жұмыс істейді. Сол мезетте жоғары және орташа білімі бар жұмыссыздардың бөлігі жоғары болғаны (44%-ға жуық).

Ең жоғарғы ЖАӨ Атырау, Маңғыстау облыстарында болғанына қарамастан, мұнда ең жоғарғы кедейлік деңгейі орын алған. Осыған сәйкес

экономикалық өсу әр азаматтың әл-ауқатының өсуіне сай болмайтыны айқындалады.

Тағы бір айта кететін жәйт, Қазақстанда материалдық жағдайы төмен отбасыларында бала саны көп. 1- квинтильдік топта (ең төменгі табыспен) еңбек етуге қабілетті жастағы халықтан жасы кіші тұрғындар үлесі 32,8%, ал 5-топта (ең жоғарғы табыспен) 9,4% -ды құрайды.

Кедейшіліктің жоғары дәрежедегі көрсеткіші көбінесе бала саны көп өңірлерде байқалады. Мысалы, Маңғыстау, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы балалар саны үлесі 31% дан жоғары.

Тағы бір айта кететін жәйт, Қазақстанда материалдық жағдайы төмен отбасыларында бала саны көп. 1- квинтильдік топта (ең төменгі табыспен) еңбек етуге қабілетті жастағы халықтан жасы кіші тұрғындар үлесі 32,8%, ал 5-топта (ең жоғарғы табыспен) 9,4% құрайды [88].

Кедейшіліктің жоғары дәрежедегі көрсеткіші көбінесе бала саны көп өңірлерде байқалады. Мысалы, Маңғыстау, Қызылорда және Оңт. Қазақстан облыстарындағы балалар саны үлесі 31% дан жоғары.

Аймақтардағы АӘК салыстырулары бойынша 2013 жылы облыстағы АӘК-ті алушы үлкен топты балалар құраған (46%дан -64%ға дейін). Қазақстандағы әрбір отбасындағы орташа адам саны – 3,6, бірақ бұл көрсеткіштің түрленуі аймақ пен тұрғылықты жерге байланысты болады. Еліміздің Оңтүстік Батысындағы негізгі тұрғындардың отбасылары үлкен. Бұған Қызылорда (5,1 адам), Оңтүстік Қазақстан (4,9 адам), Атырау (4,6 адам) және Жамбыл (4,1адам) облыстары кіреді. Көпбалалы отбасылар көбіне кедейлік қаупіне тап болады. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында АӘК ті алушы балалар өте көп (64,63-62%). Жұмыссыздар көлемі бойынша 2-топта, олар АӘК-ті алушылардың 10,4%-нан бастап 39,4% құрайды. Ал АӘК алушылардың басқа тобы 4,3-21,6% құрайды. Қарағанды облысы, Астана қаласы, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарындағы олардың үлесі 21,6-26,7 және 17%.

Елде АӘК-тің орташа көлемі құбылуда. Жыл басында АӘК жәрдемақысының ең жоғарғы көлемі 1506 тг, ал ең кішісі 500 тенгені құрады.

2013 жылы Маңғыстау облысынан басқа облыстардың барлығында алдымен АӘК көлемі жоғарылауының, кейін төмендеуінің беталысы бақыланды. Маңғыстау облысында еліміздегі АӘК-тің ең үлкен көлемі 1740 тг.құрады, кейін ол көрсеткіш ағымдағы жылда тағы 482 теңгеге жоғарылаған. Бір мезгілде Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында шамамен жылдың соңғы жағдайына қарай 500 теңгеден жәрдемақының ең төменгі мөлшері құрылды.

Атырау, Қостанай облыстарында және Алматы қаласында нақты бюджет 100%-ға орындалды. Жергілікті бюджет шығындарының нашар жағдайы Алматы облысында және Астана қаласында 74,5 және 84,7 %- ға сәйкес бақыланды. Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан облыстарында бұл цифр шамамен 100 %-ды құрады.

Қазақстандағы кедейшілік деңгейін анықтаудың басқаша жолы әр облыстағы (қаладағы) халықтардың жалпы санындағы АӘК алушылардың алатын үлес салмағы болып табылады. АӘК алушылардың ең жоғарғы саны Қызылорда облысында белгіленді. Одан кейін Атырау облысы, ал үшінші орынды Ақтөбе облысы иеленеді. АӘК алушылардың ең төменгі саны Астанада, одан кейін Алматы қаласында белгіленді. АӘК алушылардың саны онда ерекшеленетін бюджет құралдарының соммасында немесе АӘК-те бар ықпалымен тұрақты тәуелділікте болады. Бұл бюджет аспектісінде АӘК-ға құралдардың ең жоғарғы соммасы нәтижелерінің сәйкес келмеуі міндетті болып саналмайтын Алматы облысында, одан кейін Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстарында (II және III орын сәйкес) ерекшеленді.

Алайда, бұдан кейін кедейшілік ерекшеліктері АӘК сомасының анықталуының критерийі әр түрлі облыстарға сәйкес келмейтінін ескерту керек. Егер АӘК бюджетінің корреляциясынан және үлес алушылардан шығарар болсақ, онда кедейшілік белгілерінің әр түрлілігін құру қиын, бәрібір қажет еткендер көмек алады.

Қазақстандағы кедейшілік масштабтары аймақтық тұрғыда кіріс деңгейінің айырмашылықтары аймақтар арасындағы басты түрмен кұбылуда. Бұл ретте еңбекақы деңгейі бойынша шамамен үш дәрежелі айырмашылығы байқалады. Бір айта кететіні, жоғары экономикалық көрсеткіштер жағдайы кедей халықтың жағдайында үнемі айтыла бермейді. Мысалы, Маңғыстау облысында жан басына шаққанда елдегі ең үлкен аймақтық жиынтық өнім байқалады, алайда, аз қамтылған халықтың ең үлкен бөлігі осы жерде.

Одан басқа түрлі аймақтардағы тұрғылықты халықтың қаржы кірісінен де айтарлықтай айырмашылық көрінеді. Маңғыстау облысында әсіресе аз қамтылған ауылдық округтерде (ауданда) ол халықтың 46,2%-ын құрайды, қазба өндірісіндегі орташа номиналды жалақы ауыл шаруашылығына қарағанда 8,5 есе жоғары. Байқағанымыздай, қаржы ресурсын қайта қарайтын әсерлі жүйенің жоқтығынан экономикалық өсім өзінен-өзі адамдардың материалдық жағдайының жақсаруына кепіл бола алмайды [89].

Маңғыстау және Атырау облыстарында күнкөрістің ең төменгі мөлшері 6453 теңге мен 6045 теңгені құрайды. Сонымен қатар, кедейлік сатысы да ең жоғарғы орындарда тұр, себебі ол анықтаулар бойынша күнкөріс минимумының 40%-ын құрайды. Оңтүстік Қазақстанда күнкөріс минимумы ең төменгі көрсеткішті- 3900 теңге құрады. Кедейлік белгілері өңірлерде 2535 теңгеден 1502 теңге аралығын қамтиды.

Халықтың тұрмыс деңгейі индикаторларының ішінен «жан басына шаққандағы табыстың сатылым мүмкіндігі» ақпараттық жағынан басымырақ көрсеткіш болып табылады. Қолданысқа жұмсалған табыстың сатылым мүмкіндігі мен аймақтық кедейлердің үлесі арасындағы корреляциялық байланыс өте тығыз, корреляция коэффициенті 0,88-ге тең. Қолданысқа жұмсалған жан басына шаққандағы табыстың сатылым мүмкіндігі 2001 жылы 124,7%-ды құрады, ал 2007 жылға дейін бұл көрсеткіш өссе, 2008 жылы ол 162,1%-ға төмендеді, 2009 және 2010 жылдары қайтадан көтерілді (168,6%

және 193,9%).

Мемлекеттің экономикалық дамуының спецификасын, экономикалық әрекеттің түрлеріне қарай тұрғындардың жұмысбастылығын анықтау, экономикалық белсенділіктің төмен болуы, еңбек төлемінің төмендігі жан басына шаққандағы табысқа, демек, азық-түліктің экономикалық мүмкіндікке әсер етеді (кесте 7).

Кесте 7 - Қазақстан тұрғындарының тұтыну бағаларының, ақшалай табысының индексінің динамикасы

Көрсеткіштер	Алдыңғы жылмен салыстырғанда, %-бен				
	Жылдар				
	2009	2010	2011	2012	2013
Тұтыну бағасының индексі	107,3	107,1	108,3	105,1	103,0
Сату тауарларына баға индексі	106,0	106,2	111,9	104,5	101,9
Халықтың жан басына шаққандағы нақты ақшалай табысы	96,9	109,4	104,0	102,1	102,8
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған					

Республикамызда, бүкіл әлемдегідей, тұтыну бағаларының тұрақты өсуі байқалады. Қарастырылған кезеңде ол 1,7 есе өсті. Жан басына шаққанда нақтылы тұрғындардың кірісі 2 есеге көбейді (шынайысында 21%). Бұл республикамыздағы тұрғындардың тұтынушы қабілеттілігінің төмендеуін бейнелейді.

2013 жылғы зерттеулер сатып алудың төмендеуі жан басына шаққандағы ақшалай табыс негізгі азық-түліктерді де қамтиды.

Соңғы бес жылда халық саны жылына орта есеппен ширек миллионға өсті, 2011 жылдың аяғында бұл көрсеткіш 16,7 млн. болды. Жартысы – оңтүстік өңірлерде шоғырланған, бұл аймақта халық санының артуы ерекше. Ол сондай-ақ мұнайлы өңірлерде де ерекше қарқынмен өсті: 2001-2011 жылдары Атырау облысында халық санының ұлғаюы 20%-ды құраса, Маңғыстау облысында 60%-дан астам болды, Астанада - 116%-дың үстінде болса, Алматыда - 20%-дан астам болды. Солтүстік өңірлерде бұл көрсеткіштер кері бағытта болды.

Табыстың артуына ол жұмыс пен жалақының артуы себеп болды. Жұмысбастылар саны 2006 жылы 1 миллион болса, 2011 жылдың аяғына таман 8,4 млн. артты. Экономикалық белсенді тұрғындар арасындағы жұмысбастылар үлесі 5 жылдың ішінде 92%-дан 95%-ға дейін ұлғайды.

Қызмет көрсету мен өндіріс саласындағы жұмыскерлердің үлесі ауыл шаруашылығындағы жұмысбастылардың азаюының арқасында жоғарылайды. Бұл дегеніміз ерлер мен әйелдер жалақыларының арасының жақындауы 38% -дан 28% -ға дейін (2000-2010), зейнетақы мен жалақының өзара жақындауы, әлеуметтік саясатты жетілдіру халық жағдайын жақсартады.


Жан басына шаққандағы ақшалай кіріс мөлшері 2006 жылға 152 доллардан 2011 жылы 308 долларға екі еселенді, нақты ақшалай табыс орта есеппен жылына 10%-дан артып отырды. Күнкөріс минимумы бұл жылдары 67доллардан 110долларға дейін ұлғайды.

Тұрмысы төмен халықтың 10%-ның нақты табыс мөлшері жағдайы жақсы халықтың 10%-ның нақты табысынан 2001-2010 жылдары 1,5 есеге артық болатын. 2001 жылы үй шараушысындағы халықтың 1 айда түсетін табысы 10 доллардан кем болса, тек біразының ғана табысы 60 доллардан артық болды. Балама көрсеткіштер 2010 жылы сәйкесінше 75 және 339 доллар болды [90].

Сатып алу мүмкіндігін кеңейту бойынша алда тұрған аймақтарға мұнайлы өңірлер және ірі қалалар жатады. Жоғарғы табысты қалада бағалардың да жоғары болуы, басқа өңірлерге қарағанда ол қаланың жағдайының жақсы екенін білдіреді. Мысалы, Алматы бағалардың жоғарылауы жағынан басқа өңірлермен салыстырғанда көш бойы ілгері тұр. Бұл қалада 2011 жылы тұрғын үйдің шаршы метрінің құны Қазақстан бойынша орта көрсеткіштен 56%-ға артық болды. Үй шаруасындағы адамдар орташа алғанда отбасылық бюджеттің 40%-ын азық-түлікке жұмсайды. Бірақ тағамдық емес тауарлар мен қызметтерге шығын қарқынды дамуда. Аналитиктердің есептеуінше, жалпы ішкі өнімнің артуынан алдағы онжылдықта халықтың табысы орта есеппен жылына 6-7%-ға ұлғаяды. Алматы мен Астанада, Батыс пен Орталық Қазақстанның өндірістік және инфрақұрылымдық жобаларының жүзеге асырылуы арқасында тұтынушылық көрсеткіші жылдам артуы керек. Демографиялық тенденция мен әлеуметтік теңсіздіктерді жоюға бағытталған мемлекет саясатын есепке ала отырып, Оңтүстік өңірлерде де сатып алу мүмкіндігінің кеңеюі байқалу керек.

2001-2010 ж.ж аралығында Қазақстандағы сатып алушылық қабілеттіліктің кірісі (тұтынылған кіріс, зейнетақы, жәрдемақылардың орташа есебі) екі күн көріс минимумынан асқан жоқ. Сонда қалайша Ресейде 2001 жылдан бастап жан басына шаққандағы табыс, күнкөріс минимумынан 2 есе асып отыр, ал 2008 жылға сатып алушылық қабілеттіліктің кірісі 3,3 минималды күнкөрісті құрады. Эстония мен Венгрияның сатып алушылық қабілеттілігінің кірісі, Қазақстанның сатып алушылық қабілеттілігінің кірісінен 2 есеге, ал Англия азаматтары 3,8 есеге жоғары болып отыр. Яғни, дамыған елдер қатарымен салыстырғанда Қазақстан халқының тұрмыстық деңгейі артта қалуда.

Аймақтардағы халықтың ақшалай кірісінің құрылымында, сондай-ақ Қазақстандағы үлкен бөлігін еңбекпен табылған табыс құрайды. Сонымен қатар, еңбекпен табылған табыс бөлігінің үлкен бөлігі Маңғыстау, Атырау және Алматы облыстарында байқалады (92,5%, 90,2% және 86,1% сәйкес), Солтүстік - Қазақстанда (21,4%), Ақмолада (19,7%), Қостанайда (20,0%) және Шығыс - Қазақстан облыстарында (19,6%), ең азы - Маңғыстау (6,5%) және Атырау (9,1%). Атырау және Маңғыстау облыстары Қазақстанның мұнай өндіруші аймақтарына кіреді, бұл облыстарда экономиканың өндіруші секторларының жоғары еңбекақылығы қарастырылады, мемлекеттің орташа еңбекақы мен әлеуметтік трансферттерінің арасындағы көлемнің қатты дифференциалануына әкеледі. Бұл бірінші орында кіріс құрылымындағы еңбек қызметінің артуына және әлеуметтік трансферттердің төмендеуіне әкеледі (сурет 17).



Сурет 17 – 2009-2013 жылдардағы өңірлердегі үй шаруашылығындағы мемлекеттік әлеуметтік трансферттер құрылымы

Ескерту - ҚР статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автор құрастырған

Халықтың табысы жергілікті жердің түріне (қала/ауыл) байланысты өзгеріп отырады. 2013 жылдың 4 тоқсанында қалалық тұрғындардың табысы ауылдағы тұрғындардың табысынан 1,5 есе артып, 121 956 теңгені құрады. Ауылда тұратын халықтың жалданып табатын табысы қалалықтардың табысынан шамамен 2 есеге төмен, ал өзіне жұмыс істейтіндер мен кәсіпкерлікпен айналысатындар табысы 1,7 есеге артық болып отыр. 2013 жылдың 4 тоқсанында қала тұрғындарынан жалданып қызмет ететіндер саны 3,8 млн адамды құраса, ауылдық жерде бұл көрсеткіш шамамен 2 есеге аз болып - 2,1 млн адамды құрады, өз ісімен айналысатын қалалық тұрғындар саны 829,9 мың адам болса, ауылдық өңірде 1 823,8 мың адам болды, бұл қала тұрғындарынан 2,2 есеге артық көрсеткіш [90].

Әлеуметтік трансферт тобында қалалық көрсеткіштер жәрдемақы түрінде артық болып отыр, 2013 жылдың 4 кварталында жәрдемақы ауылдық тұрғындар үшін 2739 теңге құрады (қалалық тұрғындай үшін 2204 теңге).

Жеке меншік мүліктен түсетін табыс үлесі (0,4%) аз да болса, қалалық тұрғындарға көбірек жақын. Қалалық жердегі жеке меншік мүліктен түсетін табыс мөлшері 556 теңге, бұл ауылдық жердегі көрсеткіштен 2,3 есеге артық.

Туысқандардан, таныстардан алған материалдық көмек, алимент түріндегі табыстар қалада 3,0% құраса, ауылдық жерде 3,8% құрады, бір қызығы көрсеткіштің абсолют саны қалалық жерде ауылдыққа қарағанда 1,2 есеге артық болып шықты.

Туысқандардан, таныстардан алған материалдық көмек, алимент түріндегі табыстар қалада 3,0% құраса, ауылдық жерде 3,8% құрады, бір қызығы көрсеткіштің абсолют саны қалалық жерде ауылдыққа қарағанда 1,2 есеге артық болып шықты.

Өңірлердегі табыстарды салыстырсақ, орташа жан басына шаққандағы табыс бойынша Алматы қаласы 171 715 деген көрсеткішпен алдыңғы орында тұр. Ал ең төменгі табыс - 67 250 теңге Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелген. Өңірлік дифференциация 2,6 есені құрады.

Өңірлердегі халықтың ақшалай табысының ұлғаюы қарқынын қарастырар болсақ, 2013 жылдың қорытындысы бойынша бірінші орын Қарағанды облысының еншісінде (118,9%), кезекте Павлодар облысы (118,7%), Солтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстары (116,4% және 115,7% сәйкесінше), Елорда мен Қызылорда облысының тұрғындары табысының арту қарқыны төмен (102,2% және 103,8%).

Жалданып жұмыс істеп табатын табыстың қарқынды ұлғаюу қарқыны Қарағанды және Қызылорда облыстарында 119,4% және 118,2%-дарды құрады.

Ақысы төленетін еңбекпен қатар тұратын, Оңтүстік Қазақстан халқы үшін маңызды табыс көзіне айналған кәсіпкерліктен түсетін табыстың орны ерекше. 2012 жылдың қорытындысы бойынша аталмыш табыс мөлшерінің үлесі 28,1%, абсолюттік мәнде – 18 903 теңгені құрады, ең төменгі көрсеткіш облыс орталығында тіркелген – 2,7%, абсолюттік мәні -3 857 теңге. Өңірлік дифференциация 4,9 есені құрады.

Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының ақшалай табысының 1/5 бөлігін зейнетақы құрады(18,4% немесе 17 954 теңге) және бұл ең жоғарғы көрсеткіш, әлеуметтік трансферттің бұл түрі Маңғыстау облысы халқы үшін аса маңызды болмады (5,5% немесе 6 589 теңге).

Табыстарды келу түріне қарай салыстырсақ, туысқандардан келетін материалды көмек, алименттерден түсетін табыстардың ерекше қарқынмен дамығанын байқаймыз. Бір жылдың ішінде туысқандардан келетін материалды көмек, алименттерден түсетін табыстар 125,6%-ға артқан, осылайша 2013 жылы ол 3 923 теңгені құраған [91].

Еңбек қызметінің кірісі жалға беру ісінің кірісінен және өз бетімен істеген қызметінің кірісінен құралады. Еңбек қызметінің кіріс структурасының барынша үлкен бөлігін жалпы барлық Қазақстан үшін тән жалға беру ісі құрайды. Бірақ, аймақтық тұрғыда бұл бөлік өзгеріп отырады. Сонымен, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында кәсіпкерлік пен өз бетімен қызмет атқару бөлігі өте жоғары ( ОҚО, Алматы қаласынан 3,8 есе үлкен). Авторлардың ойынша мұндай маңызды айырашылық, өз бетімен қызмет атқаруға кіретін жеке меншік отбасылық фермерлік шаруашылықтардың үлкен бөлікте қолда бар болуы себебінен қарастырылуы мүмкін.

Әлеуметтік трансферттер қатарындағы барынша үлкен меншікті салмағы бар зейнетақы (барлық трансферттердің 70% аса). Сонымен қатар, жәрдем ақылардың әр - түрлі түрлері, ол уақытта шәкіртақы ең төмен рөл атқарады. Төмен дәрежедегі азық-түлік кедейлігі, ұйшаруашылық қызметкерлерінің аз

бөлік алуы және де жәрдемақылардың өздерінің көлемінің аздығымен түсіндірілетін АӘК және тұрғын үй жәрдем рөлінің аздығы.

Тұтынуға негізделген халық табысы Қазақстан Республикасының әр аймағында біркелкі емес. Ол сол аймақтың күнкөріс дәредесіне, жағдайына негізделіп орнатылып отырғандығын кестеден көруге болады (кесте 8).

Кесте 8 - Тұтынуға негізделген халық табысы

Бір айға жан басына шаққанда, тенгемен						
	2009	2010	2011	2012	2013	Өзгеру қарқыны, %
Қазақстан Республикасы	21 348	26 152	30 618	33 745	36761	168,4
Ақмола	22 270	28 942	30 544	33 257	34353	162,8
Ақтөбе	22 270	28 777	31 216	34 609	37862	156,3
Алматы	17 949	28 096	37 105	37 920	42781	224,7
Атырау	18 983	28 387	30 393	32 209	33222	178,0
Батыс Қазақстан	19 307	22 790	26 264	29 530	32422	168,0
Жамбыл	16 884	17 360	23 434	23 978	28615	153,9
Қарағанды	23 948	31 848	35 235	41 692	42519	181,0
Қостанай	21 317	23 540	28 477	31 759	34784	159,8
Қызылорда	19 201	21 177	28 526	31 182	32182	218,0
Манғыстау	15 479	24 032	24 651	29 878	36659	160,6
Оңтүстік Қазақстан	15 291	16 670	19 855	21 852	24126	147,6
Павлодар	23 047	27 979	28 907	33 096	37487	148,7
Солтүстік Қазақстан	23 188	27 310	28 305	33 809	33984	173,2
Шығыс Қазақстан	23 086	24 428	29 696	35 756	38648	170,0
Астана қ.	34 884	46 663	40 308	41 645	44714	107,3
Алматы қ.	30 324	41 103	46 338	49 793	54074	185,8


Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің мәліметтері бойынша бір айдағы жан басына шаққандағы аймақтардың тұтынуға негізделген халық табысының жоғарғы көлемі 2013 жылы Алматы (54074 тенге), Астана (44714 тенге) қалаларында және Қарағанды (42519 тенге) облысында құраса, төменгі шекті Оңтүстік Қазақстан (24126 тенге), Жамбыл (28615 тенге) облыстары көрсетіп отыр. Аймақтар арасындағы дифференция тек қана кедейшілікті ғана емес, сонымен қатар жұмыс бастылықты да қарастырады. Аймақтағы жұмыс күшіне сұраныстың төмендеуі көбінесе олардың басты әлеуметтік-экономикалық дамуымен қарастырылады, құрылымдық өзгерістер қарқындылығымен, техникалық қайта жабдықтау өндірісінің қарқындылығымен және т.б факторлармен қарастырылады.

Созылмалы жұмыссыздық, еңбекке жарамды халықтың, өзінің күш - жігеріне, квалификация және психологиялық факторларға қарамастан нарықта бар ұсынысқа жауап бермеуінен туындайды.



Қажетті икемділік пен бастапқы капиталдың болмау себебінен өз бетімен қызмет ету мүмкіншілігі, отбасылық шаруашылық ұйымдары мен кіші кәсіптер тоқтап тұр (сурет 18).



Сурет 18– Аймақтар бойынша тұтынуға негізделген халық табысы, теңгемен

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

19 суреттен АӘК ең басты бөлігін жұмыссыздық бойынша жәрдемақы құрайтындығын байқауға болады. Бұл үрдіс Алматы қаласы және Павлодар мен Қостанай облыстарында ерекше байқалып отыр.

Қазақстанның қазіргі заңына сәйкес, егер жұмыссыз адамдар оларға берілген жұмыстан бас тартқан жағдайда АӘК алуға құқығы жоқ. Дегенмен, жұмысқа тұру үшін жұмыссыздардың мамандандырылған білім алуы немесе оны аяқтауы үшін АӘК алу қажетті шарт болып табылмайды. Жергілікті деңгейдегі экономикалық дамумен байланысты, шектеулі бюджеттік мүмкіншілікке қарамастан, белсенді түрде мамандандырылған біліммен қамтамасыз ету. АӘК алу барысында жұмыссыздарға мамандандырылған білім беру, әрине барлық ұсыныстардың ең жақсысы болушы еді [92].

АӘК әкелетін жұмысбастылық пен кіріс тамақтандыру, денсаулық, білім мен халықты өсіру сияқты өмірлік деңгейлерді құраушы үлкен әсерін тигізеді.

1991 және 2002 жылдар аралығында жұмысбасты халықтың жалпы санының жұмысбастылық пен өз бетімен қызмет ету арақатынасы өзгерді: өз бетімен қызмет етуші түрлердің саны 4,2 ден 40% өсті, жұмысбастылық саны шамамен 36% – 95,8 бастап 60% қысқартылды. Өз бетімен қызмет етудің өсуі экономикалық өсуді меңзейді, сонымен қатар күн көрудің тәсілі.

2001 жылы өткен жұмысбастылық зерттеуі бойынша, жұмыссыздықтың үлкен бөлігін 15 пен 39 жас аралығындағы адамдар құрады. Барлық жұмыссыздардың 30,8% 15 пен 24 жас аралығындағы жастар құрады.

Жұмыссыздық саны (жұмыс істеуге дайын, белсенді түрде жұмыс

іздеушілер мен ақылы еңбекпен қамтамасыз етілмеген) 780,3 мың адамды, 126 мың адам немесе 14% алдыңғы жылға қарағанда кем. Барлық жұмыссыздықтың жартысын (56,7%) әйелдер құрайды.

2001 жылдағы жұмыссыздықтың еліміздегі ең биік дәрежесі Қызылорда, Атырау және Жамбыл облыстарында - 13,9, 13,5 және 12,7% сәйкес белгіленген. Жұмыссыздықтың ең төмен дәрежесі Шығыс Қазақстан (7,3%), Солтүстік Қазақстан (8,9%) және Павлодар (9,2%) облыстарында. 1998-2008 жылдар аралығында жұмыссыздықтың ең төмен көрсеткіші Шығыс Қазақстан облысында байқалғандығы 2.8 суретте көрсетілген.

2001 жылы жұмыссыздықтың ең үлкен бөлігін Маңғыстау (68,6%), Павлодар (67,5%) облыстарында, сонымен қатар Астана (66,5%) қаласында әйелдер құраған. Жұмыссыз әйелдер санының ең төмен дәрежесін Қостанай (48%), Қызылорда (50,9%) және Солтүстік Қазақстан (52%) облыстарында байқалды.

Созылмалы жұмыссыздық белгілері күннен-күнге байқалып келе жатыр. 2001 жылы тіркелген жұмыссыз адамдардың үштен бір бөлігін 1 жылдан астам уақыт жұмыс іздегендер саны құрайды. Созылмалы жұмыссыздар саны 23% болды. Мамандарға деген талаптардың өте қатаң болуынан жұмыс іздеушілер саны, әсіресе жастардың іс тәжірибесі мен қажетті дағдылары болмағандықтан жұмысқа орналасулары төмендеу динамикасы байқалады.

Жұмыс орындарының жетіспеушілігінен еңбек нарығындағы ең төмен дәрежелі мүгедектер үшін ең өзекті мәселе. Сонымен қатар, нақты мамандықтары жоқ, жұмысқа үлкен тапшылықпен орналасатын оралмандар саны да көбейіп келеді.

Жұмыссыз әйелдер мәселесі, әсіресе ауылдық аймақтарда және де шағын қалаларда болады. Жұмыссыз әйел өзінің мойнында екі жүкті алып жүреді: қосымша табыс көзін іздеумен қатар өзінің көп уақытын отбасының басқада мүшелеріне қараумен өткізеді. Зейнетақы жасына аз қалған әйел азаматтардың жағдайы да мәз емес, жұмыс берушілер жағынан жыныстық және жастық белгілеріне қарап, кмсітушілері. Жұмыс берушілер көбінесе ер азаматтарды жұмысқа қабылдауынан, жұмысбастылық мәселесінде әйелдер қауымы көп залал шегеді. 2001 жылы тіркелген жұмыссыздар қатарында ер азаматтар саны 8,9%, әйелдер – 12% [93].

Ерлер мен әйелдер арасындағы жұмысбастылық және жалақы деңгейі бойынша үлкен айырмашылығы, сонымен қатар еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігінің әлсіздігі әйел қауымы кедейшілігінің басты ықпалы болып табылады. Заң бойынша, әйелдер жалақысы төмен денсаулық сақтау ұйымы, білім, әлеуметтік қызмет көрсету, мәдениет сияқты салаларда еңбек етеді.

Қазақстанның еңбек нарығындағы екінші бір мәселеге ТМД елдерінен келген заңсыз жұмысшылардың санының артуы жатады. Қазақстанның кейбір жұмыс берушілері эмигранттардың төмен біліктілігіне қарамастан арзан жұмыс көзін жалдауға ұмтылады. Осыған байланысты, жергілікті халық бейресми секторға және заңсыз еңбекке тартуға жетелейтін төмен жағдайдағы бәсекелестікке жетелейді. Алматы қаласында АӘК-ті алушылардың жалпы

санының 39,4% ын жұмыссыздар құрайды. АӘК-ті алушы жұмыссыздардың көп бөлігі тағы Павлодар, Қостанай және Ақмола облыстарында байқалады.

Көптеген төмен жалақылы жұмыс орындары мен ішінара жұмыспен қамту (толымсыз күнге арналған жұмыс) орындары бар. Еңбекақы төлемінің деңгейі экономикалық қызмет түрі мен еңбек өнімділігі бойынша ұлттық экономиканың салалары және персоналдың біліктілігіне тәуелділіктен қарқынды түрленуде. АӘК алушылар көбінесе төмен кірісті адамдар мен жұмыссыздар болып келеді. Қазіргі уақытта кедейшілік шегі әрбір облыстың күнкөріс минимумы негізінде анықталады және АӘК-ті алушылардың критерийі болып табылады. 2003 жылы республика бойынша орташа күнкөріс минимумы 5 243 теңгені құрады, сол уақыттағы минималды айлық жалақы мөлшері 5000 теңге, минималды зейнетақы деңгейімен тең келді. Минималды жалақы мен минималды зейнетақы төлемі теориясы бойынша, күн көріс минимумы деңгейінен жоғары қойылуға тиіс еді. Алайда, экономика саласының жоғары бейресми белсенділік деңгейін және алынған кірісті ескерсек, жалақы төлемінің минималды деңгейі, сенімді минималды стандарт көрсеткіші ретінде ресми экономикада орнатылғандай қызмет ете алмайды. Басқа да дамушы елдердегідей Қазақстанда да минималды жалақы әжептәуір төмен деңгейде. №4741 Заңына сәйкес, минималды жалақы, минималды зейнетақы және күн көріс минимумы арасындағы айырмашылық едәуір азайтылуға тиіс.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік көмек жұмыспен қамту сферасындағы саясатпен бірге әлеуметтік тұрақтылыққа дем береді. Әлеуметтік көмектің жоқтығы баламалы шығындарға әкеп соғады, атап айтқанда, өз кезегінде экономикаға қымбатқа түсетін әлеуметтік шиеленесушілік пен қылмыстың өсуіне, өнімді секторлардың баяулауына, инфрақұрылымның дамымауына немесе инвестицияның төмендеуіне әкеледі. Сондықтан әлеуметтік көмекті тиімді құрал ретінде қарастыруға болады.

### **2.3 Қарағанды облысында халыққа мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін ұйымдастырудың ерекшеліктері**

Әр аймақтың белгілі бір табиғи ресурстары бар, оларды адамның еңбегімен алмастыруға келмейді. Бір қарағанда, табиғи ресурстар аймақтың әлеуметтік- экономикалық потенциалына қарағанда пассивті позицияда, бірақ іс жүзінде олай емес, қоғам үшін табиғи ресурстар экономикалық айналымға қандай күш-жігермен тартылғандығы мәнді. Аймақтың дамуында табиғи ресурстар және экологиялық жағдайлармен қатар маңызды рөлді тұрғындар да атқарады, оның ұдайы өндірісінің режимі, тығыздығы, еңбекке қабілетті тұрғындардың үлесі, урбанизация, миграция деңгейлері, жас- жыныстық құрылымы және еңбек ресурстарының әлеуетін, демографиялық жүктілікті және т.б. анықтайтын басқа да параметрлер әсерін тигізеді [94].

Әлеуметтік-экономикалық әлеуеттілік тұрғысынан алғанда, жергілікті тұрғындардың өндірістік тәжірибесі және өндірістік мәдениеті, экологиялық тәжірибесі, еңбектік дәстүрлерінің маңызы зор. Осының барлығын шынайы

жағдайларды анықтау үшін және аймақтың мүмкіндіктерін бағалау мақсатымен ескеру қажет.

Аймақтың әлеуметтік- экономикалық әлеуеті ең алдымен өндірістік әлеуетпен анықталады. Бұл жағдай әлеуметтік- экономикалық дамуда анықтаушы орынды материалды өндіріс алатындығымен түсіндіріледі.

Аймақтың әлеуметтік- экономикалық әлеуеті көптеген компоненттерден тұрады. Қазақстан аймақтарының рейтингінде Қарағанды облысының жоғары орын алуына ықпал ететін жағымды факторлар жетерлік [95].

Қарағанды облысы Қазақстанның алдыңғы қатарлы индустриалды орталықтарының бірі болып табылады, ол Қазақстанның орталық бөлігінде 1932 жылдың 10 наурызында құрылды. Қарағанды облысының жалпы жер көлемі республика бойынша 1 орынды алады және еліміздің аумағының 15,7% құрайды.

2013 жылдың 1 қаңтарына облыс халқының саны 1358,1 мың адам құрады, немесе Қазақстан халқының 8,1% (республика бойынша 5 орын). Облыстың экономикалық белсенді тұрғындарының саны 739,2 мың адам, немесе Қазақстанның экономикалық белсенді тобының 8,4%, ал жұмыс басты тұрғындар - 700,4 мың адам. Облыста 9 ауылдық аудан және 11 қала, 11 поселкі және 192 ауылдық әкімшілік бар.

Аймақтың ел экономикасына үлесі жиынтық аймақтық өнім болып табылады (ЖАӨ).

2009 - 2013 жылдар аралығында облыстың жиынтық аймақтық өніміне өсу қарқыны тән болды (кесте 9).

Кесте 9 - Қарағанды облысының жиынтық аймақтық өнімінің өзгерісінің динамикасы

Көрсеткіш	2009	2010	2011	2012	2013
Жиынтық аймақтық өнім (ЖАӨ), млрд. теңге	1 463,03	1 467,4	1 872,84	2 380,91	2 573,85
Жиынтық аймақтық өнімнің ЖҰӨ үлесі, %	9,1	9,1	8,9	9	8,8
Үй шаруашылықтарының тұтынуға жұмсалған табыстары, бір айға жан басына шаққанда (теңге)	23025,75	23948,33	31848	35234	41692
Өмір сүру минимумының көлемі, бір айға жан басына шаққанда (теңге)	11269	11429	12344	14842	15588
Коэффициент	2,04	2,1	2,58	2,37	2,67
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған					

2009 жылы жиынтық аймақтық өнімнің көлемі 1463,0 млрд. теңге құрады немес республиканың ЖАӨ- 9,1% , бұл республика бойынша 3 орын (Алматы қ. - 18,4%, Атырау облысынан кейін - 11,2%). 2013 жылы Қарағанды облысының жиынтық аймақтық өнімі 2 673 млрд. теңге немесе Қазақстанның ЖҚӨ 8,8%

құрады. Жан басына шаққандағы ЖАӨ бойынша аймақ республика бойынша 8 орында, ол 1369,3 мың.теңге құрады.

Облыстың ЖАӨ құрылымында ауыл шаруашылығы - 3%, өнеркәсіп - 49%, құрылыс - 4%, сауда - 12%, көлік, қоймалау, ақпарат және байланыс - 7%, қызмет және басқа да салалар - 25% құрады.

2013 жылы аймақтық деңгейде өз қаражаты есебінен 23 жоба жүзеге асырылды, солардың аясында 601 жаңа жұмыс орындары құрылды [96].

Өнеркәсіп секторының негізгі шаруашылық жүргізуші субъектілері шетелдік компаниялар болып табылады. «Испат-Кармет» АҚ (қара металлургия, негізгі өндірісі Темиртау қ.) және «Корпорация «Қазақмыс» ЖШС (түсті металлдар өндірісі, негізгі өндірісі Жезказған және Балқаш қалаларында). 2011-2013 жылдары Қарағанды облысының х 45,8%, 46,05%, 54,21% жұмысбастылары өнеркәсіпте жұмыспен қамтылған, олардың 26,3 %, 26,85 %, 35,3% қара және түсті металларгия кәсіпорындарында жұмыс істейді.

Трансұлттық корпорациялар өз меншігіне энергия және отын өндіретін өнеркәсіптік объектілерді айналдыру жолымен тігінен технологиялық бірлестіктерді белсенді қалыптастырады. Шетелдік компаниялар әлемдік нарыққа қызмет ететіндіктен ішкі нарықтағы тапсырыстар есебінен жұмысбастылықты арттырып келеді. Ол әрине тұрғындардың өмір сүру деңгейінде көрініс алады.

Облыста әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек көрсету тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігіне әлеуметтік қызметтердің кең спектрін көрсету жолымен жүзеге асырылады: ақшалай төлемдер- бұл мекен-жайлы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегі, табысы күн көріс көлемінен аспайтын жанұялардың 18 жасқа толмаған балаларына жәрдемақы; мүгедектерге қызметтер көрсету және реабилитацияның техникалық қосымша құралдарын ұсыну, қарттар мен мүгедектерге үйде қызмет көрсету және тағы басқалар.

Әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын қаржыландыру мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс құралдар есебінен жүзеге асырылады.


Экономика өсу қарқынының бәсеңдеуі, 2008 жылдың екінші жарты жылдығындағы металлдар нарығындағы бағаның төмендеуі аймақтық шаруашылық жүргізуші субъектілерінің табыстарының төмендеуіне әкелді. Осы себептен 2010 жылы еңбек ақы төлеу қорының азаюымен кәсіпорындар қызметкерлерінен еңбек ақыдан салықтардың азаюы орын алды, ал ол өз алдына облыстың бюджетінде жағымсыз көрініс алды. Бірақ дағдарысқа қарсы шаралар аясында өткізілген экономиканы демеу шаралары 2011-2012 жылдары облыс бюджетіне түсімдердің қомақты түрде артуына әкелді, алғашқы қажетті шығындарды қаржыландыруға мүмкіндік берді [97].

Аймақтық жұмысбастылық Стратегиясын жүзеге асыру үшін әлеуметтік көмек көрсету объектілерінде жөндеу жұмыстарын өткізу барысында 1688 қосымшы жұмыс орындары құрылды, жұмыссыз азаматтар арасынан 1350 адам жұмыспен қамтылды. Қарағанды облысындағы жұмыспен қамтылғандар санының өзгерісі төменде көрсетілген (кесте 10).

Кесте 10 - 2009-2013 жылдар аралығындағы Қарағанды облысындағы жұмыспен қамтылу көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2009	2010	2011	2012	2013
Жыл басында қалалық жердегі тұрғындар саны (мың адам)	1042,22	1060,3	1055,9	1063,27	1068,85
Жыл басында ауылдық жердегі тұрғындар саны (мың адам)	299,86	291,7	296,4	294,67	294,41
Коэффициент	3,48	3,63	3,56	3,61	3,63
Экономика жұмыспен қамтылғандар саны (мың адам)	699	695,18	704,3	700,4	702,99
Өз бетімен жұмыспен қамтылғандар (мың адам)	169,2	150,14	145,5	131	125,1
Коэффициент	4,13	4,63	4,84	5,35	5,62
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған					

10 кестеден экономикадағы жұмыспен қамтылған саны жылдан -жылға артып келе жатқандығын байқауға болады, 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 0,5% құрады. Осы жағымды жағдайға Мемлекеттік индустриалды- инновациялық даму бағдарламасы аясындағы жалпы құны 29 млрд. теңге 10 жобаны жүзеге асыру арқасында қол жеткізілді. Осы жалдар аралығында Жол картасы бағдарламасын қоса алғанда, 209 жылы- 37 мың, 2009 жылы -62 мың адам жұмыспен қамтылды. Кейінгі жылдары тек Жол картасы аясында 27 мың адам жұмысқа орналасты. Өз бетімен жұмыспен қамтылғандардың саны төмендегенін байқауға болады 2013 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 27%-ға төмендеген. Облыста 2009-2013 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі төмендеуі байқалады (сурет 19).



Сурет 19 - жұмыссыздық деңгейі, %


Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автор құрастырған

Тіркелетін жұмыссыздық деңгейі 2013 жылдың 1 қаңтарына 5,4% құрады, ол 2009 жылмен салыстырғанда 1,3% төмен болды. Аз қамтылған азаматтардың санын төмендетудің негізгі жолдарына еңбекпен қамту, өз ісін ашуға материалды көмек көрсету, микронесиелер беру, жұмыссыз азаматтарды кәсіптік дайындау және қайта дайындау, тұрғындардың жасырын табысын айқындау, еңбек ақыны, зейнетақыны, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды арттыру жатады.

Дегенмен, облыстың көптеген салаларында еңбек ақы жұмыскерлер мен олардың жанұяларының рухани және табиғи күштерінің қалыпты ұдайы өндірісін қамтамасыз етпейді. Осылайша, Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы, аң аулау (орташа облыстық еңбек ақы деңгейінің 57%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерді (48,9%), аз төленетін салаларға жатқызуға болады.

Қарағанды облысында өз бетімен жұмыспен қамту бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылды, солардың нәтижесінде Қарқаралы ауданы және Жезқазған қалаларының жұмыссыздарына жер учаскелері ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу үшін бөлінді және микронесие берілді. Сонымен қатар осы шаруашылықтар ауыл шаруашылық техникасының лизингісін пайдаланды.

Жұмыспен қамту және өз бетімен қамтылу саласындағы жағымды тенденциялар табыстың тұрақтануы мен бірқатар өсіміне қол жеткізді (сурет 20).



Сурет 20 - 2009-2013 жылдардағы Қарағанды облысының тұрғындарының табысының тұтынуға жұмсалуды


Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автор құрастырған

Еңбек ақы бойынша қарым- қатынас жақсырақ жағдайда. Бір жұмыс істеуші адам сәйкесінше 3,7 индивидке азық- түліктік жиынды қамтамасыз етті.

Шынайы еңбек ақы 2013 жылы өмір сүру деңгейінен 2,4 есе артық болды ол 2013 жылғы көрсеткіштен біршама артық, ал 2009 жылмен салыстырғанда 12% артты. Демек, бір жұмыс істеуші 2,4 артық адамға өмір сүру минимумын

камтамасыз етті, сонымен қатар сәйкесінше 3,2; 2,6; 3,7 индивидтердің азық-түліктік жиынын [98].

Өмір сүру минимумына қатысты есептелген 2009-2013 жылдардағы шынайы еңбек ақы және зейнетақы көрсеткіштерінің төмендеуі айқын, бұл жағдай инфляциялық үдерістердің әсерінен орын алады. Шынайы еңбек ақымен өмір сүру минимумының қатынасына ол әсерін тигізбеді, қайта ол жақсарды. Облыста 2009-2013 жылдар аралығында орташа айлық еңбекақының артуы көрініс алады, барлық қалалар мен аудандарда орташа есеппен алғанда 2,3 есеге тең. Тұрғындардың шынайы және номиналды ақшалай табыстарының индекстері төменде көрсетілген (сурет 21).



Сурет 21 - Тұрғындардың номиналды ақшалай табыстарының индекстері, %

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Экономиканың басым бағыттардың бірі тұрғындардың «әлсіз» бөлігін қорғайтын әлеуметтік саясатты жүргізу, тұрақты жұмысбастылықты камтамасыз ету болып табылады.

Облыстың жұмысбастылық пен әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің демеуімен жұмыссыз азаматтарды кәсіптік білім алуға және қайта дайындауға жіберілгендер саны 2009 жылмен салыстырғанда 0,3 мың адамға артып, 2013 жылы - 2,8 мың адамды құрады. Оқуды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасқандар үлесі 2013 жылы - 99,9% құрады (2009 жылы- 99%) [99].


Облыста қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жүйесі қызмет етеді, ол жұмыссыздардың кәсіптік білімін және дағдысын және аймақтың ерекшеліктерін ескереді. Жұмыссыздарды біліктілігін арттыру аясында ұйымдастырылған қоғамдық жұмыстар неғұрлым тиімді, себебі оның соңғы есептегі нәтижесі жұмыссыздарды толығымен жұмыспен қамту болып табылады.



2009 жылмен салыстырғанда қоғамдық жұмысты аяқтағаннан жұмыспен қамтылған жұмыссыздар үлесі 2013 жылы- 6% артып 2012 жылы 99% -ды құрады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мекен-жайлы көмек туралы» Заңын жүзеге асыру мақсатында 2009 жылы- 4305 жанұяға 16746 алушыға 273,1 млн.теңгеге мекен-жайлы әлеуметтік жәрдемақы тағайындалды. Жалпы 268,9 млн. теңгеге төлемдер төленді, соның ішінде республикалық бюджет есебінен 47 млн.тг. Облыстың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орталықтарында 2013 жылдың басында 3172 аз қамтылған жанұя тіркелген (12241 адам), ол өткен жылмен салыстырғанда 14,6% аз [100].

Жалпы әлеуметтік төлемдерге 2010 жылы 728,8 млн. теңге жұмсалды, соның ішінде 163,2 млн. теңге, ал 2013 жылы 812,2 және 179 млн. теңге. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар мен орташа айлық мөлшері келесі 22 суретте келтірілген.



Сурет 22 - Қарағанды облысында атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны және оның орташа айлық мөлшері

Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған

Соңғы жылдары мемлекеттік мекен-жайлы әлеуметтік көмек (ММӘК) алушылар санының азаюы байқалады. 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 11%-ға, ал 2009 жылмен салыстырғанда 19% -ға төмендеген. ММӘК алушылар санының төмендеуі келесі жағдайлармен байланысты болды: ММӘК алушыларды жұмыспен қамту, тұрғындар табысының артуы (зейнетақы мен жәрдемақылардың көлемін ұлғайту, соның ішінде бала туу мен күтуге байланысты), үй жанындағы шаруашылықтардың көлемін кеңейту (мал басы санының артуы), ММӘК табыстарын жасыру фактілерін айқындау бойынша жергілікті комиссиялардың жұмысын жетілдіру және таңы басқалар.

ММӘК алушылардың категориясын және олардың ММК жалпы санына қатынасындағы үлесін қарастырып, 2008 жылғы алушылар арасында басым бөлігі 18 жасқа дейінгі балалар (60,1 %). 7 жасқа дейінгі балалар күтіміндегі тұлғалардың үлесі 13,4% , ал ММӘК алушылар арасындағы жұмыс істеушілер үлесі 6,3 % құрады. Ол еңбек ақы деңгейінің төмендігін көрсетеді, ол тіптен жан басына шаққанда кедейшілік деңгейінен де төмендігін көрсетеді. 2013 жылы жағдай жақсырақ, осылайша ММӘК алушылар санының төмендеуімен қатар жұмыс істеушілердің де үлесі азайған, сәйкесінше жас басына шаққандағы табыс көлемі де арта түсті.

Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңын жүзеге асыру аясында 18 жасқа дейінгі балалары бар 11138 жанұядағы 26594 балаға 259,0 млн. теңге көлемінде жәрдемақы тағайындалды. Жалпы көлемде 260,7 млн. теңге төленген, оның 90,8 млн.теңге республикалық трансферттер есебінен төленді [101].

2009- 2012 жылдармен салыстырғанда 18 жасқа дейінгі жәрдемақы алушылар санының азаюын келесі себептермен түсіндіруге болады: жәрдемақының көлемінің аздығынан аз тартымдылығы (1 АЕК), балаларға тағайындалған жәрдемақы сомасын атаулы жәрдемақыны тағайындау кезінде табысқа енгізілетіндігінен одан бас тартуы, сонымен қатар тұрғындардың табысының артуы.

Қазақстан Республикасының «Тұрғын- үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес тұрғын-үй көмегін көрсету тәртібі мен көлемі қала және аудандардың жергілікті өкілетті органдарымен тағайындалады. 2006 жылдан бастап облыстың барлық аймақтарында тұрғын-үй жәрдемақысын тағайындау ережелері бекітілген.

2009-2013 жылдары көмектің осы түріне үміткерлердің басым бөлігін қамту мақсатымен облыс қалалары мен аудандарында шекті мүмкін шығындар үлесінің азаюы байқалады. 2013 жылдың басында облыс бойынша шекті мүмкін шығындардың орташа үлесі қала бойынша – 10,9%, ауыл бойынша 14,6% құрады.

2013 жылы негізгі азық- түлік бағаларының жоғарылауымен облыста Қарағанды облысын әлеуметтік- экономикалық тұрақтандыру бойынша шаралар жоспары құрылды. Одан бөлек Қарағанды облысын 2011-2015 жылдарда дамуының Бағдарламасы қабылданған [102].

Осы бағдарлама аясында әлеуметтік салада адами капиталды дамыту шаралары көзделген, атап айтқанда:

- білімнің сапасын және қол жетерлігін қамтамасыз ету;
- азаматтарды әлеуметтік көмек көрсетудің тиімді жүйесі.

Әлемдік тәжірибе және отандық даму қарт адамдар мен мүгедектер әлеуеттілік тұрғысынан алғанда мәселелі әлеуметтік топтар қатарына жатады. Бұл жағдай әлемнің дамыған елдеріндегі мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар туралы ресми деректермен расталады.

Жапонияда қарт адамдар, аурулар мен мүгедектердің әлеуметтік тобы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылардың 47,1% -ын құрайды [103].

Германияда әлеуметтік көмекті үй шаруашылықтарына есептейді. Белгілі бір жағдайларда ерекше тұтынуларға жұмысалуы үшін қосымша төлемдер төленеді (ерекше төлемдер). Мысалы, мүгедектерге қозғалу мүмкіндігінен айырылған күнде стандартты жәрдемақы сомасына 20% қосылады, мүгедектік алу (40 %) және нашар денсаулық жағдайында (қосымша қажеттілікке байланысты) [104].

10 кестеде көрсетілген есептеулер нәтижесі мәселелі топқа жататын зейнеткерлердің ең аз шоғырлануы Бұқар –Жырау ауданында байқалады, оның үлесі 0,14% құрайды, ол орташа облыстық деңгейден 0,54% аз. Атап өтетін жағдай, басқа ауылдық жерлерде МАӘК алушылардың жалпы санындағы зейнеткерлер саны орташа облыстық көрсеткіштен артық (кесте 11).

Кесте 11– 2013 жылғы облыс қалалары мен аудандары бойынша МАӘК алушы зейнеткерлердің бөлінуі

Қала және аудан	МАӘК алушылардың жалпы саны (адам)	МАӘК алушы зейнеткерлер саны (адам)	МАӘК алушылар санындағы зейнеткерлер үлесі, %
<b>Қалалар</b>			
Қарағанды	2462	15	0,61
Сарань	188	1	0,53
Темиртау	390	2	0,51
Шахтинск	362	1	0,28
Сәтпаев	205	1	0,49
Жезқазған	401	0	0,00
Балхаш	216	0	0,00
Қаражал	460	1	0,22
Приозерск	209	1	0,48
<b>Аудандар</b>			
Абай	804	5	0,62
Бұқар-Жырау	1400	2	0,14
Қарқаралы	1094	7	0,64
Нұра	564	4	0,71
Осакаровск	686	16	2,33
Ақтоғай	494	5	1,01
Жанаарқа	1533	15	0,98
Ұлытау	418	4	0,96
Шет	797	6	0,75
Барлығы Қарағанды обл.	12683	86	0,68
МАӘК алушы зейнеткерлер үлесі бойынша вариация коэффициенті			75 %
Ескерту – ҚР-ның Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған			

Қарағанды облысы бойынша зейнеткерлер санын талдай келе шоғырлану деңгейі орташа облыстық деңгейден аспайтындығы байқалады. МАӘК алушы

зейнеткерлер санының ең көп шоғырлануы Қарағанды қаласында байқалады, ол 0,61%-ды құрады.

МАӘК алушылар санындағы зейнеткерлер үлесінің қала және аудандар бойынша біртектілігін анықтау үшін вариация коэффициентін есептейміз (2 формула) [105]:

$$v = \sigma / x * 100\%$$

мұндағы:  $\sigma$  - орташа квадраттық ауытқуы;  $x$  – орташа арифметикалық.

Орташа квадраттық ауытқу зерттелінетін жиынтықтағы орташа мәннен жиынтық ауытқуының орташа мәнін анықтайды (3 формула):

$$\sigma = \sqrt{\sum (x_i - x)^2 / n}$$

мұндағы:  $X_1$  – аймақтағы көрсеткіштің мәні;  $x$  – көрсеткіштің ел бойынша орташа мәні.

Есептелген вариация коэффициенті 75% тең, ол зейнеткерлердің қала мен аудандар бойынша үлесінің көлемінің орташа облыстық көрсеткішке қарағанда үлкен айырмашылығын көрсетеді, себебі жиынтық вариацияның 25% коэффициенті біртекті болып табылады [106].

Бөлімді қортындылай келе келесі жағдайдарға ерекше тоқталу керек деп санаймыз.

1) Қарағанды облысы Қазақстанның алдыңғы қатарлы индустриалды орталықтарының бірі болып табылады. Облыста әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігіне әлеуметтік қызметтердің кең спектрін көрсету жолымен жүзеге асырылады

2) Аймақтық жұмысбастылық Стратегиясын жүзеге асыру үшін әлеуметтік көмек көрсету объектілерінде жөндеу жұмыстарын өткізу барысында 1688 қосымша жұмыс орындары құрылды, жұмыссыз азаматтар арасынан 1350 адам жұмыспен қамтылды. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК), алушылар санының азаюы байқалады 2012 жылмен салыстырғанда 2013 жылы 11% төмендеген, ал 2009 жылмен салыстырғанда 19%.

3) Қарағанды облысын 2011-2015 жылдарда дамуының Бағдарламасы қабылданған. Осы бағдарлама аясында әлеуметтік саланы жетіл және адами капиталды дамыту шаралары көзделген, атап айтқанда:

- білімнің сапасын және қол жетерлігін қамтамасыз ету;
- азаматтарды әлеуметтік көмек көрсетудің тиімді жүйесі.

Осылайша, облыстың экономикалық дамуы оның әлеуметті дамуы тығыз байланыста екендігі айғақ

### **3 ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДА МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БАҒЫТТАРЫ**

#### **3.1 Мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру - Қазақстан экономикасын дамыту факторы ретінде**

Зерттеу нәтижелері республиканың аудандық жерлерінде АӘК-ті тағайындаумен байланысты шешімін таппаған бірқатар проблемалар бар екенін көрсетті. Біріншіден, АӘК кейде ауылдық еңбекпен айналысуға кері әсерін береді. Екіншіден, халықта жұмыс жасауға мотивация болған күннің өзінде ауылдық жерлерде жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерінің төмендігінен еңбек нарығында тиімді саясат жүргізу өте қиын. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде микрокредиттік үлгінің іске асырылуы табысты болуымен қатар қиындықтар да туғызуда. Бірақ та осы мәселені шешетін тиімді құрал әлі табылған жоқ.

Жұмыспен қамту саласындағы стратегия еңбек нарығындағы сұраныстар мен ұсыныстар өзгерісінің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешек мақсаттарын есепке алуы қажет. Қиыншылық әр салалар мен мамандықтардағы жұмыссыздық деңгейі мен еңбекке деген сұранысты анықтаудың нақтылығында болып табылады.

Үй шарушылығы және үй шарушылығының кірісі түсініктерін жетілдіру, кедейшілік шегі мен күн көріс минимумының әдісін анықтауды жақсарту, қолданыстағы мәлімет базаларының арасында тиімді байланыс орнату (үй шарушылықтарының бюджетін анықтаумен мен басқа үй шаруашылықтарымен және әлеуметтік қамсыздандырумен байланысты), сонымен қатар, қаржылық және АӘК әкімшілік көрініс бойынша жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүмкіншіліктері мен рөлін анықтау қажет болып табылады [107].

Заманауи қоғамды басқару үшін экономикалық және әлеуметтік сияқты маңызды екі саланың өзара байланысы мен жағдайын бақылап отыру керек. Дегенмен, кейде осы салалар бір-бірімен байланысты және тәуелді (мысалы, экономикалық дамудың деңгейі халықтың тұрмыс жағдайының деңгейінде көрініс табады, ал кадрлық әлуат экономикалық түрленудің өтуін анықтайды). Осылардың әрқайсысының жеке нақты бағыты бар және көрсеткіштердің жүйесін құруды талап етеді.

Бір жағынан, әрбір аймақ қоғамдық еңбекті бөлуде белгілі орын алады және стратегиялық дамудың жалпы мемлекеттік жүйесін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс. Екінші жағынан тиімді мемлекеттік стратегияның жетілдірілуі аймақтар дамуының әлуеті мен келешегін алғашқы бағалаумен қатар, аймақаралық ғылыми-өндірістік кешендерін құрудың мүмкіншіліктерін пайдалана отырып орындалуы қажет. Бұл елдің экономикалық тұтастығын күшейтудің мәселелерін шешуге, даму деңгейі бойынша аймақтардың дифференциация деңгейінің азаюына, аймақаралық интеграцияны жылдамдату және бір мезетте жекелеген аймақтардың әлуеттерінің дамуының іске асырылуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру уақыт пен құралдардың шығыны аймақтар ресурстарының орындарында, аймақтық және жалпы мемлекеттік деңгейде экономиканың салалық құрылымын жетілдіру орындарында білікті мамандарды толықтай пайдалану сияқты пайда болып жатқан мүмкіндіктердің есебінен жүргізіледі. ҚР-ның жекелеген субъектілердің индивидуалдық бағдарламаларын жетілдірілуінің және сол субъектілердің кезекті жалпы мемлекеттікке интеграциялану арқасында, сонымен қатар, қалыптасқан жағдайды кең және толық ақпараттық қамту, мемлекеттік бағдарламалау жүйесінің нақты және өзара байланысқан артықшылықтарын табуда шынайы мүмкіншіліктер туады.

Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың аймақтық аспектілердің орындалуы алты кезеңнен тұрады [108]:

1-ші кезеңде табиғи – климаттық факторлардың әсерінен қалыптасқан саяси, әлеуметтік, экономикалық қайта құрулардың нәтижесінде қалыптасқан базалық ресурстық әлуеет анықталады. Табиғи, еңбек, инвестициялық қорлар, сонымен қатар сарапталушы субъектінің жаңашыл әлуееті туралы мәліметтер қарастырылады.

2-ші кезеңде аймақтың мамандану артықшылығын анықтайтын салалар бір жүйеге келтіріледі. Олардың жалпы мемлекеттік және аймақтық деңгейдегі экономикалық дамуындағы орны мен рөлі белгіленеді.

3-ші кезеңде мамандану салаларының даму деңгейі және олардың экспорттық-импорттық операциялары, жұмыспен қамтылған халық санының аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсері және оның нарықтық инфрақұрылымындағы үлесі сарапталады.

4-ші кезеңде мамандандыру саласы жалғыз болмаған жағдайда, бірақ та онда аймақтың барлық еңбек ресурстарының 50 % қамтылған болса, мақсатты түрде саланы ғылыми-техникалық және қаржылық салаларда қолдау жөнінде бағдарламаны құрастыру қажет болады. Ал егер тар шеңберлік мамандық жағдайында, тек қана аймақтың мүмкіншіліктерін кеңейтіп қана қоймай, құрылымдық дағдарыстан құтылуға және субъектінің әлеуметтік-экономикалық деңгейде құлдырауы нәтижесі ретінде басқа салалық құрылымның басқа бағыттарын дамыту маңызды болып табылады.

5-ші кезең алдыңғы кезеңдерде алынған өңдеу негізінде мемлекеттік және жеке капитал жұмсалымдарды тартуды қарастыратын субъектінің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламасы жасалады.

6-шы кезеңде аймақтық даму бағдарламасын орындайтын құралдар мен механизмдер анықталады.

Аймақтардағы экономикалық дамудың төрт кезеңдері және оның тұрақты дамуы және экономикалық өсімі төменде қарастырылады:

1. Аймақтардың экономикалық дамуының артықшылықтарын отандық және шетелдік инвесторлармен бағаламаушылықты жеңу. Мұндай жағдай аймақ билігі үгіттеудің дамуы мен мүмкіншілігіне жеткіліксіз көңіл бөлмегенінен пайда болады.

2. Аймақтың тартымдылығын ішкіаралық қайта құру бағдарламасын іске асыру есебінен көтеру.

3. Басқа аймақтармен, ТМД және алыс шет елдерімен өзара экономикалық байланысты құрастыру есебіне аймақтың дамуына жағдай жасау.

4. Аймақтың бюджеттік жүйені оңтайландыру және оны ақша нарығының құралдарының көмегімен инфрақұрылымдық жобаларға қаржы тартуға дайындау.

Әрбір аймақ табиғи, экономикалық және әлеуметтік шарттарының ерекшелігіне қарай сол аймақта тұратын халықтың экономикалық қызығушылықтарының жиынтығы ретінде түсіндірілетін жеке экономикалық қызығушылықтарға ие. Олар мемлекеттің барлық субъектілерінің дамуы мен қызмет етудің сұраныстарын қанағаттандыру бойынша аймақтың басқа субъектілерімен және аймақтан тыс жүйеге ене отырып, экономикалық қатынастың қиын, көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру.

Экономикалық даму бағдарламаларын жасау барысында әдетте Үкімет бірдей төменгі кірістермен депрессивті территориялармен қызығады, яғни гомогенді аймақтар. Осындай аймақтардың проблемасын шешу әдетте «жалпы экономикалық кеңістікті» құру жолымен жүреді.

Аймақтық даму бағдарламаларын құрудың басты алғышартына сапалы, әлеуметтік-экономикалық болжам жасау жатады. Аймақтық экономикалық органдармен экономикадағы ұдайы өндіріс үрдісі жүргізілуінің шарттарындағы мүмкін болатын өзгеріс пен жағдайдың ағымдағы мәнін түсінуден шыға отырып, салалық және экономикалық саланың көрсеткіштері жетілдіріледі, халықтық шаруашылық дамуының бағдар мен баламасына мазмұнды сараптама жүргізіледі, маңызды проблемаларды шешу жолдары қарастырылады [109].

Заманауи жағдайда, экономикалық өсім көбінесе жаңа техника енгізу базасында өндірістің интенсификациясына тәуелді болған кезде, көптеген рұқсат етілген нұсқалардың ішінен ең жақсы орындалған экономикалық-әлеуметтік сценарийін таңдауда ғылыми дәлелдемелерге талаптар бірден өседі.

1 Аймақтық дамуды бағдарламалау іс жүзінде барлық дамыған және дамушы елдердің аймақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудың ең басты нысаны болды.

2 Әрбір бағдарламалық механизм аймақтық даму міндеттерін басқарудың барлық буындарының біріккен, келісілген жауапкершілік ретінде мойындайды, бірақ әрбір буын өзінде бар күшті пайдаланып, нақты рөл атқарады.

3 Өңделіп жатқан бағдарламалар экономикалық дамудың жалпы бағдарламаларына қол жеткізу үшін көптеген қатысушылардың ресурстарын тартуды қарастырады.

4 Бағдарламаларды өңдеу экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қатысушылардың аймақтық субъекттерінің құқығының тең болуына кепілдік беру керек (мекеме, кәсіпорын, аймақ), яғни мақсаттар мен қатысушылардың экономикалық қызығушылығы бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру құралдары сәйкестігі сақталуы керек.

5 Бағдарламалардың мақсаты берілген объективті күші бар шектеулердің болуына қатысты жоспарлаған кезеңде мүмкіндігінше халықтың тұрмыс жағдайын максималды көтерумен қамтамасыз ету болуы тиіс. Халықтың тұрмыс жағдайының деңгейі қарастырған кезеңде халықтың абсолютті қажеттілігін осы кездер арасында қанағаттандыру кешенімен сипатталады.

6 Халықтың тұрмыс жағдайының максималды өсімі объективті түрде бағдарламаны өңдеу кезінде ескерілуге тиісті бірқатар ресурстар мен қажеттіліктермен шектелген. Оларға материалды, қаржылай, жоспарланған кезеңнің басында болған еңбек ресурстары, ғылым мен техниканың қолжеткен даму деңгейі, жалпы мемлекеттік сипаттағы керек-жараққа бөлінетін ресурс (қорғаныс, қошаған ортаны көмек көрсету, сыртқы экономикалық байланыс және т.б.) және басқалар жатады.

7 Аймақтық бағдарламалар қандай жолмен болмасын ұлттық артықшылық жүйесіне кіргізіледі, олардың иерархиялық және сап бойынша түзеу жүргізіледі, бағдарламалау атты марка негізінде бақылаусыз мемлекеттік шығындар мен сол шығындарға шектеу қойылуда.

8 Жетілдірілген бағдарламалар кешенді сипатқа ие болулары тиіс. Ондағы бүкіл тапсырмалар керекті және өзара байланысқан. Олар маңыздылық дәрежесі бойынша бөлінбейді. Себебі, олардың біреуі де бағдарламадан оның тұтастығының бұзылуынсыз алып тасталынбайды.

9 Бағдарламалық механизмде жетілдіріп жатқан іс-шаралар бірнеше жылға жоспарланады, және сол, иелік етіп отырған субъектілерге қаржыландыру және басқа мәселелер шарттары бойынша белгілі тұрақтылық дәрежесін ұсынады [110].

ҚР халыққа әлеуметтік көмек көрсету талдаулары халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруын тежейтін мәселелердің бар екенін көрсетті. Аталған мәселелерді шешу жолдары әлеуметтік саясат саласында стратегиялық мақсатта қарастырылған және ҚР Үкіметімен «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» қабылданды.

Әлеуметтік көмек бағдарламаларын орындау барысында кең ауқымда үкіметтік емес ұйымдар төменгі деңгейде әкімшілік шығынды қысқартып, жұмыс тиімділігін жүйенің жоғарғы деңгейіне көтеру мақсатында тартылады. Үкіметпен жергілікті мәселелерді және ел бойынша еріктілер институтының таралу мәселесін шешуге шақыртылған, территориялды, үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдайлар жасау бойынша қадамдар жасалып жатыр [111].


Өндірістік жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік Стратегиялық мақсаттарды қарастыратын болсақ, 2015 жылға жұмыссыздық деңгейі 5,5%-ға дейін қысқарады, үш деңгейлі еңбек ресурстарын кәсіби дайындау жүйесі енгізіледі, жұмыспен қамсыздандыру органдарының көмегімен жұмыспен тұлғалардың минималды 70% қамтылады, 2020 жылға жұмыссыздық деңгейі 5%-дан аспайды, білікті мамандар жұмыс топтарының жұмыспен қамтылған халық арасындағы бөлінген көрсеткіші 50%-ға өседі, 90-95 пайыздық үлкен және орта кәсіпкерліктерді ұжымдық-еңбек қатынасы бойынша қамтылған.



Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы Стратегиялық мақсаттар 2015 жылға базалық зейнетақы төлемінің көлемі күн көріс минимумынан 60 %дейін өсті, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі 2010ж –дан 1,2 есе өсті, жинақтаушы зейнетақы қорында шынайы кіріс қамтылған, 2020 жылға - базалық зейнетақы төлемінің көлемі күн көріс минимумынан 60 %дейін өсті, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі 2010ж –дан 1,2 есе өсті, жинақтаушы зейнетақы қорында шынайы кіріс қамтылған. Әлеуметтік көмек жүйесін жетілдіру бойынша Стратегиялық мақсаттар 2015 жылға дейін әлеуметтік көмек көрсетудің бастапқы деңгейі күнкөріс минимумы санынан 60%-ға артады, атаулы әлеуметтік көмек алушылардың құрамындағы еңбекке жарамды халық саны 30%-ға дейін кемиді, мемлекет тарапынан кепілденген әлеуметтік көмек заңға сәйкес толық көлемде беріледі, 2020 жылға дейін Табыстары күнкөріс минимумынан төмен халық үлесі 8% дейін азаяды, әлеуметтік көмек көрсетудің бастапқы деңгейі күнкөріс минимумы санынан 100%-ға артады, арнайы әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттік стандарттары енгізіледі

Ескере кететін жәйт, қазақ қоғамының бұл сатысында әлеуметтік инициативалар, әдетте, жоғарғы жақтан келеді, яғни мемлекет әлеуметтік саясатты өзі бекітеді. Басқа да саяси күштер, қауымдастықтар, үкіметтік емес ұйымдар заманауи әлеуметтік саясат трендтерін құрмайды және оған толықтай әсер ете алмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғамның әлі де болса толықтай дамымағанын дәлелдейді. Ал тиімді әлеуметтік саясат азаматтық қоғам құрудың негізгі факторы және қағидаты екені даусыз [112].

Елдің әлеуметтік экономикалық дамуын тежеп тұрған нәрсе – халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жеткіліксіз қаржыландырылуын келесі суреттен көруге болады (сурет 23).



Сурет 23– ЕО және ТМД –ның кейбір елдеріндегі әлеуметтік көмек көрсетуге кететін шығынның ішкі өніммен салыстырғандағы пайыздық үлесі

Ескерту - Expenditure on social protection (% of GDP) ақпарат көзінен алынған

Еуропа елдерінде әлеуметтік көмек көрсетуге кететін шығын жалпы ішкі өнімнің шамамен 27%-ын құрайды. Қазақстанда, белгілі болғандай, бұл көрсеткіштің төмендеуі байқалды және қазіргі уақытта оның үлесі салмағы 4,2%-ды құрайды [113].

Төмендегі кестеде кейбір Еуропа елдері, Ресей мен Қазақстан кедейлер үлесі бойынша реттелген, жалпы ішкі өнімнің әлеуметтік шығындарға қатынасы берілген, сондай-ақ әлеуметтік шығындардың кедейлер үлесіне қатынасы есептелген (кесте 12).

Кесте 12 - Қазақстан мен Еуропа елдеріндегі кедейлік деңгейі мен әлеуметтік шығындар

	Халықтың % кедей бөлігі (2009)*	Әлеуметтік көмек көрсету шығындары, % ЖІӨ-нен (2008)	Әлеуметтік шығындардың ЖІӨ, кедейлер үлесіне қатынасы	Балалар үшін әлеуметтік жәрдемақыларға шығындар % ЖІӨ (2008)	Туылатын балалар коэффициенті
Латвия	25.7	12.6	0.5	1.4	1.4
Литва	20.6	16.2	0.8	1.9	1.5
Эстония	19.7	15.1	0.8	1.8	1.7
Греция	19.7	26	1.3	1.6	1.5
Ресей	19.3	9.3	0.5	0.8	1.5
Ұлыбритания	17.3	23.7	1.4	1.7	2
Польша	17.1	18.6	1.1	0.7	1.4
ЕУ-27	16.3	26.4	1.6	2.1	1.6
ЕУ-15	16.1	27.1	1.7	2.1	1.6
Германия	15.5	27.8	1.8	2.8	1.4
Франция	12.9	30.8	2.4	2.5	2
Венгрия	12.4	22.7	1.8	2.8	1.4
Қазақстан	12.1	4.2	0.3	0.3	2.7
Австрия	12	28.2	2.4	2.8	1.4
Словения	11.3	21.5	1.9	1.8	1.5
Норвегия	11.2	22.4	2	2.8	2
Нидерланды	11.1	28.4	2.6	1.8	1.8
Словакия	11	16	1.5	1.5	1.3
Чехия	8.6	18.7	2.2	1.5	1.5
Швейцария	7.4	26.4	3.6	1.3	1.5

Ескерту – Росстат мәліметтері бойынша салыстырмалы кедейшіліктің тәуекелі, РМЭЗ-2009 Қазақстан үшін есептелген. Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі, 2011 ж., 135-137 б. негізінде автор құрастырған

Берілген мәліметтер бойынша Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің кедейлікке қаншалықты қарсы тұра алатындығын пайымдауға болады. Еуропаның дамыған елдерінде (Ұлыбритания) бұл көрсеткіш 1,4-тен 3,6-ға дейінгі аралықта болып, орташа есеппен 1,6-1,7 құрайды. Польша, Греция, Литва, Эстония сияқты орташа дамыған елдерде аталмыш көрсеткіш 0.8-1.1. Ресей мен Латвияда- 0.5 құраса, Қазақстанда- 0.3 белгіден сәл ғана асып тұр, бұл ең төменгі көрсеткіш.

Жоғарыдағы кестеде балаларға жұмсалатын әлеуметтік жәрдемақылардың жалпы ішкі өніммен салыстырғандағы пайыздық үлесі келтірілген. Қазақстан көрсетілген мемлекеттер ішіндегі көрсеткіші ең төмен мемлекет (0.3%) болса да, дүниеге нәресте әкелу көрсеткіші бойынша Еуропа елдерінен әлдеқайда жоғары.

Күнкөріс деңгейі халықтың материалды, рухани-мәдениеттік, әлеуметтік құндылықтармен жабдықталуын, халықтың осы құндылықтарды қандай деңгейде қолданатындығын және оған қаншалықты риза екендіктерін білдіреді.

Күнкөріс деңгейін зерттеудің маңызды мәселесі – халыққа жақсы жағдай жасайтын заңдылықтарды анықтау. Біздің пікірімізше, күнкөріс деңгейі көрсеткіштерінің қарқынын, динамикасын және құрылымын кешенді қарастыру; әртүрлі топтағы халықтың табыстары және шығындары бойынша жіктеу; күнкөріс деңгейіне әсер ететін әлеуметтік-экономикалық факторларды талдау қажет. Халықтың материалды құндылықтар мен қызметтерді қанағат тұту дәрежесін анықтау өте маңызды мәселе болып табылады. Өйткені бұл көрсеткіштің негізінде жалпылама көрсеткіштер құрылады.

Біз зерттеу нәтижесінде күнкөріс деңгейінің 4 дәрежесі бар екенін анықтадық: артығымен жету (барлық бағыттағы құндылықтарды пайдалану); орта класс (адамға интеллектуалды және физикалық күш-қуатын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін ғылыми негіздегі рационалды тұтыну); кедейлік (жұмыс күшінің ең төменгі санаты ретінде есептелетін жұмысқа қабілеттілікті сақтау, күнкөріс минимумына тең) жоқшылық (жан сақтауға ғана жететін ең төменгі құндылықтар мен қызметтер кешені, күнкөріс минимумының жартысына тең).

Күнкөріс деңгейін зерттеу барысында оны екі топқа бөлуге болатындығын анықтадық:

- жалпы халыққа;
- халықтың әлеуметтік топтарына;

Әртүрлі табыс деңгейі бар үй шаруасына қатысты 3 бағыты бар деп санаймыз.

Күнкөріс деңгейін саны жағынан әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, нормативтер мен күнкөріс деңгейі сипаттайды. Оларды былай бөлуге болады.

Мөлшерлемелік көрсеткішке халықтың нақты табатын табысы, номиналды және шынайы қолға тиетін жалақы, зейнетақылар, жәрдемақылар, шәкіртақылар, тұтынушылық ең төменгі бюджет, күнкөріс минимумының бюджеті және т.б. жатады.

Натуралды көрсеткішке халықтың құндылықтар мен қызметтерді пайдалану сапасы мен көлемі, тұрғын үймен, кәсіпорынмен және тұрмыстық қызмет көрсететін орындармен қамтамасыз етілуі жатады.

Әлеуметтік көрсеткіш болса, еңбек етушілердің бос уақытымен, өмір ұзақтығымен, білімі және мәдениетімен анықталады.

Қазіргі заманда Қазақстанның әлеуметтік саясатының өзекті мәселесі халықты атаулы қолдау шараларын ұйымдастыру. Бұл мәселенің шешімі елдегі дағдарыспен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта елімізде заңға сәйкес мыңнан астам әртүрлі жеңілдіктер мен жәрдемақылар бар [114].

Төленетін еңбек нарығындағы жағдай ұшығып кетті - жалақыны төлемей, жалтару елдегі әлеуметтік шиеленістің қуатты факторы болды. Халықтың басым бөлігі жұмыссыз болды және жұмыссыздық бойынша жәрдемақыны қаржы тапшылығына байланысты ала алмады.

Бұндай жағдайда атаулы әлеуметтік көмек өңірлік және муниципалдық деңгейлерде аса тиімді. Қиын қыстау жағдайда Үкімет тарапынан берілетін көмек халық тарапынан ыстық ықыласпен қабылданады.

Біздің зерттеу нәтижелеріміз атаулы әлеуметтік көмек саясатын жүргізудің экономикалық тиімділігін көтерудің бірнеше жолы бар екенін көрсетті.

Біріншісі – атаулы әлеуметтік көмек қомақты қаражатты қажет етеді, себебі төленетін жәрдемақының кім алатынын және қанша алатынын анықтайтын шенеуніктердің жұмысын ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Екіншісі – халықтың көмекке аса мұқтаж шетқақпай өкілдерінің өздеріне арналған көмектен құр алақан қалмасына кім кепіл? Оған қажетті анықтамаларды жинау барысындағы қиындықтар, білімнің аздығы, бастамашыл топтың жоқтығы жіне тағы басқаларды жатқызуға болады. Нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде осындай мәселелерді шешуге қол ұшын беретін қоғамдық қызметкерлер институты және де арнайы құрылған ұйымдар мен кәсіпорындар бар. Әлеуметтік қызметтердің дамыған желісін құру біршама қаражатты қажет етеді.

Үшіншісі – атаулы көмек алу өлшемдерін анықтау қиын екенін ескеру қажет.

Төртіншісі – атаулы тәсілдеме бір реттік іс емес, өмір деген өзгеруі мүмкін, осыған байланысты жеңілдіктер мен қызметтерді пайдалану құқығы да өзгереді, ақпараттық базадағы ақпараттың жаңартылып тұруы да маңызды.

Көмекке мұқтаж жандарға ықпалды көмек көрсету үшін жергілікті жердегі халықты мұқтаждығына қарай реттеп тауып алатын экономикалық механизм қалыптасуы тиіс.

Мемлекеттік әлеуметтік көмек заңға сәйкес 3 түрлі топтағы адамдарға бөлінуі тиіс:

Бірінші – алушының (алушының отбасының) табыс көлеміне қарамастан, қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік көмек берілетін тұрғындар тобы. Бұл деңгейге келесі топтар жатады:

- мүгедектер және Ұлы Отан Соғысының ардагерлері;
- Ұлы Отан Соғысы кезінде майдан жанындағы алқапта жұмыс істегендер;
- Ұлы Отан Соғысы жылдары әскери қызметін әрекеттегі емес армияда өтеп, медаль алған әскерлер;
- қаза болған мүгедектердің, соғысқа қатысушылардың, өзге мемлекеттердің аумағындағы әскери әрекеттерге қатысқан әскерлердің отбасы мүшелері;
- өзге мемлекет аумағында әскери контингентте қызмет етіп, жарақаттанған жұмысшылар;
- саяси қуғын-сүргін құрбандары;
- I топ мүгедектері және жұмыс істемейтін I топ мүгедектері; көпбалалы отбасылар;

Екіншісі - көмек алушының және оның отбасының табыс көлеміне қарамастан, қолданыстағы заңнамаға байланысты мемлекеттік әлеуметтік көмек

беріледі, бірақ көмектің нақты көлемі жыл сайынғы мемлекеттік бюджетке байланысты анықталады. Бұл деңгейге келесі топтар жатады:

- еңбек ардагерлері;
- Ұлы Отан Соғысы кезінде армияға көмек беретін әскери бөлімдерде алты айдан кем емес қызмет етіп, аянбай еңбек еткені үшін орденмен(медальмен) марапатталған адамдар.

Үшіншісі – күнкөріс минимумы көлемінде қажеттіліктерін ақшалай не заттай қамтамасыз етуге қауқары жоқ адамдар тобы [115].

Мемлекеттік әлеуметтік көмек беру ҚР біріккен жарлығының пәні екенін ескерсек, заң жобасы мемлекеттік биліктің және ҚР мемлекеттік билігінің субъектілерінің өкілеттілігін нақтылап, анықтайды.

Жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері мемлекеттік әлеуметтік көмекті мемлекеттік билік табыстаған өкілеттілік көлемінде береді.

Қазіргі кезде Қазақстанның көп аймақтары халыққа атаулы әлеуметтік көмек беруде тәжірибе жинақтаған, бірақ көмек берудің механизмдерін әруақытта жетілдіріп отыру қажет, күнкөріс минимумын есепке ала отырып аз қамтылғандардың жәрдемақысын қайта електен өткәзеп отыру өте маңызды.

Жол картасының аясында жұмысбастылық жәрдемінің белсенді нысандарын пайдалану, мысалы әлеуметтік жұмыс орындарын құру, жастар тәжірибесін жинақтау, біліктілікті қайта даярлау мен жоғарылату арқылы арттыру сияқты түрлері тұрғындар арасындағы мақсатты топтың азаматтарын қызықтыруға ықпалын тигізеді. Алғаш рет жастар жұмыссыздығының деңгейі 4,7 %-ды құрап, жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен төмен деңгейдің көрсетті.

Жол картасының негізгі жетістіктеріне 9 мыңға жуық жобаның жүзеге асуы, 150 мыңға жуық адамның дайындықтан, қайта дайындықтан өткізуге жолдама алуы, оның ішінде жартысына жуығы жұмысқа орналасып; 192 мыңға жуық азамат әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар тәжірибесі шеңберіндегі әлеуметтік жұмыстарға орналасқанын жатқызуға болады [116].

Дағдарыс жағдайында жасалған тұрғындардың жұмысбастылығының қысқа мерзімді стратегиясы – Жол картасы жұмыссыздықтың деңгейін өсіртпей қоймай, оның деңгейін 2009 жылдың екінші тоқсанында- 6,9 % -ға, 2010 жылдың желтоқсанында-5,5 % төмендеуіне қол жеткізді. Жұмысбастылықтың өсуі тұрғындардың табысының көбеюіне, кедейлік деңгейінің төмендеуіне себепші болды. Табысы күнкөріс минимумы деңгейінен төмен тұрғындар бөлігі 2001 жылғы- 46,7 %-дан 2006 жылы -18,2 %-ға, ал 2010 жылы-6,9 %-ға түсті.

Дегенмен, жағымды өзгерістерге қарамастан, ұлттық еңбек нарығы теңгерімсіз. Жұмыссыздар бола тұра толтырылмаған бос орындар сақталады, экономика саласындағы мамандар қажеттілігін объективті болжау жоқ. Еңбек күшінің, бірінші кезекте, білікті мамандардың, техникалық және қызмет көрсетуші қызметкерлерінің тапшылығы кездеседі, бұл еңбек қорының төмен сапасына және оқыту мен өндірудің шынайы байланысының болмауына байланысты болған. Жұмыспен қамтылған тұрғындардың үштен бір бөлігінің кәсіби білімі жоқ.

Жұмысбасты тұрғындардың құрылымында дербес жұмысбастылық үлесі - 33,3 % немесе 2,7 млн. адам құрады. Дербес жұмысбастылардың негізгі бөлігі ауылдық жерлерде және табысы тек өмір сүруге жететін жеке қоныспен айналысады. Бұл тұрғындардың басым бөлігі әлеуметтік көмек пен демеу жүйесімен қамтамасыз етілген.

Басты қауіп туғызатын ауылдық жерлердің жастары болса, оған себеп – кәсіби білімнің шектеулігіне байланысты еңбек нарығында олар сұранысқа ие болмай отыр. Еңбек нарығының осындай күйде болуына кедейліктің сақталуы әсер етеді, 2010 жылдың 1 қазанына қарай 1,1 млн. адам күнкөріс минимумынан да төмен табысқа ие болған.

Аз қамтылған тұрғындарға әлеуметтік көмек беруде жұмысбастылық пен еңбек табыстарын реттеуде шаралар белсенді қолданылмайды. Өткен ғасырдың 90-жылдарында өткізілген жұмысбастылық қызметінің институттік қайта жандануы еңбек нарығының реттелу тиімділігін төмендетті.

Осындай жағдайларға байланысты қалыптасқан ахуал кедейліктің төмендеуінің шапшаңдығына әсер етіп қана қоймай, соған қоса, елдегі еңбек ресурстарын пайдалануының экономикалық өсуіне қарамастан, толық қолданбауын көрсетеді.

Әлемдік тәжірибеде осыған ұқсас мәселелерді шешуде еңбек нарығының белсенді бағдарламалары (ЕНББ) қолданады. ЕНББ еңбек ресурсының (кәсіби дайындық және қайта дайындық) дамуын, еңбек күшінің (жәрдемақы/жұмысбастылықты, қоғамдық жұмыстарды қаражаттандыру) сұранысының өсуін, еңбек нарығын реттеуді жетілдіруді (жұмысбастылықты қамтамасыз ету, ақпараттық сүйемелдеу), еңбек күшін әлеуметтік көмек беру жүйесімен байланысын жүзеге асырады. Бағдарламаларды іске асыруда мемлекет («құқықтар мен міндеттердің» стратегиясы немесе «өзара жүктемелер») тарапынан көмек беріледі, яғни, мемлекет жұмыспен қамтудың және оқытудың жоғары сапалы қызметін көрсетеді, ал ЕНББ қатысушысы жұмысты қарқынды іздеуге міндетті болады [117].

Экономикалық жоспарда ЕНББ жұмысбастылықтың табысты өсуінің болжамы ретінде, еңбек өнімділігінің және жәрдемақының өсуі ретінде қарастырылады, ал әлеуметтік тұрғыдан қарасақ, жұмыссыздықтың төмендеуін, еңбек белсенділігінің өсуін және адам әлуетінің артуын білдіреді.

Алғашында бұндай бағдарламалар экономикалық дағдарыс және жұмыссыздықтың жоғары деңгейі кезінде қолданылды, ал қазіргі кезде өтпелі экономикалы, әлсіз тұрғындардың бірлестігінің әлеуметтік қабаты бар, еңбек нарығынан барынша алыстатылған елдерде өндірістік қайта құрылымдануының әсерін жұмсартуға қолданады (сурет 24).



Сурет 24- ҚР әлеуметтік саясатының жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары

Ескерту - автор құрастырған

Осы негізде қол жеткен позитивті қорытындылар ЕНББ-ның қазақстандық еңбек нарығында әзірленуін және қолдануын көкейкесті мәселеге айналдырып отыр. Осы саладағы біздің мүмкіндіктеріміз «Жол картасын» іске асыруда жұмыс нарығында жинақталған, тәуекелді басқару тәжірибесін күшейтеді [118].

Сонымен, біздің жүргізген зерттеулер нәтижесінде келесідей халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жақсартуға бағытталған шаралар ұсынылады:

1 Әлеуметтік жеделсаты жүйесінің нәтижелі қызмет етуіне мемлекет тарапынан жағдай қалыптастыру. Мемлекет заң шығарушылық қабілеті арқылы әлеуметтік жеделсаты жүйесінің қызмет етуіне негіз қалау қажет. Оған келесі институттарды қамту керек: кәсіби білімнің сапалы әрі тегін жүйесі, армия, мемлекеттік қызмет, қоғамдық-талап етілген мамандықтардың (дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет және ғылым қайраткерлері) жоғары мәртебесін



калыптастыру, тегін оқу жүйесін, өнертапқыштарға сыйақы жүйесін калыптастыру.

2 Халыққа сапалы, әрі ақысыз кәсіби білімді қолжетімді етуін, ал аз қамтылған отбасылар мүшелерін кәсіби дайындықтан өткізу. Білімге және кәсіби дайындыққа рұқсат беру - теңсіздікті қысқартудың ең тиімді тәсілі. Бұл – төменгі сатыдан элиталы сатыға өтетін ең ықпалды әлеуметтік жеделсаты. Жоғарыда атап кеткендей, ресей ғалымдарының мәліметтеріне қарағанда, орта кәсіби білім (орта біліммен салыстырғанда) жұмысшылардың табысын шамамен 20%-ға өсіреді, ал ЖОО бітірушілердің 60-70%-ға өсіреді. Сол себепті, қалаушыларға тегін негізді білім беруге мүмкіндігі бар, білім жүйесін құру маңызды. Сол сияқты, аз қамтылған отбасыларға біліктілікті жоғарылатуға мүмкіндік ұсыну. Ең бастысы, біліктілікті көтеру сол аудан, аймақ, ауылда қажетке ие мамандық бойынша іске асуы керек.

3 Мемлекеттік қызметке өту үшін ашық әрі әділ байқау өткізу. Мемлекеттік қызмет жоғары білімі бар, белгілі бір икем мен қабілетке ие, бірақ иерархиялық баспалдақтың соңғы сатысында орналасқан тұлғаларға әлеуметтік жеделсаты ретінде қызмет атқарады. Бұл жағдайда Индия, Сингапур, Малайзия секілді шетел тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекеттік қызметке өтудің айқын әрі әділ байқауын өткізу өте маңызды. Байқау кандидаттарға жоғары талап қойып, бірнеше іріктеу айналымынан тұру керек, бірақ ең маңыздысы – айқын болуы. Байқау жеңімпаздарына бар жағдай жасалу шарт: лайықты жалақы, әлеуметтік пакет және болашаққа үміт.

4 Жоғары тәртіп стандарттарының жалақы көлемін негізге ала отырып, әлеуметтік-жарамды деңгейде минималды жалақыны анықтау. Жоғарырақ минималды жалақыға ие мемлекеттер отбасыларда төмен теңсіздікке ие. Осы үшін минималды күнкөріс минимумын қолдансақ болады, бірақ, бұл жерде, қазіргі таңда ресми жарияланған статистика емес, тұлғаның физикалық және психологиялық қалпына келтіруге кететін шығыстың шынайы суреті керек.

5 Еншілес қорлардың түрін негізге алып, ғылымды қажетсінетін салаларды қаржыландыратын рационализаторлар мен өнертапқыштарды қолдайтын мекеме құру. Инновациялық жобаларды қаржыландыратын қорды құру экономикадағы инновация деңгейін көтеріп қана қоймай, жоғары жаңашыл қабілетке ие адамдарды өмірге алып келуге мүмкіндік тудырады. Өмірде жүзеге асыра отырып, оларға әлеуметтік-экономикалық мәртебесін биіктетуге жағдай жасады. Бұл бағытта АҚШ Силикон алқабын, Ресейдегі Сколковоның тәжірибесін қолдансақ болады. Жобаны іске асыру үшін жоба қатысушысы тек қаражат алып қана қоймай, соған қоса, толық бизнес-сүйемелдеуіне ие болады: бизнес-тренердің кеңесі мен көмегі, заңдылық, салықтық кеңестер және тағы басқалар.


6 Азаматтарға сапалы медициналық көмекті қолжетімді етуге талпыну және өзін-өзі сақтау тәртібінің мәдениетін тәрбиелеу. Кислицина О.А. анықтаған халықтың табысты бөлудегі апатты теңсіздік пен денсаулығының күрт нашарлауы медициналық көмектің жалпыхалықтық сипатта болуы қоғамдағы теңсіздік деңгейін түсіруі мүмкін. Сол себепті, мемлекет денсаулық

сақтаудың қолайлы жүйесін жасауда, халыққа біркелкі өмір сүру қажеттіліктерін береді. Қазақстанда денсаулық сақтау саласында қателердің үлкен қатары бар, ауруды алдын-алу шараларының көпшілігі қағаз жүзінде іске асып, формальды түрде өтеді. Шексіз кезектерге, мамандардың болмауына байланысты тұрғындардың көп бөлігі емдік мақсатта, яғни, белгілі бір аурудың алдын-алу шараларына еріксіз барады, немесе мүлде бармайды. Денсаулық мәдениетін, денсаулықты сақтаудың немесе азаматтардың аурудан кейін оңалту шараларын жүйелеп, халық арасында өткізу керек. Сапалы медициналық көмекті қолжетімді ету жоғары табысты адамдардан бөлек, төмен табысты адамдарға да бірдей болғандықтан, теңсіздікті жоюға әрекет жасайды. Санаторлы-сауықтыру кешендердің қолжетімділігі қоғамдағы теңсіздікті жоятын «жастық» есептес болады. Медициналық қызметті, соның ішінде, денсаулық сақтау саласында профилактикалық бағдарламаларды, шын мәнінде, халыққа жеткізудің өткір қажеттілігі бар. Үлкен қалалардағы емханалардағы ұзақ кезектер, шеттегі аудандарда көліктің жетіспеуі сияқты факторлар кедергі келтіреді. Соған байланысты, қаладағы кезектерде телефонды-электронды жүйе, дәрігерлердің жұмыс кестесін ретке келтіру қолға алыну қажет. Медициналық көмектің ауылдарға жету мәселесін шешу үшін мобильді медициналық орталықтарын дамытуға көңіл бөлу керек.

Дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері, ғалымдар секілді мамандық иелерінің мәртебесін биіктетін, бюджеттік саладағы еңбекақы саясатын құру. Жалақының дифференциациялануы, ғалымдардың зерттеуі бойынша, халықтың табысының теңсіз болуының басты себептерінің бірі. Жалақы - үй шаруашылығындағы кірістің басты құрамдас бөлігі. Қазақстанда жалақының көлемі аймақтық дифференциациялық сипатқа ие, бұл жалақының мамандық пен қызметіне қарай беруде үлкен қарама-қайшылықтың болуын дәлелдейді. Қызметкерлердің еңбекақысы, әдетте, білім деңгейін, маманданғандығын, тиімділігін, еңбек өнімділігін көрсетпейді. Осыған байланысты, жалақыны реттейтін механизмдер енгізу қажет: білім, денсаулық сақтау салаларындағы қызметкерлерге тариф кестесін жетілдіріп, мәртебесін көтеру үшін әлеуметтік жұмыстар жүргізу керек. Қазақстанда, жоғарыда көрсетілгендей, жалақы мөлшеріне қарай, бюджеттік облыстар мұнай өндіруші облыстарынан бәсекелестікке қабілетсіздеу. Дегенмен, мемлекет табыстың тек ақшалай құрамдас бөлігі ғана емес, әлеуметтік пакеттерді ұсына алады. Әлеуметтік пакеттердің жүйесі, әсіресе, Қазақстанның жалақы үйлеспеушілігі кездесетін аймақтарына тән: Маңғыстау, Атырау облыстары, Алматы, Астана қалалары.

Әлеуметтік көмекақыларды төлеудің қарапайым және айқын сызбаларын ойластыру қажет. 2004 жылы С.Паул (Satya Paul) мемлекеттік көмекақылар, зейнетақылық, т.б. әлеуметтік төлемдер қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті қысқартады. Қазақстанда мемлекет беретін әлеуметтік көмекақылар көбіне тиімсіз: көмекақы көлемі аз, көбіне қажет етушілер көп құжат жинап, ауданға не қалаға апарады, яғни, қосымша ақшалай шығынға тап болады. Әлеуметтік көмек көрсету саласындағы заңнамалық актілерді сараптау

Қазақстанда әлеуметтік көмекақы берудің қарама-қайшы, айқын емес екендігін көрсетті. Барлық төлемдерді реттейтін бірегей құжат кездеспейді.осыған байланысты, әлеуметтік төлемдерді реттейтін қарапайым әрі айқын сызбалар құрастыру керек. Соған қоса, тиімділік үшін қоғамды, үкіметтік емес мекемелерді бақылауға және әлеуметтік көмекақыларды төлеуде баға беруге шақыру да артық етпес [119].



Сурет 25 - Мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету жүйесін дамыту жолдары

Ескерту – [120] әдебиеті негізінде автор құрастырған

Үй шаруашылығына МӘК орнына төленетін шартты көмекақылар берілуі маңызды. Аса кедейлікке ұшыраған немесе ұзақ уақыт қиын өмір кешкен үй шаруашылықтары, тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда белсенділік танытпайды. Ал, керісінше, аса кедей емес немесе қысқа мерзім ғана кедейлікті сезінген үй шаруашылықтары әлеуметтік және экономикалық жағынан белсендірек. Сол себепті, осындай үй шаруашылықтары төмен жағдайдағы отбасыларға көмектесу бағдарламаларға қосу керек, сол арқылы, отбасылар өз бетінше кедейліктен шыға алады. Бұндай үй шаруашылықтарына дамыған елдер мен Ресейдің тәжірибесін ұсынуға болады. Мысалы, Ресей Федерациясында жұмыссыздарға шағын бизнес ашуға, халықтың өзіндік жұмысбастылығын қамтуға арналған бағдарлама бар.

### 3.2 Аймақ тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету перспективалары

Жоғарыда атап кеткеніміздей, халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесі республикалық, аймақтық деңгейлерді және түрлі әлеуметтік топтар мен категориялардан тұрады. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің негізіне халықтың тіршілігін қамтамасыз ету мен өмір сүру стандартының минималды деңгейін қолдау жатады. Ал, аймақтық деңгейдегі халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қалыптасу механизмі оның ары қарай дамуын, аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, нақтылайды. Халыққа аймақтық әлеуметтік көмек көрсету аймақтарды келесі түрлерге бөледі [120]:

- экономикалық және әлеуметтік әлуеті төмен, қажетті қаражаты жеткіліксіз аймақтар;

- жұмыссыздық деңгейі жоғары аймақтар;

- экологиялық қауіп-қатері бар зонада орналасқан аймақтар;

- ауыл шаруашылығы басым аймақтар.

Әлеуметтік көмек көрсетуге келесі көмек көрсету түрлері кіреді:

біріншіден, тұрғындардың тіршілігін қамтамасыз ететін басты салалардың жұмысын қадағалайды;

екіншіден, еңбек пен жұмысбастылық саласында азаматтардың құқын қорғайды;

үшіншіден, экономикалық жағдайына байланысты қажетті тұтыну деңгейін қамтамасыз ете алмаған, әлеуметтік әлсіз топтарды қорғайды.

Аймақтық саясат – мемлекеттік билік органдарының саяси, әлеуметтік, экономикалық мақсаттары мен міндеттерінің жүйесі.

Республикалық деңгейдегі мемлекеттік аймақтық әлеуметтік саясатын қалыптастыруда әлеуметтік саланың стратегиясы мен идеологиясы қалыптасады, оның заңнамалық реттелуінің міндеттері мен негізгі механизмі айқындалады [121]. Ол келесі қағидаларға сүйенуі керек:

жалпы мемлекеттің және әр аймақтың әлеуметтік қорлары сақталып, ұтымды қолдануына жағдай жасау;

маңызды қаржы бөлуді қажет ететін артықшылығы басым бағытты анықтау;

әлеуметтік саланы сүйемелдеудің капитал сыйымдылығы аз нұсқаларын іздеу.

Жалпы заңдылықтан ауытқыған аумақтық ерекшеліктердің деңгейі мен сапасы экономикалық, табиғи-климаттық қорлар, инфрақұрылымдық ерекшеліктерге байланысты анықталады және мемлекеттік саясатқа үйлестіріліп жүргізіледі. Бұл саясаттың негізгі мақсаттарының бірі – аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық даму шарттарын теңдестіру, ал, негізгі міндеті – өмір сүру деңгейі мен экономикалық даму деңгейі төмен аймақтардағы жағдайды орта деңгейге жеткізу. Аймақтардың өз бетінше дамуын ынталандыру мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаудың бір түрі болып табылады.

Тұрғындардың әлеуметтік мобильділігін қолдау (жайлы орынға қоныстануға көмек көрсету);

Үкіметтің шет аймақтарға капитал мен инвестиция салымдарын ұйымдастыруы;

Әлеуметтік саясаттың заманауи кезеңінде ең басты аспект – мемлекеттік және аймақтық бағдарламалардың үйлесімді түрде жүргізілуі, аймақтардың әлеуметтік дамуында олардың оңтайлы қызметін жүргізіуі болып табылады.

Шетелдің әлеуметтік көмек көрсетудің озық үлгілерін зерттеу барысында аймақтардың дамуының негізгі үш нұсқасын атап өтуге болады:

Америка Құрама Штаттарының бай әрі басты аймақтарды дамыту және қолдау, ал қалғандарын бай аймақ есебінен дамыту тәжірибесі экономикалық жағынан тиімді болды.

Германияда бүкіл аймақтардағы өмір сүру деңгейін шамамен бірдей қалыпта сақтап қалу үшін салық салудың, жұмысбастылықтың, өмір сүру деңгейін реттеу шараларын ұтымды жүргізу басты мақсат болып табылады.

Скадинавия мемлекеттерінде тек кедей аймақтарды қолдау қажет, бай аймақтар өз бетінше дамиды деген ұстаным қолданылады [122].

Көптеген дамыған мемлекеттердің тәжірибесінен анықтағанымыздай, тәуелсіз мемлекетіміздің аймақтық саясатын жүзеге асыру үшін тиімді басқару жүйесін қалыптастыру арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізуге болатындығы дәлелденіп отыр. Қазіргі уақытта ешбір мемлекет ел ішіндегі тиімді аумақтық басқару жүйесін құрып алмай, бәсекеге қабілетті болып, әлемдегі өзінің лайықты орнына ие бола алмайды. Өздерінің мемлекеттік басқару жүйесін қазіргі талаптарға сай жаңартқан мемлекеттер өз аймақтарында шаруашылық кәсіпорындарын орналастыру және шет ел инвестицияларын тарту үшін тартымдырақ бола түсті. Ал бұл қазіргі ғаламдану үрдісі белең алып отырған әлемдік бәсекелестік жағдайында аса маңызды.

Экономикасы нарықтық қатынастар негізінде дамып отырған елдерде аймақтық дамуға мемлекеттің араласуының екі негізгі мақсатын бөліп қарастырады:

- «әділдік», яғни барлық аймақ тұрғындары үшін жақсы тұрмыс-жағдайына жетудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- «тиімділік», жалпы ұлттың тұрмыс-жағдайын көтеру мақсатында әр аймақтың өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану;

Бұл екі мақсат қарама-қайшы әрі бірыңғай да болуы мүмкін. Мысалы, экономикалық өсу кезеңінде бірінші мақсат басымдыққа ие болса, дағдарыс кезеңінде екінші мақсат алдыңғы орынға шығады.

Қазіргі кезеңде әлеуметтік-экономикалық жүйенің күрделенуіне орай басқарудың көп деңгейлі жүйесі кеңінен таралып отыр. Соған сәйкес қалыптасқан теориялық негіздерге жүгінейік. Жоғары деңгейдегі басқару құрылымы өзінен кейінгі басқару құрылымдарына үш негізгі тәсілмен ықпалын тигізеді:

- мақсаттар қою арқылы;

- белгілі бір күтілетін нәтижені жүктеу арқылы;

- ресурстарға шектеу қою арқылы.

Басқарудың әр түрлі деңгейлерінің арасында өкілеттіліктер, жауапкершіліктер және функциялар болып бөлінеді. Бекітілген өкілеттілік аясында әрбір басқару құрылымы өз бетінше басқару шешімдерін қабылдауға құқықтары бар. Басқарудың жоғары деңгейі ағымдағы қызметке, соңғысы өзінің функцияларын орындай алмаған жағдайда ғана араласа алады. Бір деңгейдегі басқару құрылымдары тікелей бір-бірімен өзара әрекеттесе отырып, басқарудың жоғары деңгейлерінің көмегінсіз өздерінің мәселелерін шеше алады. Басқару деңгейлері арасындағы өзара әрекеттесу бөлінген өкілеттіліктер мен

функциялар шегінен шығып кететін болса, келісімшарт түрінде жүзеге асырылады. Өкілеттіліктерді бөлгенде функциялардың қайсысын ерекше орындау қағидасымен, ал, қайсысы үшін басқарудың әр түрлі деңгейлеріне ортақ жауапкершілік бекіту керектігін ескеріп, соған сәйкес онтайлы шешімдер табу маңызды болып табылады [123].

Біздің пікірімізше жоғарыдағы тарауда шетелдің озық үлгілерін талдай келе, аймақтық басқару құрылымының деңгейлері бойынша функциялар мен міндеттерді бөлу және қалыптастыру төменнен, яғни басқару объектісінен, сол сияқты жоғарыдан - басқару субъектісінен де таралуы тиіс. Функциялар мен міндеттер тым орталықтандырылу негізінде қалыптастырылса, төменгі деңгейлерге артық немесе жүзеге асырылмайтын функциялардың берілу қаупі туындайды, сол сияқты оларды орталықсыздандыру арқылы қалыптастырған жағдайда маңызды стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің ескерілмей қалу қаупі бар. Басқару деңгейлері бойынша нақты функцияларды бөлгенде төменгі басқару деңгейлерінің басымдығы немесе теңдігі сақталуы тиіс. Бөлу барысында басқару органдарының міндетті өкілеттілігіне аймақты басқару мақсаттарына жауап бермейтін және нарықтық қатынастар арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілер өздері жүзеге асыратын функциялар енгізілмеуі қажет.

Осыған байланысты аймақты басқарудың көптеген функцияларын бөлудің негізгі ережесі болып субсидиарлық қағидасы табылады. Ол қағидаға сәйкес басқарудың нақты функциясы оны тұтынушыға барынша жақын болуы тиіс. Демек, басқару деңгейлері арасында бөлінген функциялар басқару объектісінің мақсатына қаншалықты сай болса, басқару да соншалықты нәтижелі болады. Сонымен қатар басқару деңгейлері арасындағы функцияларды бөлгенде сақталуы қажет бірқатар қағидаларды атап өтейік:

– өкілеттіліктердің жеткілікті болу қағидасы, оған сәйкес функцияны орындайтын басқару деңгейінің өкілеттілігі оны тиімді жүзеге асыру үшін қажет және жеткілікті болуы тиіс;

– өкілеттіліктер мен жауапкершіліктердің сәйкестік қағидасы, белгілі бір функцияны орындаудағы жауапкершілік берілген өкілеттіліктер шегінен асып кетпеуі қажет, сондай-ақ бұл өкілеттіліктерден кем болмауы да шарт;


– ресурстармен қамтамасыз етілу қағидасы, басқару деңгейіне сәйкес нақты функцияны жүзеге асыру қажетті материалдық, қаржылық, еңбек және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі қажет.

Басқару деңгейлері арасындағы функцияларды бөлу бағалаудың сарапшылық (эксперт) әдістерін қолдану негізінде белгіленген қағидаларға сәйкес жүргізіледі. Басқарудың белгілі бір деңгейінде функцияны тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін бағалауда аймақтық бірліктердің түрлі сипаттамаларын ескеру талап етіледі, атап айтқанда, халық саны неғұрлым көп болса, соғұрлым функциялар жоғарыға берілмей, басқарудың аймақтық деңгейлерінде қалады. Аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуы қаншалықты жоғары деңгейде болса, дамуға қатысты функциялардың көбі сол аймақтың басқару органдарының құзыретінде қалдырылады.

Мемлекеттік басқарудың әр түрлі деңгейдегі органдары аймақтық даму саясатын жүргізе отырып, еліміздің әр аймағының даму деңгейлерін теңестіруі, олардың әлеуметтік дамуына алғышарт құруы қажет, содан соң аймақты басқарудың кезекті сатысына – әлеуметтік дамуды басқару сатысына кірісуі керек. Жалпы басқарма органдарының әлеуметтік саладағы қызметі тек нарықтық қатынаста толық іске асырылмайтын, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету болып табылады. Әлеуметтік сала тармақтарының қызметіне қарай оларды тұтыну мүмкіндігіне сай алғышарттары анықталуы маңызды. Өмірлік маңызды игіліктердің қолжетімділігі қамтамасыз етілуі және әл-ауқат дәрежесінің құқықтары секілді, адам құқықтары да қорғалуы тиіс [124].

Біздің пайымдауымызша, мемлекеттік әлеуметтік саланың аймақтық дамуын басқаруда кең көлемде шоғырланған келесідей түйінді мәселелерін көрсеткен жөн:

- әлеуметтік көмек көрсету объектісін таңдау;
- әлеуметтік саланың бағдарламалары мен кәсіпорындарды, мекемелерді материалдармен және қаржымен қамтамасыз ету көздерін анықтау;
- әлеуметтік саланың ахуалын бағалау критерийлерін анықтау;
- аймақтың әлеуметтік саласын дамыту басқармасының құралдары мен әдістерін жасау;
- аймақтық басқарма органдары мен мемлекеттік органдардың ара қатынасын реттеу;



Сурет 26 – Мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетудің аймақтық бағдарламасы

Ескерту – [124] әдебиеті негізінде автор құрастырған

Аймақтық әлеуметтік сала басқармасы аймақтық халыққа әлеуметтік көмек көрсету басқармасы мен аймақтық әлеуметтік саланы дамыту басқармасын жоспарлап отыр. Осылайша, аймақтың әлеуметтік саласын дамыту басқармасы – бұл әр деңгейдегі билік органдары жүзеге асырған және өңделген әлеуметтік дамуды үйлестіру, әлеуметтік экономикалық, құқықтық және ұйымдастыру шараларын құру жүйесі.

Әлеуметтік даму басқармасының тиімді шараларын жасау әлеуметтік салалардың даму көрсеткіштері мен бағалар жүйесіне сәйкес пайдалануды ұсынады.

Әлеуметтік саясаттың ықпалын бағалау кезінде оның мазмұны мен мәніне бара-бар критерийлерді қолданған жөн [125].


Мұндай критерийлер алдымен, аймақ халқының өмірінің сапасы мен дәрежесі болып табылады. БҰҰ қабылдаған өмір сүру деңгейі халықаралық тұжырымдамасына сәйкес, ол мынадай түсінікпен анықталады: адамның денсаулығы, азық-түлік тағамдарын тұтынуы, білімі, еңбек шарттары, тұрғын үй жағдайы, әлеуметтік қамсыздандыру, киімі, демалысы және бос уақыты.

ҚР-ның аймақтарындағы әлеуметтік өрістің дамуы қазіргі кезде біраз қиыншылықтар туындатып отыр, мысалы нарықтық қатынастың дамуы түрлі әлеуметтік диспропорцияның күшеюіне әкеп соқтырды. Сонымен қатар халықтың өмір сүру деңгейі мен тапқан табысына қарай жікке бөлініп, кәсіподақтар ұйымдары банкротқа ұшырады, еңбекпен қамту үдерістері қысқарды.

Облыстардағы әлеуметтік басқару жүйесін дамытуда бағдарламалар жасау әдісі кең таралған. Қазіргі таңда ол әдіс үкімет тарапынан қолдау тауып, тәжірибеге кеңінен енгізіліп келеді.

Басқару бағдарламасы әр облыста тиімді іске асуы үшін нақты жағдайларға сәйкес болуы тиіс. Сондықтан облыстардың әлеуметтік шеңберіндегі басқару бағдарламалары бірнеше жүйеден тұрады:

- құрылымдар жүйесі;
- ресурстар жүйесі;
- жүзеге асыру жүйесі;
- бақылау жүйесі.



Сурет 27 - Аймақтардың әлеуметтік басқару бағдарламалар жүйесі

Ескерту – [124] әдебиеті негізінде автор құрастырған

Құрылымдар жүйесі. Құрылымдар жүйесінің элементтері заңға сәйкес жасалып, қолжетімді нысандар мен әдістерді қамтуы керек. Оның объектісі



мемлекеттік жүйелеу мен аумақтық дамуды бақылайды. Бұл элементтердің қатарына ҚР-ның Конституциясы мен заңдары кіреді.

Сонымен қатар бұл жүйеге ақпараттық-талдау және болжамдық-талдау тәсілдері кіруі қажет.

Ресурстар жүйесі. Ресурстар жүйесіне мемлекеттің қаржылық, табиғи және мүліктік бөлігі кіреді. Сонымен қатар, оған мемлекеттік емес, алайда заң жүзінде белгілі бір мақсатты іске асыруда пайдаланылатын ресурстар, яғни жеке азаматтардың дүние-мүлкі де жатады.

Іске асыру жүйесі. Бұл жүйе әлеуметтік жағдайына қарай көпжақты және көптеген нақты әрекеттер мен механизмдерді қамтиды.

Мұнда түрлі шаралар қарастырылады. Ең алдымен, түпкілікті немесе ұзақ мерзімді саяси шешімдер қабылдауды жатқызуға болады. Оған мысал ретінде аумақтарда құқықтық ұйымдардың орнығуын айтуға болады.

Бақылау жүйесі. Бақылау жүйесіне мемлекеттік басқару жүйесіндегі жалпылама және үнемі іске асырылатын іс-шаралар жатады. Мысалы, кең көлемді бағдарлама жасау немесе трансферттеуді жатқызуға болады. Бақылау жүйесі соңғы шешім қабылдау мен оны іске асыруды қамтиды. Көлемді көрсеткіштер мен оның нәтижелі қолданыстары бақылау жүйесінің нәтижесін көрсетеді.

### **3.3 Мониторинг жүргізу - мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсету бағдарламаларын басқару жүйесінің бөлігі ретінде**

Жоғарыда біздің жүргізген зерттеу нәтижелеріміз халыққа әлеуметтік көмек көрсету органдарында шешім қабылдауда ақпаратпен қамтамасыз ету өте төмен және халыққа әлеуметтік көмек көрсету органдары басшыларының қажеттіліктерін жедел басқару мен ұзақ мерзімге жоспарлау қанағаттанарлық емес екендігін көрсетті. Қалыптасқан жағдай объективті және субъективті факторлардың әсерінен екендігі анықтады. Объективті факторларға ресурстық қамту мен аймақтық автоматтандырылған мәліметтер базасын ендіруге байланысты қиындықтардың болуы, аймақтардағы халыққа әлеуметтік көмек көрсету органдары өкілдерінде өзге ведомстволардың мәліметтер базасына кіру рұқсатының жоқтығы, аймақтық әкімшіліктер мен жергілікті ғылыми қауымдастықтар арасындағы серіктестіктің жеткілікті деңгейде дамымауы, муниципалдық статистика сапасының жоғары болмауы, сонымен қатар, осы салаға тән қаржыландырудың шектеулілігін жатқызуға болады. Сонымен бірге, аймақтық мониторинг жүйесін енгізуді тежеп отырған субъективті себептер де бар. Оларға бірінші кезекте Әлеуметтік көмек көрсету органдары өкілдерінің мекендік бағдарламалардың тұрақты мониторингін жүргізуге дайын болмауы, мониторингті өз жұмысының нәтижелілігін бағалау жүйесі ретінде толық пайдаланбауы жатады.

Сонда да соңғы уақытта осы бағыттағы жұмыстар көптеген аймақтарда және муниципалдық білім беруде жандандырылды: регламенттер мен стандарттар өңделуде, есеп-қисап жүйесі жетілдірілуде, компьютерлік бағдарламалар енгізілуде, әлеуметтік көмек көрсетуді бюджеттендіру жүйесіне

кажетті өзгерістер енгізілуде, әсіресе, оның барынша нәтижеге бағытталу мүмкіндігі кеңейтілді.

Біздің пікірімізше, халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесіндегі мониторинг дегеніміз әрбір бағдарламаның іске асырылу көрсеткішін, оның қорытындысы мен көмек көрсету тиімділігін тұрақты түрде өлшеуді айтамыз. Мониторингтің басты мақсаты бағдарламаның іске асырылуы, оның негізгі нәтижелері мен кемшіліктері жөніндегі ақпараттарды жинау және жүйелеу болып табылады. Мониторингті жүргізу барысында бағдарламаның әр түрлі ресурстарының (кадрлық, қаржылық, техникалық) қалай жұмсалатындығы, қандай көлемде және атаулы әлеуметтік көмектің кімге көрсетілетіндігі жайында ақпарат жинақталады. Яғни, бағдарламаның «өнімі» қандай, сонымен қатар, оның нәтижесі қандай болады (яғни, атаулы әлеуметтік көмек тұтынушылардың тұрмыс жағдайына, денсаулығына, әлеуметтік деңгейіне қандай әсер береді және т.с.с) [127].

Мониторинг бағдарламаның іс жүзінде іске асырылуындағы қателіктерді, оның белгіленген бағыттан ауытқуын анықтауға мүмкіндік береді. Мониторингтің маңызды сапасы тұрақтылық болып табылады: ең үлкен серпінді теңдей және барынша қысқа уақыт аралығында жүргізілетін мониторинг береді (жекелеген өлшемдер бойынша күн сайынғы немесе ай сайынғы, өзге өлшемдер бойынша маусымдық және жылдық). Қалыптан қалыпқа жүзеге асырылатын мониторинг әкімшілік ресурстарды босқа шығынға ұшырату болып табылады.

Мониторингті жүргізу негізінде сандық ақпараттарды талдау мен жинақтау жатқандықтан, қандай индикатор жүйесінің қолданылатындығы маңызды. Индикаторлар (көрсеткіштер) нақты тұжырымдалған және өзгертілмейтін болуы тиіс. Бағдарламаның әрбір маңызды қызметі нақты және өлшемге бейімделетін индикаторға аударылуы керек. Мысалы, бағдарламаның қарттарға арналған кеңестері, адамның жалғыздық деңгейін төмендетуге, денсаулығын және өмір сапасын жақсартуға бағытталуы мүмкін. Мұндай жалпы нысаналарды нақты индикаторларға ауыстыру қажет. Мысалы, әлеуметтік жұмысшылардың жергілікті қауымдастықпен жүзеге асырылатын қоғамдық іс-шараларға қатысу деңгейінің өсуі, медициналық қызмет көрсетуге берілген жолдамалар саны және т.б.

Индикатордың негізгі төрт түрін қарастыруға болады.

1) Қор индикаторлары - қолданыстығы қорлардың санының өлшемі. Балаларға арналған жәрдемақы қоры мысалы, әлеуметтік көмек көрсету мамандары, бөлмелер, компьютерлер және де басқа материалдар.

2) Өнім индикаторы - көрсетілген қызметтің сандық өлшемі. Азық - түлік бөлімінің мекен - жайы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету төлемі бойынша жәрдемақы алатындар саны шығады.

3) Нәтиже индикаторы - нәтижелердің өлшемі немесе қызмет көрсетілетін адамдарға арналған бағдарламаның жүзеге асуынан болған әсері. Мысалы, кәсіби қайта дайындау бағдарламасында , жұмыс алған қатысушылардың санын бақылап отыруға болады (қайта дайындау курсына

бітіргендер саны өнім болып табылады).

4) Тиімділік индикаторы - алынған өнім, нәтиже және қор шығындарының салыстырылуы. Мысалы, әкімшілік және бағдарламалық шығындарымен қоса, бір тұтынушыға қызмет көрсету үшін бюджеттен қанша қаражат жұмсалады?

Төменде әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламасы бақылауының мүмкіншілік көрсеткішінің тізімі берілген (кесте 12).

Жоғарыда көрсетілгендер келесі құрамдас бөліктерге бөлінуі тиіс [129]:

- тұтынушы сипаттамасы (жасы, тобы, жынысы, ұйшаруашылық көлемі, ұлты, табыс әкелетін үй шаруашылық ұяшығы; тұрғын үй, мекен - жайы, мысалы, қала, ауылдық аймақ, аудан; "жағдайы қиын" , мысалы, "өте қиын", "аздап қиын", "қиын емес" және тағы басқалар);

- қызмет көрсету сипаттамасы (жеке кезекпен әлеуметтік жәрдем алатын тұтынушылардың саны; әлеуметтік көмек көрсетілетін кеңсе/бөлме; қызмет көрсету тәсілі - ықпал етудің түрлі тестілеу әдестері пайдалы; жеке инспектор / арнайы бөлінген әлеуметтік қызметкер);

- мониторинг көрсеткіштерін салыстыру негізі (нәтижеліліктің алдыңғы кезеңіне қатысты; әлеуметтік жәрдемнің мақсатты - қызметтілігіне қатысты; басқа да мемлекеттік қызметтерге қатысты).

Кейде бағдарламаның өнімі мен нәтижелілігін айыру қиынға соғады, бірақ жалпы алғанда, өнім - бұл бағдарлама бойынша жасалады да, ал нәтиже - бұл жасалған өнімді тұтынушылардың шындығында алуы. Мысалы, отбасылардың өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша 50 ұйшаруашылығы қожайындары қатысқан болса (қызмет, материалдық көмек алып, олардың міндеттері мен шарттарын орындаған), ал нәтижесі бойынша, олардың 25 ғана өз-өздерін қамтамасыз ететін деңгейге көтеріліп, кедейліктен шықты. Өнім - санмен, ал нәтиже - сапамен өлшенеді. Бір көрсеткішті екіншісімен ауыстырған жағдайда, нәтижелер оның жинауындағы жүйелілігіне қарамастан, аз әсерлі болуы мүмкін.

Ең соңында, бақылаудың негізгі параметрлер санының қатарына, оның аз шығындалуын жатқызуға болады: бақылаудың әсерлі жұмыс істейтін бағдарламасы, қарапайым әкімшілік ақпараттарды жинайтын бағдарламаға қарағанда, уақыт шығыны мен материалдық шығындардың өсуін қажет етпейді. Бақылау, қарапайым есеп беру нысаны мен негіздерді жинауда негізделуі мүмкін. Бақылаудың басты шараларына кіріспей тұрып, бағаланатын бағдарламалардың ең басты сипаттамаларын нақты бағыттап алған дұрыс: мақсаттары, қаржыландыру көлемі, көмек көрсету түрі, бағытталған аудитория және тағы басқалар. Бағдарламаның ерекшелігін анықтау, бақылауды ұйымдастырушыларға индикаторлар санын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Кесте 13 - Әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламасын бақылау көрсеткіштерінің тізімі

Қор	- бюджет шығындары;
-----	---------------------

көрсеткіштері	- бағдарламаны іске асыруға қатысқан қызметкерлер саны мен деңгейі;
Бағдарламаны жүзеге асыру көрсеткіштері	- әлеуметтік қызмет көрсету барысының бастапқы құжаттарын әзірлеу (жәрдемақы мен субсидия алу үшін жазылған арыздың қаралуына кететін уақыттың орташа есебі - арыз жазылған күннен кейінгі күнтізбе күндері);
13 кестенің жалғасы	
Төлемақы ұсыну:	-төлемақылары кешігіп жатқан төлем алушылардың / төлем алушылардың жалпы саны; - өздерінің төлемақыларын алмайтын төлем алушылар / төлем алушылардың жалпы саны;
Әлеуметтік көмек көрсетуге қажетті құжаттардың әзірленуінің аяқталуы:	- субсидия мен жеңілдіктер көрсетуден бас тарту туралы шешімнің шығарылуна кететін орташа уақыт (алаяқтық деректер қарастырылғаннан кейінгі күнтізбе күндерінің саны, әлеуметтік көмек көрсету құқығынан айырылуы жөніндегі шешімнің қабылдануы және т.б); - ақшалай көмек көрсетілуден бас тартылған жеңілдік берілген адамдар саны / Ақшалай көмек көрсетілуден бас тартылған жеңілдік берілген адамдардың жалпы саны;
Өнімділік көрсеткіштері	- әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасы қатысушыларының саны ( саналған бағыттық категориясына жалпы және пайыздық қатынасы) - әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасы қатысушыларының негізгі түйіндемелері: жынысы, жасы, білімі, асырауындағы адамдар саны, жұмысбастылық жағдайы (немесе әлеуметтік көмек алу құқығына ие болу талаптарына сай жұмыс өтілі); - жәрдемақы төлену көлемі (әр аймаққа жалпы төлену кезеңі);
Тиімділік көрсеткіштері	- әлеуметтік қызмет жұмыскерлерінің бір ай ішінде қарастыратын, жәрдемақы алуға арналған тапсырыстар саны; - жаңсақ мекен - жай барысында бағаланатын мекен - жай тиімділігі (әл-ауқаты төмен емес азаматтарға көрсетілген жәрдемақы пайызы мен тиесілі жәрдемақы алмаған орталық аудитория пайызы); - бағдарламаны жүзеге асыру барысындағы орташа әкімшілік шығындар / әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасының бір қатысушысына арналған ауқымы; - төленген жәрдемақылардың жалпы көлемі/ бағдарламаға жұмсалған мемлекеттің жалпы шығыны;
Нәтижелілік көрсеткіштері (бағдарлама міндеттеріне байланысты)	- материалды көмек алатын, үй шаруашылығы қажеттілігі деңгейінің өсуі (негізгі көрсеткіші); - үй шаруашылығы қажеттілігінің арқасында алынатын материалдық көмек көрсету (денсаулық сақтау, білім беру, қаржылай қызмет, жұмысбастылық және т.б) қызметі көлемінің өсуі (негізгі көрсеткіші);
Ескерту – [129] әдебиеті негізінде автор құрастырған	

Атаулы әлеуметтік бағдарламалар мониторингіне кіретін ХӘКК органдарындағы басқару сапасын көтеруге қажет ақпараттардың маңызды көздеріне келесілерді жатқызуға болады [130]:

- әкімшілік есеп берушілік, яғни атаулы бағдарламалар бойынша және атаулық жәрдем көрсету үдерісіне қатысатын немесе табыс мөлшерін тексеру, жұмысбастылық, баспаналық және мүліктік статусын тексеруге байланысты ақпарат ұсынатын басқа мекемелердің мәліметтер базасы бойынша;

- аймақтық және муниципалдық статистика мәліметтеріне халықтың және жекелеген топтардың атаулы бағдарламалармен қамтылу дәрежесін бағалауға, кедейлік көрсеткіштерінің өзгерулері мен әлеуметтік көмектің қолжетімділігін бақылауға мүмкіндік беретін мәліметтер;

- әрекеттегі әлеуметтік бағдарламалардың сапасы мен қолжетімділігіне қатысты халық және арнаулы топтар арасындағы әлеуметтік сауалнама жүргізу.

Одан басқа, әлеуметтік бағдарламалар мониторингіне арналған мәліметтердің бір бөлігі арнаулы топтарымен кері байланыс жасау механизмдері арқылы жинақталуы мүмкін (жедел байланыс желілерін, байланыс орталықтарын, интернет-сайттар ұйымдастыру, азаматтардың әлеуметтік көмек көрсету органдарына жүгінуінің сараптамасы және т.б.)

Жедел байланыс желілеріне, сенім телефондары, шағым статистикасы, қабылдау барысындағы сұрақтар және т.б. жүгінулерді бір жүйе бойынша жүргізуді жақын арада ұйымдастыруға мүмкіндік болады. Мұны жүзеге асыру айтарлықтай оңай болғандықтан аймақтық органдар мүшелерінің халықпен өзара қарым-қатынас жасау мониторингі елеулі түрде кеңейтілу керек. Сонымен қатар, ардагерлермен сұхбаттасу, аудандар тұрғындарымен кездесу, елді мекендер мен ауылдық жиналыстарға қатысу, ақпараттық материалдарды БАҚ-да басып шығару арқылы азаматтармен байланыс орнатылады. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін басқару тұрғысынан бұлар, күмәнсіз, әлеуметтік белсенді азаматтарға ақпараттарды жеткізудің нәтижелі әдістері, бірақ олар атаулы көмек алуға байланысты мәселелердің немесе керісінше, жағымды өзгерістердің мониторингін толықтай жүргізуге мүмкіндік бермейді. Сол себепті халықпен өзара байланыс жүйесін бұрыннан келе жатқан нысанын жетілдірумен қатар олардың спектрін ұлғайту қажет, әуелі қоғамды әлеуметтік жәрдем көрсету сапасының тәуелсіз мониторингін жүргізуге баулу қажет болады.

Халық арасында сауалнама жүргізу әлеуметтік көмек көрсету органдары қызметінің әзірше кең таралмаған түрі. Клиенттермен өзара байланыста болудың бұл түрі өте маңызды, өйткені сәйкес органдар мен мамандардың жұмысына байланысты кемшіліктерді минималды шығынмен және уақтылы жоя отырып, қажетті басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді.

Атаулы әлеуметтік көмек бағдарламалары бойынша жылдық және айлық есеп беру мәліметтерін мемлекеттік статистикалық есептеулердің стандартты нысандарынан оңай алуға болады. Бір жағынан бұл зерттеу жұмыстарын жасауға кететін шығындарды қажет етпейді, бірақ екінші жағынан тұрмыс деңгейі мен түрлі табыс көздеріне, соның ішінде әлеуметтік трансферттерге қатысты зерттеулерді талап ететін атаулы әлеуметтік көмектің тиімділігіне байланысты объективті ақпарат жинауға мүмкіндік бермейді. Аймақтардағы көптеген қорытынды көрсеткіштер санаққа алынбайды. Мысалы, бұл атаулы жәрдем алушылар саны мен ауқатсыздар санының арақатынасына байланысты болады. Өйткені аймақтардың біраз бөлігінде тек әлеуметтік көмек көрсету органдарында бұрыннан есепте тұрған ауқатсыздар туралы ғана мәліметтер бар.

Соңғы жылдары кейбір аймақтардың әлеуметтік көмек көрсету органдары есеп беру мен қорытынды көрсеткіштерді жинақтауды жетілдіруге қатысты бірқатар қадамдар жасады. Берілген мысалдағы индикаторлар негізінен әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты, бірақ олар еш қиындықсыз атаулы жәрдемақылар жүйесіне сәйкес өзгертіліп (мысалы, «мұқтаждық бойынша қайталанып жасалған сұраныстар санының осы жәрдемақыны алушылардың жалпы санына қатынасының» көрсеткіші), әлеуметтік атаулы жәрдемақылық бюджеттік шығындар нәтижелілігінің мониторингі бойынша одан арғы әрекеттерге негіз бола алады.

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесіндегі ақпарат ағымының біркелкі болмауынан кейбір атаулық жәрдемақымен айналысатын бөлімше басшылары жүйе қызметінің аралық сапалық нәтижесі туралы егжей-тегжейлі ақпарат ала алмайды. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің ішіндегі мәліметтер қорының шашыраңқылығы мен ақпаратпен қамтамсыз етудің техникалық кемшіліктері мәселенің технологиялық қырын көрсетеді. Шешімдер қабылдау үшін қажет көрсеткіштер мен есеп беру жүйесінің жоқтығы және мекеме аралық ақпараттық әрекеттесу модельдерінің болмауы – бұл институционалдық мәселе. Енді түрлі аймақтардың мәселелерін жинақтап көрейік [131]:

1. Көрсеткіштердің жетіспеушілігі. Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы және олардың атаулық әлеуметтік көмек көрсету бағдарламалар қызметін қалай қабылдайтыны туралы мәліметтердің жетіспеушілігі. Халыққа әлеуметтік көмек көрсету органдарының негізгі міндеттері – тиімділікті бағалау, төлемдердің халық әл-ауқаттылығына әсері (мониторинг жүргізу, сараптау қажет, әйтпесе болашақ тұжырымдамалық шешімдер қабылдау қиын).

2. Әлеуметтік көмек көрсету саласы қызметкерлерінің барлығы мониторинг жүргізу қажеттілігін түсіне бермейді. Нақтырақ айтқанда, бағалау іс-шараларының мәлімет жинаудан ары қарай қозғалмай қалу жағдайлары осы саладағы мамандардың мониторинг жүргізудің пайдалылығына күмәнмен қарауына әкеп соқтырады. Сонымен қатар, көбісі мониторингті мамандар үшін артық жүктеме деп қабылдайды.

3. Жергілікті әлеуметтік көмек көрсету органдары басқару органдары тарапынан талдау мен ақпаратқа деген сұраныс байқалмайтынын сезеді (қаржы бойынша мәліметтерді ескермегенде). Анда-санда біресе бір басқа, біресе тағы басқа мәліметтер сұратылады, және бұл сұраныстар сиректілігіне байланысты оларға жауап іздеу мамандардың көп уақытын алады, ал тұтас көрініс бәрібір де құралмайды.

4. Мониторинг жүргізудің техникалық шектеулері де бар. Әлеуметтік атаулық көмек бойынша ортақ мәліметтер базасының болмауы жағдайды біршама қиындатады. Көптеген енгізіліп жатқан автоматтандырылған жүйелер пайдалануда өте күрделі, ыңғайсыз болғандықтан, көп жағдайда оларда мәліметтерді ескі базадан жаңа базаға ауыстыру немесе жәрдем түрлерінің әр түрлі екі бағдарламасын біріктіруге мүмкіндік бермейді. Ал кейбір аймақтарда

екі база арасындағы мәліметтер алмасу мәселесі (ең алдымен балалар емханасы және МӘК бойынша) әлі де қарастырылмады.

5. Әлеуметтік көмек көрсету мамандары үшін басқа мекемелердің мәліметтер базасын қолдануға рұқсат шектелген. Бұл жәрдем алушыларға қатысты мәліметтерді жаңартуға және нақтылауға мүмкіндік бермейді. Мекеме аралық ынтымақтастық жағынан муниципалитеттер арасындағы жағдай өте құбылмалы. Біз сұраған әлеуметтік көмек көрсету органдары өкілдерінің барлығы салық қызметі базасының мәліметтеріне рұқсат жоқтығына өкінішін білдірген. Мұндай ақпарат мониторинг үшін ғана емес, ол ең алдымен құжаттарды қабылдау және тексеру кезінде, әсіресе маңызды екенін айтып кеткен болатынбыз және оның жоқтығына халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жергілікті бөлімшесі қызметкерлерінің көбісі шағымданады. Ал кей жағдайда әлеуметтік көмек көрсету органдарының мүшелері ақпарат алмасуда аса бір пайда бар деп келісе алмайды, өйткені оларды басқа мекемелердегі мәліметтер сапасы қанағаттандырмайды.

Әлеуметтік атаулық жәрдемақылар мониторингі индикаторларының ортақ жүйесін құру мен бекітуде оған келесі ақпараттар кіру керек:

- арнаулы топтар мен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы;

- әрбір бағдарламаның қаржы сипаттамасы мен басқа да ресурстарына қатысты (жәрдемақы түріне байланысты шығындар, әкімшілік шығындар, кадрлық потенциал, техникалық жабдықталу);

- көмек көрсету қызметінің параметрлері (жәрдем алушылардың саны мен құрамы, жүгінулер, жәрдемақы алу, бас тарту, бір отбасын қабылдауға кеткен уақыт құрылымы мен өзгерістері, жәрдемақыға байланысты шағымдар және жүгінулер құрылымы мен өсімі, оларды қарастыру нәтижелелері);

- бағдарлама нәтижесі және арнаулы аудиторияға әсер ету көрсеткіштері.

Әлеуметтік атаулық жәрдемақы бағдарламалары үшін келесі индикаторлар тобын ұсынамыз:

- арнаулы топтың әлеуметтік-экономикалық күйін сипаттайтын индикаторлар;

- бағдарлама қызметінің аймақтық шығындарының көлемі мен сапасы, құрылымы, соның ішінде жәрдемақы төлеу және әкімшілік шығындарды сипаттайтын индикаторлар;

- жәрдемақы беруді басқару сапасының индикаторлары;

- нәтижелілік индикаторлар (берілген жәрдемақы мен қосалқы қызметтер көлемі);

- әлеуметтік-экономикалық тиімділік индикаторлары;

- бағдарламаға қатысы жоқ түрлі факторлардың арнаулы топқа әсер етуін сипаттайтын индикаторлар;

Индикаторлар жүйесін құрғаннан кейін бұл көрсеткіштердің бірқалыпты қолданылуын қамтамасыз ететін бірқатар практикалық әрекеттерді орындау қажет. Бастапқы кезектегі әрекеттер:

- мекемеішілік есеп беру нысандарын жетілдіру, толықтыру және кеңейту;

- мониторингтік ақпараттың біркелкі электронды формаларын дамыту, оны жинақтау, салыстырмалы сипаттамалық кестелер мен сызбалар құру, жергілікті деңгейде мәліметтер базасын бірқалыпты сақтау және оларды әлеуметтік көмек көрсету органдарына жедел жеткізу;

- персоналды жергілікті деңгейде біркелкі оқыту және мониторингтік мәліметтер базасы мен есеп беру формаларына енгізілетін мағлұматтар сапасын бақылау. Жергілікті әлеуметтік көмек көрсету органдар қызметкерлерін жәрдемақы алушылар мен жүгінуші азаматтар туралы мәліметтер жүргізуге (бұрыннан бар мәліметтер базасы мен жеке іс жүйелерін дамыта келе), ақпарат ағымын ретке келтіруге, мағлұматтарды сақтау және жаңартуға, әкімшілік шығындар мониторингі үшін жұмыс уақытын есептеуді ұйымдастыруға үйрету. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жергілікті бөлімшесі қызметкерлерінің осы дағдыларға үйренуі мәліметтер сапасын, яғни жалпы мониторинг нәтижесін анықтайтын шешуші мәселе болады;

- Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жергілікті бөлімшесі қызметкерлері арасында түсіндіру және үйрету жұмыстарын өткізу, өйткені олардың кейбіреуінің мониторинг туралы тек шамалы ғана түсінігі болады және мониторинг нәтижесі тек қана қосымша қажетсіз ақпарат жинақтау емес, бағдарламаның жеткіліксіз тиімділігін анықтау мен оны түзетуді білдіретінін толықтай аңғармайды. Мониторинг іс-шаралары мақсаттарын түсіндіру, аймақтық мониторинг тәжірибесінің ең жақсы мысалдарын талдау қызметкерлерге өз маңыздылығын сезініп, аймақтық мониторинг жүйесінің дамуы мен қалыптасуына әсерін тигізеді [132].

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің технологиялық дамуы басқару органдары тарапынан туындайтын талаптарды ескере отырып жүргізілгені маңызды. Нақтырақ айтқанда, перспективада келесідей әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жүргізу қажет:

- әлеуметтік көмек мәліметтер базасына нәтижелілік индикаторларын қосу, көп өлшемді сараптама жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық модульдерді дамыту, әлеуметтік саладағы кез-келген болашақ реформалардың әсер ету нұсқаларын болжау және үлгілеу;

- халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің жергілікті бөлімшелері арасындағы жаңа технологияларға қолжетімділік айырмашылықтарын жою;

- адамдардың жәрдемақыға лайықтылығын тексеруге және әлеуметтік жәрдемге мұқтаж адамдарды анықтауға қажет мекеме аралық мәліметтер қолжетімділігін жетілдіру;

- мекемелер арасында, ішінде және аймақтық әкімшілік пен облыстық жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы ақпараттар алмасуын қиындатып тұрған мәліметтер базаларындағы келіспеушіліктерді жою;

- мәліметтерді басқарудың стандартталған әдістерін құру және ақпараттық жүйелерді дамыту, мәліметтерді жеткізу барысында қиындықтар болмас үшін барлық аймақтық реестрлер мен реестр тармақтарын бір ақпараттық жүйеге біріктіру;



- әлеуметтік саясат мақсатында мемлекеттік статистиканы барынша пайдалану үшін оның аймақтық ақпараттық жүйелерімен тиімді әрекеттесуін ұйымдастыру.

Халықты атаулық әлеуметтік көмек көрсетудің мәліметтер базасы:

- заңнамаға сәйкес қызмет етуді қадағалауды қамтамасыз ету;
- клиент туралы толық ақпаратты біле отырып, мамандардың қызмет жасау тиімділігін көтеру;
- азаматтарға жылдам қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдай мониторингін жасау, соның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформаларын жүргізу барысында;
- халықтың әлеуметтік қызмет пен мекемелерді қажет етуін есептеу;
- аймақтың әлеуметтік саясат бағытын анықтауға мүмкіндіктер туғызады.

Айтылған ұсыныстарға қосымша әлеуметтік атаулық бағдарламалар шығындар мониторингінің мәселесіне қайта оралу керек. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін компьютер техникасымен және байланыс құралдарымен жабдықтау қажеттілігі елдің көптеген аймақтарында жоғары деңгейде, сондықтан мәліметтер базасын ұқыпты жүргізу лайықты техникалық жабдықталуға тікелей тәуелді болуы тиіс. Қажеттіліктерді дайындау мен құнын бағалауда бюджеттік және басқа компьютерлік құралдарға арналған арнайы орындардың болмауы сияқты ресурстық шектеулерді ескеру керек. Алайда әлеуметтік көмек көрсету органдары жәрдем алушылардың жеке істерін қағаз тасымалдаушыларда да ұқыпты жүргізу көп еңбекті қажет еткенмен, мониторинг жасаудың айтарлықтай нәтижелі әдісі болып табылатынын ескеруі қажет. Басқаша айтқанда, бағдарлама жасауда компьютерлік техниканың жетіспеушіліктері әлеуметтік бағдарламалар жүйесін жасау жолындағы кемшілік деп санауға болмайды, бірақ, компьютерлік жабдықталудың ең жоғарғы қажеттіліктерін бағалап, оларды ағымдағы шектеулермен сәйкестендіре отырып минималды техникалық жабдықтаманы және соның бюджетке кіретін құнын анықтау маңызды. Бұл жағдайда жекелеген жәрдемақылар емес, жалпы әлеуметтік көмек көрсету жүйесі үшін әкімшілік мониторинг жүйесін құрастырған жөн. Сонда әрекет ауқымын (ақпарат алмасу жүйесін талап ететін бірнеше емес, бір ортақ база құру) үнемдеу арқылы шығын бірлігіне шаққандағы көбірек қаражат тиімділігін көруге болады.

Әкімшілік ресурстарды үлестіру және халыққа әлеуметтік көмек көрсету органдары басқармаларының клиенттермен жұмыс жасау сапасын көтеру үшін әлеуметтік көмек көрсету бөлімдерінде немесе атаулық көмек көрсетумен айналысатын кешенді орталықтарда қалыптасқан ұйымдастырушылық ортасының ішкі мониторинг жүйесін құрған дұрыс. Сонымен қатар, әлеуметтік көмек көрсету органдары жетекшілерінің мекеме ішкілік мониторинг негізінде тиімді қызмет атқаратын бөлімшелер немесе мекемелерді және қызметкерлерді жұмысы қажетті нәтижеге әкелмейтіндерден ажыратуға мүмкіндігі болуы тиіс. Ол үшін жүйелі түрде қызметкерлер жұмыс уақытын межелеп, олардың ең көп

еңбекті қажет ететін құрамаларын белгілей отыра уақыт шығынын оптимизациялау керек [133].

Жиі өлшеуді қажет ететін жекелеген индикаторлардың ең маңызды түрлеріне мамандардың белгілі бір жәрдемақы бағдарламасын жүзеге асыруға кететін жұмыс уақытының үлесін, жұмыс уақытын жәрдемақы тағайындау және төлеу әрекеттеріне байланысты бөлуін, белгілі бір жұмыс түрінің жұмыс бір маманның бір айда орындаған көлемін, жәрдемақы ақы тағайындауға жұмсалатын айлық орташа есеппен алынған еңбек шығынын, жәрдемақы алушы бір отбасының айлық орташа есеппен алынған еңбек шығынын атауға болады.

Атаулық әлеуметтік көмек көрсетудің тиімділігін сараптау үшін арнаулы топтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпаратты жүйелі түрде жаңартып отыру қажет. Мұндай ақпаратты барлық тұрғындарды қамтитын тұрмыс деңгейінің зерттеуі береді. Айтып өткендей, мұндай зерттеулер көп қаражатты талап ететіндіктен, облыстық әкімшілік оларды мемлекеттік статистика органдарымен бірлесе отыра сәйкесінше қаржыландырылған (донорлық қаржыландыру) келісімшарт негізінде жүргізе алады.

Тұрмыс деңгейін зерттеу халықтың кедейлік деңгейін, немесе теңсіздігін, қоғамдық игіліктерге қолжетімділігін, соның ішінде атаулық жәрдемақыларға, және басқа да ауқаттылық көрсеткіштерін бейнелейтін ең сенімді әрі ғылыми негізделген әдіс. Аймақтық әкімшілік пен жергілікті статистика комитетінің әлеуметтік атаулық көмек бағдарламасындағы ең әлеуметтік осал азаматтар тобы мен қатысушыларын анықтаудағы бірлесе қызмет жасауы аса құнды нәтиже береді. Себебі деректер жинау үдерісіне мамандандырылған қызметкерлердің қатысуы жинақталған мәліметтер сапасы мен сенімділігін арттыра түседі.

Әлеуметтік көмек және еңбекпен қамтылу мониторингінің құрамына шаруашылықтардың тұрмыс деңгейі мен бағдарлама ауқымдылығын зерттеу, көмек алушылардың көрсетіліп жатқан қызмет сапасын бағалауы, қызмет көрсетіліп болғаннан кейін бірден жасалатын жедел сауалнамалар және т.б. әлеуметтік бағдарламалардың қалай жұмыс істейтіні туралы толыққанды ақпарат бере алатын тәсілдер кіреді. Шаруашылықтардың ауқымдырақ зерттеулерінен алынатын индикаторлар-әлеуметтік көмек бағдарламаларына қатысу, шығындар мен тұтыну құрылымы, еңбек нарығына қатысу, табыс көздері. Бұған қоса статистикалық зерттеулерден әлеуметтік трансферттің үйлестірілу әділеттілігі мен тиімділігі туралы ақпарат, сонымен қатар әлеуметтік бағдарламалар негізіне салынған еңбекке ынталандыруға шаруашылықтардың жауап реакциясы, әл-ауқаты төмен халықты жәрдемақымен қамту деңгейі көрінеді [134].

Біздің жүргізген зерттеу жұмыстарымыздың барысында халықтың әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған қорытындылар мен ұсыныстар дайындалды:

- халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі әлеуметтік стандарттарын есептеу әдістемелерін қайта қарастыру қажет деп санаймыз. Мысалы, әлеуметтік көмек

көрсетуге пайдаланылатын күн көріс минимумы мен «кедейлік шегін» қайта жетілдіру қажет. Әлеуметтік стандарттар әлеуметтік жәрдем жасаған кезде тиімдірек нәтижелер көрсетіп, дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді;

- әлеуметтік жәрдем бағдарламалары жергілікті еңбек нарығына сай қажетті еңбек және бейімделу дағдыларын игеруге, соның ішінде кәсіпкерлік қызметке, өткізу нарықтарын ұйымдастыруға жәрдемдесуі тиіс;

- анықтамалар немесе басқа да құжаттар жинаудағы әкімшілік кедергілерді, тасымалдау шығындар қажеттілігін, жекелеген қосалқы шаруашылық табысын бағалау нормативтерді азайту және мұқтаждық статусын анықтауға қоғамды тарту арқылы әлеуметтік көмектің атаулығын көтеру;

- бағдарламаларды дайындау барысында арнаулы топқа сәйкес (өте к едей немесе әл-ауқаты нашар) кедейлік көрсеткіштерін икемді қолдану ұсынылады (мысалы, кедейлік ауқымдылығы немесе кедейлер үлесі);

- әлеуметтік жәрдем жүйесі кедейлер арасына түсуге емес, кедейліктен шығуға ынталандыруы керек. Сондықтан жұмыс тауып, жұмыс орнында бір айдан астам уақыт қызмет жасап жатқандарға марапаттау жасаған дұрыс.

- Қазақстандағы жұмысбастылардың 33,3% құрайтын өз-өзіне жұмыс істейтіндердің халық табысындағы үлесін көтеру үшін кәсіпкерлік белсенділігіне жәрдемдесу қажет.

Қазақстанның әлеуметтік саясатының тиімділігі мемлекеттік реттеу жүйесіне, экономикалық өсім, саяси-құқықтық база, институционалдық құрылымдар факторларына, халықтың саяси құрылымының даму деңгейіне, және жүргізіліп отырған экономикалық, қаржы, құқықтық, мәдени саясатпен тығыз байланысты болып келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жүргізу барысында келесідей нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Бүгінгі таңда тұрғындардың нақты топтарының – зейнеткерлер, мүгедектер, балалар, көп балалы жанұялардың өз қажеттіліктерін мемлекеттің қолдауынсыз қанағаттандыра алмай қиыншылықтары туындауда. Бұл үдерістер еліміздің көптеген аймақтарында әлеуметтік тұрақсыздықты көрсетіп тұр. Сондықтан жоғарыда айтылған топтағы азаматтардың әлеуметтік қорғалуы қоғамда және алғашқы кезеңдегі мақсат болып табылады.

Жоғарыда атап өткендей, тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету саясаты аймақтық деңгейде дайындалуы қажет, себебі сонда ғана бұл тұрғындарға жақын, аймақтық специфика мен ерекшеліктерін есепке ала отырып жеке тұрғындардың мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады.

2. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесі қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін көмек көрсетуді, бір жүйеден екінші жүйеге трансформациялануда немесе жедел даму кезеңінде тұрақтылықты сақтауға ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, индустриалды дамыған батыс және шығыс елдерінде қалыптасқан ұлттық дәстүрге негізделген әртүрлі мемлекеттік әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне, сонымен бірге, сол жүйенің даму спецификасына ие болады. Мемлекеттік әлеуметтік қамтамасыз етуге шығындар кейбір елдерде ЖІӨ-нің 15% дан 30 %-ға дейін жетеді.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің алғашқы саясаты аймақтық деңгейде өңделуі керек, себебі осы жағдайда ғана халыққа максималды жақын болады және аймақтық спецификалар мен ерекшеліктерді ескеріп жекелеген категория мен азаматтардың мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық тұжырымдамасын жасау үшін аймақ экономикасының ерекшелігін ескеру қажет. Әртүрлі елдердегі экономикада, мысалы нарықтық, жоспарлы тетіктері аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамытуды теңестіру туралы басқару шешімдерін қабылдау үшін негіз болады. Мемлекеттік әлеуметтік саясатты аймақтық сауықтыру ол қай моделде туындаса да аймақаралық қарама- қайшылықтарды теңестіру үшін қажет.

3. Біздің республикамызда әлеуметтік көмек көрсету жүйесінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру мен халықтың осал топтарын атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесі бойынша шараларды айта кету керек. Халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің мемлекеттік жүйесінде маңызды орынды зейнетақымен қамтамасыз ету алады. Әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың бір құралы – мемлекеттік атаулы көмек көрсету болып табылады. Атаулы бағдарлама әлеуметтік көмек пен кедейшілікті төмендетуді ықпал етеді. Атаулы бағдарламалардың негізгі басымдылығы кедейлікпен күрес жүргізу тиімділігі болып табылады.

4. Аймақтық органдардың мәліметтері бойынша халықты еңбекпен қамту мен әлеуметтік бағдарламаларда (01.08.2012ж.) атаулы әлеуметтік көмек табыстың кедейшілік шегінен төмен 88,5 мың азаматына тағайындалған.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындағанда балалар саны 62,4 пайызды, еңбекпен өзіндік қамтылған азаматтар—10,1 пайызды, жұмыссыздар—7,9 пайызды және еңбекке қабілетті жастағы тұлғалар – 0,2 пайызды құраған.

5. Қазақстанда елдің әлеуметтік даму Концепциясын жасауды қажет және оның негізгі мақсаты мен ұлттық басымдылығына адамның материалдық, санаткерлік, рухани әлеуетін дамыту жатуы тиіс.

Халыққа әлеуметтік көмек көрсету саласында мемлекет 2009-2010 жылдарға Жол картасы Бағдарламасын жүзеге асырып, 2020 Жол картасы бағдарламасы мен халықты еңбекпен қамтудың 2020 Бағдарламасын жүзеге асыруда атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру жөнінде негізгі бағыттар анықталған.

6. Қазақстан Республикасында әлеуметтік саланы қаржыландырудың негізгі көзі мемлекеттік бюджет болып табылады. Әлеуметтік сала мәселелерін шешуге бағытталған бюджет шығындары өсу қарқынына ие. Мысалы, 2001 жылы - әлеуметтік қамту мен әлеуметтік көмек шығындары 186 715 млн. теңгені, ал 2011 жылы - 905 272,7 млн. теңгені (4,8 есеге артқан) құрады, бірақ бұл көрсеткішті ЖІӨ үлесімен қарастырсақ, онда кейбір төмендеулерді көреміз. 2001 жылы - 5,7%-ды құраса, 2011 ж.- 4,2 %-ды құраған. Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылық пен көмек көрсетуді нығайту мемлекетіміздің маңызды міндеті болып табылады.

7. Аймақтар бойынша атаулы әлеуметтік көмекті салыстыру барысында 2002 жылы облыстағы АӘК алатындардың үлкен тобын 46%- дан 64 %-ға дейін балалар құраған. Қазақстандағы отбасының орташа мөлшері – 3,6 адам, бірақ бұл көрсеткіш аймақ пен тұратын орнына байланысты қарастырылады. Елдің оңтүстік – шығысында негізінен үлкен отбасылар орналасқан. Бұған Қызылорда облысы (5,1 адам), Оңтүстік Қазақстан облысы (4,9 адам), Атырау облысы (4,6 адам) және Жамбыл облысы (4,1 адам) жатады. Көпбалалы отбасылардың кедейлік тәуекелділігіне қаупі жоғары. АӘК алатын балалардың үлкен үлесі (64%, 63% және 62%) Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс- Қазақстан облыстарында байқалады.

Жұмыссыздар АӘК алушылардың жалпы санының 10,4%- дан 39,4 % құрап, мөлшері бойынша екінші топ болып табылады. Жалпы алушылардың санының 4,3% дан 21,6%-ы басқа тұлғалардың үлесіне тиесілі. Қарағанды облысы, Астана, Алматы қалалары және Оңтүстік-Қазақстан облысында ол сәйкесінше 21,6, 20,7 және 17% құрады. Айта кету керек, Атырау, Батыс-Қазақстан және Солтүстік-Қазақстан облыстары АӘК алатындардың шамамен 10% халықтың жұмыс істейтіндерінің санынан болған.

8. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесі арқылы игіліктерді қайта бөлу жүзеге асады және ол халықтың кейбір осал топтарының өмір деңгейін қолдауға мүмкіндік береді. Мысалы, оларға халықтың аз қамтылғандар, мүгедектері бар отбасылар, халықтың жұмыссыз, жұмысқа қабілеті жоқ бөлігі, балалар, зейнеткерлер, студенттер жатады. Халықтың осындай топтарын қамту елдегі кедейлік деңгейін төмендетеді.

2012 жылдағы «Қазақстанның ірі қалаларында әлеуметтік көңіл-күй» зерттеулерінің нәтижесінде анықталғандай қала халқының 34% мемлекеттен, билік пен басқарудың жергілікті органдарынан көмек пен қолдау күтеді. Бұл халықтың арасында патерналистік көңіл- күйді сипаттап қана қоймай, экономика мен қоғамда әлеуметтік игіліктерді қайта бөлуге мемлекеттің қатысу қажеттілігін көрсетеді.

9. Статистика бойынша Агенттіктің мәліметтері материалдық игіліктерді жақсарту үшін мемлекет тарапынан үй шаруашылығының 60,8% зейнетақы мен еңбекақыны жоғарылату, 15,8% жұмыс беру, 5,1% қажет кәсіп алу үшін оқыту мен қайта оқыту есебінен жүзеге асатынын көрсетеді. «Еңбекпен қамтудың 2020» мемлекеттік бағдарламасында «2012жылдан еңбекпен қамту мен атаулы әлеуметтік көмек жүйесі арасында оңтайлы байланыс орнату» жүйесін жетілдіру ұсынылған. Аз қамтылған отбасыларынан еңбекке жарамды жастағы тұлғаларға АӘК орындалған жұмысқа әлеуметтік келісім- шарт жасағаннан кейін тағайындалады. Қарсы жағдайда АӘК төлеу тоқтатылады, бірақ отбасы АӘК алу құқығына ие болып қала береді. Еңбекке жарамды жастағы тұлғалары жоқ немесе отбасында мүмкіндігі шектеулі мүшелері бар (мүгедектер, әлеуметтік маңызды ауруға шалдыққан тұлғалар) аз қамтылған отбасылар үшін АӘК Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңға сәйкес ұсынылады.

10. Кедейлерді анықтаумен байланысты көптеген мәселелер бар екендігі анықталды, себебі олар өздерінің нақты жиынтық табыстарын жасырады. Әлеуметтік көмек өтініш бойынша беріледі, бірақ алатын адамдардың саны халықтың кедейлік шегінен төмен табыс алатындарына тең келмейді. Ауылдық аудандарда АӘК берумен байланысты бірқатар мәселелер анықталған. Біріншіден, АӘК жүйесі ауылдық еңбекпен қамтылуға кері әсерін тигізеді. Екіншіден, адамдарда ауылдық аудандарда еңбек ету мотивациясы сақталған күннің өзінде еңбек үшін шектеулі мүмкіндіктерден еңбек нарығы саласына тиімді саясат жүргізу қиындық туғызуда. Сонымен қатар ауылдық аудандарда микронесиелеу кестесін ұтымды жүзеге асыру қиындығы туындайды, осы мәселені шешудің тиімді құралдары әлі табылмай отыр.

11. Мемлекеттік бағдарлама барысындағы аймақтық аспектілерді жасау алты кезеңнен тұруы тиіс деп санаймыз:

1-ші кезең - табиғи- климаттық факторлар әсерінен, сонымен қатар жүргізілген саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңашылдықтар әсерінен қалыптасқан базалық ресурстық әлеует анықталады. Табиғи, еңбек, инвестициялық ресурстар, сонымен қатар талданатын субъектінің инновациялық әлеуеті туралы мәліметтер қарастырылады.

2-ші кезең - аймақтың мамандандырылуын құрайтын басымды салаларды анықтап алу қажет, аймақтық және жалпы мемлекеттік деңгейде әлеуметтік-экономикалық даму орны мен рөлін қарастырады.

3-ші кезең - мамандандыру саласының даму деңгейін талдау, олардың экспорттық- импорттық операциялардағы, халықтың еңбекке қабілетті

санындағы, аймақтағы әлеуметтік- экономикалық жағдайына әсер етуі және онда нарықтық инфрақұрылымды қалыптастырудағы үлесі анықталуы тиіс.

4- ші кезең - егер мамандандыру саласы жалғыз болып табылмаса, бірақ онда аймақтың барлық еңбек ресурсының 50 % жұмыспен қамтылса, онда қаржы және ғылыми- техникалық саласын қолдау бағдарламасын жасау керек, ал төмен мамандаған жағдайда салалық құрылымның басқа бағыттарын дамыту экономикалық маңызды, ол аймақтық мүмкіндіктерді кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар, құрылымдық дағдарыс, жұмыссыздық, әлеуметтік- экономикалық субъект нәтижесінің төмендеуіне жол бермейді.

5-ші кезең - алғашқы кезеңде алынған мәліметтерді өңдеу негізінде мемлекеттік және жеке капитал салымдарын тартуды қарастыратын әлеуметтік- экономикалық субъектілерді дамыту бағдарламалары жасалады. бшы кезең - аймақтық даму бағдарламасын жүзеге асырудың экономикалық тетіктері мен құралдарын анықтайды.

12. ҚР халыққа әлеуметтік көмек көрсетуді талдау халықтың өмір сапасын жақсартуға бөгет жасайтын мәселелердің болуын сипаттайды. Бұл мәселелерді шешу «Қазақстан Республикасының 2020 жылдарға Стратегиялық даму жоспары» ҚР Үкіметімен ұсынылған әлеуметтік саясат аясындағы Стратегиялық мақсаттарда қарастырылған.

Әлеуметтік көмек бағдарламасын орындауда төменгі деңгейде әкімшілік шығындарды қысқарту және жұмыстың экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында қоғамдық ұйымдарды тарту қарастырылады. Үкіметпен локальдік мәселелерді шешу мен елде волонтерлер институтын кеңейтуге бағытталған территориялды үкіметтік емес ұйымдарды дамыту үшін жағдай құру бойынша қадамдар жасалуда.

13. Қазіргі таңда ҚР көптеген аймақтарымен халыққа атаулы Әлеуметтік көмек көрсету жасау тәжірибесі жинақталған, ол ондай көмектің жетілген экономикалық тетіктерін жасау үшін және өмір сүру минимумын есепке алып аз қамтылғандар бойынша жәрдемақыға өту үшін маңызды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстан дамуының басты векторы» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2012, қаңтар.
- 2 Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. – М.: Наука, 1993. – с.117.
- 3 Кравченко А.И. Основы социологии и политологии. - М.: Академический проект: Фонд «Мир», 2004. – с.735.
- 4 Волков Ю.Г. Социология. - Ростов-на-Дону: «Феникс», 2007. – С.246
- 5 Воробьева Э.Л. Методологические и методические принципы социологического исследования социальной сферы. – Екатеринбург; Урал. гос. проф.-пед. ун-та, 2000. – 40 с.
- 6 Бобков В.Н. Методологический подход всероссийского центра уровня жизни к изучению и оценке качества и уровня жизни населения // Вестник ВГУ. Серия: Экономика и управление. - 2009. - №2. – с.26-36
- 7 Холостова Е.И. Теория и методология исследования социальной работы // Отечественный журнал социальной работы. - 2005. - №2. - С.4-7.
- 8 Щербаков В.И. Социальная защита в рыночной экономике. Трудный поворот к рынку/ под ред. Абалкина Л.И. – М., 1999.- 246 с.
- 9 Кенжегузин М.Б., Исаева М.Г., Нурланова Н.К., Мельдеханова М.К. Рыночная экономика Казахстана: проблемы становления и развития. – Алматы: Ин-т экономики, 2001. – Т. 2. – 388 с.
- 10 Римашевская Н.М. Социальное обеспечение в процессе перехода к рынку // Народонаселение. – 2000. - №3. – с.6-20.
- 11 Mkandawire, Thandika. Social development policies: new challenges for the social sciences // International social science journal. – 2006. – Vol. 58, №189. - P. 395-404.
- 12 Джон Ролз. Теории справедливости. – Новосибирск: Изд-во НГУ, 1995. – Глава I, пар. 1-4. Глава II, пар. 10-11.
- 13 Эрхард Л. Благополучие для всех / пер. с нем. Б.Б. Багаряцкого и др. - М.: Дело, 2001. - 352 с.
- 14 Barr N. The Welfare State as Piggy Bank. Information, Risk, Uncertainty and the Role of the State. - Oxford: Oxford University Press, 2001. – P.15-39.
- 15 van Ginneken W. (ed.) Social Security for the Excluded Majority: Case Studies of Developing Countries. - Geneva: International Labour Office (ILO), 1999. – P.198.
- 16 Norton Conway and Foster. Social protection concepts and approaches: implications for policy and practice in international development // Working Paper. – London: Overseas Development Institute, 2000. - №143. - P. 76.
- 17 Ortiz Isabel, editor. Social Protection in Asia and the Pacific. - Manila: ADB, 2001. - 622 p.



- 18 Prasad Naren. Policies for redistribution: The use of taxes and social transfers. ILS Publications. – Geneva; Switzerland: International Institute for Labour Studies, 2010. – Vol. 22. - P. 42.
- 19 Аверин А.Н. Государственная система социальной защиты населения. - М., 2007. – 230 с.
- 20 Хижный Э. Государственная система социальной защиты граждан в Западной Европе. – М.: РАН ИНИОН. 2006. – с.272.
- 21 Антропов В. Модели социальной защиты в странах ЕС//МЭ и МО. – 2005. - №11. – с.70-78.
- 22 Лоренц фон Штайн Теория социального государства // Философия и общество. - 2008. - № 3(51). – с.712.
- 23 Малов А. А., Патянин С. В. Линкоры «Бисмарк» и «Тирпиц». — М.: Эксмо, 2006. – с.128.
- 24 Ойкен В. Основы национальные экономики. – М. – 1996 с.335.
- 25 Хайек Ф. Дорога к рабству. – М.:Новое издательство, 2005. – с.190
- 26 Мюллер-Армак Принципы социального хозяйства // В кн.: «Социальное рыночное хозяйство». – СПб.: Экономическая школа, 1999. – с.267-268.
- 27 Исаченко Т.М. Социальная политика Европейского союза: Опыт развития//Труд за рубежом. – М.: НИИ труда, 1999. - №1. – 89.
- 28 Социальное государство в Западной Европе: Проблемы и перспективы. РАН. ИНИОН. – М. 1994. – с.3-4
- 29 Социальное государство: проблемы, тенденции и перспективы / Под ред.Н.Н.Гриценко. – М.: АтиСО, 2004. - 286 с.
- 30 Беккер Гэри. Человеческий капитал. Воздействие на заработки инвестиций в человеческий капитал// США: экономика, политика, идеология. – 1993. – с.11-12.
- 31 Mutual information system on social protection: Social protection in the EU member states and the European economic area: Situation on 1 January 2001 // Europ. Commiss. – Luxembourg:, 2003. – P. 42-43
- 32 Социальное обеспечение в странах Запада: Франция, ФРГ, Италия // РАН. ИНИОН. – М. 1999. - с.148.
- 33 Экономика Казахстана в условиях глобализации: механизм модернизации и функционирования / под ред. М.Б. Кенжегузина. - Алматы : ИЭ МОН РК, 2005. - 392 с.
- 34 Казахстанская модель социально-экономического развития: научные основы построения и реализации / под ред. М.Б. Кенжегузина. - Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. - 368 с.
- 35 Сыздыкова З. Казахстанская модель - пример для Европы // Казахстанская правда. – 2010, май - 14.
- 36 Национальные экономические интересы и отношения собственности в условиях глобализации / под ред. М.Б. Кенжегузина. - Алматы : ИЭ МОН РК, 2005. - 336 с.
- 37 Притворова Т.П. Формирование национальной социально-

экономической модели в современной экономике (теоретические принципы) // Вестн. Караганд. ун-та. - 2001. - № 4(25). - С. 15-22.

38 Баймуратов У. Социальная экономика // Избранные научные труды. – Алматы: БИС, 2005. - Т. 4. – с.320.

39 Жолдасбаев С.Н. Мировой опыт функционирования трехуровневых систем социальной защиты населения // Банки Казахстана. – 2008. - №6. – с.39-42.

40 Сегизбаева А.Р. Современная концепция социального развития // Аль Пари. – 2007. т.3-4. с.248-252.

41 Kenzheguzin M.B. Strengthening income and employment of vulnerable groups of population in Kazakhstan. - Almaty: ИЭ МОН РК, 2004. - 51 s.

42 Наука и инновации в рыночной экономике: мировой опыт и Казахстан / под ред. М.Б.Кенжегузина. - Алматы : ИЭ МОН РК, 2005. - 256 с.

43 Ибраимова С., Стаценко О. Социальная политика и социальная защита населения в системе жизнеобеспечения населения // Экономика и статистика. - 2005. - №2. – 105 с.

44 Колос Е.А. Социальная защита населения в Казахстане в условиях трансформации экономики: теория и методология.– Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2006. - 216 с.

45 Официальный интернет ресурс министерства труда и социальной защиты Республики Казахстан // <http://www.enbek.gov.kz>, сообщение об инициативе профсоюзов РК.

46 Радаев В.В., Шкаратан О.И. Социальная стратификация: учебное пособие. - М.: Аспект. Пресс, 1996. – с.318.

47 Модель Бисмарка. Модель социальной защиты (страхования) Бисмарка. – Учебник – М.: ТК Велби Изд-во Проспект. 2004. – С.47-58

48 Гейтц И.В. Гарантии, социальная защита и поддержка населения в Российской Федерации. - М.: Дело и сервис, 2005. - 640 с.

49 Вахрушева К.В. Политика нейтралитета и членство Швеции в Европейском союзе. Северная Европа. Проблемы истории. - М.: Наука. 2003. - Вып. 4.- С. 141–150.

50 Потемкина О.Ю. Европейское пространство свободы, безопасности и правопорядка: границы, содержание, механизмы. - М.: Петерб. ун-та, 2002. - С. 10–14; 44–45.

51 Зарицкий Б.Е. Экономика Германии: путь по лестнице, ведущей вниз. М.: Логос, 2003. – с.74-82

52 Шатунова Н.Н., Рудакова О.В. Источники и дифференциация доходов населения в концепции экономической безопасности государства // Российское предпринимательство. - 2008. - № 2. – с.67-68.

53 Закон Республики Казахстан "О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан" от 20 июня 1997 г. №136.

54 Постановление Правительства РК от 11 июня 2003 года №564 «О повышении размеров пенсионных выплат из государственного центра выплата пенсий с 1 июня 2003 года».

55 Постановление Правительства РК от 19 декабря 2007 года №1243 «О повышении размеров пенсионных выплат из государственного центра выплата пенсий с 1 январ 2008 года».

56 Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан // [http: www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz).

57 Акимова Т.А., Мосейкин Ю.Н. Экономика устойчивого развития: учеб. пособие.- М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2009.- 430 с.

58 Сансызбаева Г.Н. Система социальной защиты населения и ее проблемы: учебное пособие. - Алматы: Экономика, 2002. – с.54-58

59 Tursynbayeva D. Social development issues in Republic of Kazakhstan. Subregional seminar on macroeconomic policy and development in Central Asian Countries. – Bishkek: Kyrgyzstan, 2008, july 24-25. – P.54-55

60 Kudasheva T.V., Kanseitova A.K. Individual Income Tax as an Instrument for Income Redistribution in the Republic of Kazakhstan // The Kazakh-American Free University Academic Journal. – USA: Oregon, 2011. - P. 48-55.

61 Закон РК «О государственных пособиях семьям, имеющим детей» № 63-III 28 июня 2005 года.

62 Аимбетов С. Наша цель-сделать, как лучше: Пути реформирования социальной защиты населения // Казахстан: Экономика и жизнь. – 1996.- №6 – с.11-14.

63 Қазақстан – 2030 даму стратегиясы Қазақстан Республикасы 1997 ж.

64 Гайсина С.Н. Система социальной защиты населения в условиях перехода к рыночной экономике // Известия НАН Республики Казахстан. Серия общественных наук. – 2004, №3, с.25-32

65 Абдикаликова Г. Совершенствование системы социальной защиты населения// Труд в Казахстане. - 2004. - №4. – с.9-11.

66 МОТ: Конвенции использования рекомендации, принятые Международной Конфедерацией Труда: в 2 т. - Международное Бюро Труда, год.– 2007. - Т.2, №188 – С.45-47

67 Коваленко Е.А., Строкова Е.Л., Феоктистова О.А. Модели организации адресной социальной помощи: метод. пособие. – М.: Фонд "Институт экономики города", 2009. – 248 с.

68 «Программа занятости 2020». Утвержден Постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 марта 2011 года № 316

69 Бобков В.Н. Неравенство распределения по уровню жизни как фактор ограничения его конкурентоспособности // Материалы международной научно-практической конференции «Формирование и развитие конкурентоспособного человеческого капитала в Казахстане». – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2010. –С. 25-32.

70 // <http://www.minplan.kz/2020/> сохранено от 17.10.2011.

71 Программа Дорожная карта 2009-2010 годов, Программа Дорожная карта 2020.

72 Уровень жизни населения Казахстана 2008-2012// Статистический сборник. – Астана, 2012.

- 73 Асан Д.С. Экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты дамыту тетіктері: оқу құралы.- Алматы: Заң әдебиеті, 2007.- 158 б.
- 74 «Уровень жизни населения в Казахстане» // Статистический сборник / под редакцией А.Смаилова. – 2011. – 184 с.
- 75 // <http://www.zakon.kz/4450006-adresnaja-socialnaja-pomoshh>
- 76 Сведения о назначенной государственной социальной помощи. – 2014 // [http:// HYPERLINK \"file://www.enbek.gov.kz/node/2442\"](http://HYPERLINK \)
- 77 Алимбаев А.А., Таубаев А.А., Утешев С.Б., Ахметов С.Н. Региональная социально-экономическая система: в 2 т. - Караганда : ТОО"Санат".-в II томах, 2002. - 46.5 с. - Б. ц.
- 78 Постановление Правительства РК от 8 апреля 2000 года №537, Постановление Правительства РК от 15 декабря 2005 № 1249, Совместный приказ Министра МТСЗН РК от 2 декабря 2005 года № 307/1 и Председателя Агентства по статистике РК от 5 декабря 2005 года № 194 "Об утверждении правил расчета величины прожиточного минимума" Бедность в Казахстане: причины и пути преодоления. Публикация в поддержку целей развития тысячелетия;
- 79 Закон Республики Казахстан «О государственном специальном пособии лицам, работавшим на подземных и открытых горных работах, на работах с особо вредными и особо тяжелыми условиями труда или на работах с вредными и тяжелыми условиями труда» от 13 июля 1999 года №414.
- 80 Закон Республики Казахстан «О специальном государственном пособии в Республике Казахстан» от 5 апреля 1999 года № 365
- 81 Закон РК «О специальных социальных услугах» №114-IV от 29 декабря 2008 года,
- 82 // <http://ipr.kz/projects/2/2/28>
- 83 Сычева В.С. Измерение уровня бедности: история вопроса // СОЦИС. – 2008. - №3. - С. 22.
- 84 Уровень жизни населения Казахстана // Статистический сборник. На казахском и русском языках. – 2013. -242 с.
- 85 Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңы (2006.05.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен.
- 86 Приказ Министерства труда и соцзащиты РК «Об определении черты бедности на (период)».
- 87 Агентство Республики Казахстан по статистике / главный редактор Смаилов А.А.
- 88 <http://www.zakon.kz/4450006-adresnaja-socialnaja-pomoshh>
- 89 «Содействие в разработке стандартов оказания услуг». Центр Исследований «Сандж» по заказу Агентства РК по государственной службе при содействии Проекта Европейского Союза и DAI EuropeLtd., 2006-2007 гг. // <http://www.go.suslugi.kz>.
- 90 Закон РК «О государственной адресной социальной помощи» N 246 от 17 июля 2001 года, Закон РК «О государственных пособиях семьям, имеющим

детей» № 63-III 28 июня 2005 г, Закон РК «О жилищных отношениях» № 94-І от 16 апреля 1997 года.

90 Ауезова З.Т., Тенькебаева Ж.Ф. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы: оқу құралы. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010. – Бөлім 1. – 163 б.

91 Аналитический обзор Агентства РК по статистике. – 2011.

92 ООН «Цели развития тысячелетия в Казахстане». – 2010.

93 Байгісіев М. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу. – Алматы: Раритет, 2010. – 240 б.

94 Нурланова Н. К. Региональная парадигма устойчивого развития Казахстана: проблемы теории и практики. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2010. – 328 с.

95 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Болашақтың іргесін бірге қалаймыз // Егемен Қазақстан. - 2011, қаңтар 29. - №30 (26432).

96 Казизова Г.С, Казизова Ж.С. Реформирование системы социальной защиты населения в Республике Казахстан // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – М.: Литера, №11. -2011. – С.57-60.

97 Баймуратов У. Социализация в экономике: от индивида до государства // Избранные научные труды.- Алматы: Экономика, 2005.- Т. 5. – 320 с.

98 «Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ жылдық есебі. 2012.

99 // <http://www.karaganda-stat.gov.kz>

100 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мекен-жайлы көмек туралы» Заңы.

101 Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңы.

102 Қарағанды облысының 2011-2015 жылдарда дамуының Бағдарламасы

103 Конрад Х. Система социального обеспечения Японии – оценка последних реформ // Journal of European Social Policy. – 2009. - №1. – с.36-51

104 Кристина Берендот. Социальная помощь в Германии. – М.: Изд.-во МОТ. Отдел финансовых, актуарных и статистических услуг по социальной защите, 2003.

105 Игнатов В.Г. Экономика социальной сферы: учеб. пособие. - Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ» 2005.- с.104-105.

106 Итоги социально-экономического развития Республики Казахстан за 2008-2012 гг. – Астана, 2012.

107 Жолдасбаев С.Е. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры: дамуы және болашағы- Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2006.- 312 б.

108 Нурланова Н. К. Региональная парадигма устойчивого развития Казахстана: проблемы теории и практики. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2010. – 328 с.

109 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» // Егемен Қазақстан. – 2011, қаңтар 29. - №30 (26432).

110 Назарбаев Н.А. Инвестиция игергенге игілік // Егемен Қазақстан. – 2004, желтоқсан - 11.

111 Beysengaliev V.T. Modern model of social politics // III International scientific–practical conference. – Yelm; WA; USA, 2013, september 12-13.

112 «Стратегический план развития Республики Казахстан до 2020 года» утвержден указом Президента РК от 01.02.2010 г. №922

113 Expenditure on social protection (% of GDP) [[http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics\\_explained/images/a/ae/](http://epp.eurostat.ec.europa.eu/statistics_explained/images/a/ae/)]

114 Шахназаров О.Л. Адресная социальная помощь – система социальной защиты для решения проблем нерыночного общества // Территориальные проблемы социальной политики. - М.: ГУ ВШЭ, 2000. с.168-170

115 Экономика Казахстана в условиях глобализации: механизм модернизации и функционирования / под ред. М.Б. Кенжегузина. - Алматы : ИЭ МОН РК, 2005. - 392 с.

116 Сыздыкова З. Казахстанская модель - пример для Европы //Казахстанская правда. – 2010, май - 14.

117 Beysengaliev V.T. Regional aspects of the state social welfare // International Journal of Applied and Fundamental Research.- 2013. – с.5-7

118 Казахстанская модель социально-экономического развития: научные основы построения и реализации / под ред. М.Б. Кенжегузина. - Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. - 368 с.

119 Экономика Казахстана в условиях глобализации: механизм модернизации и функционирования / под ред. М.Б.Кенжегузина.- Алматы: ИЭ МОН РК, 2005.- 392 с.

120 Сүндетұлы Ж., Көмекбаева Ж. Әлеуметтік –экономикалық дамуды болжау және жоспарлау: оқу құралы.- Алматы, 2002- 104 б.

121 Алимбаев А. А., Притворова Т. П.Стратегическое планирование развитие региона в мировой, национальной и региональной экономических системах. - Караганда:Санат-Полиграфия,2008.- 446 с.

122 Региональная экономика и управление: учебное пособие / под. ред. Е.Г.Коваленко.- СПб.: Питер,2005.- 283 с.

123 Баяндин М. А. Региональная экономика и управление: учебное пособие. – Павлодар, 2009. - 330 с.

124 Бекмаганбетов К.А., Алимбаев А.А., Утешев Б.С., Ахметов С.Н., Таубаев А.А. Региональная социально-экономическая система. - Караганда: ТОО"Санат".-в II томах, 2002. - 46.5 с. - Б. ц.

125 Байзаков С.Б. Парадоксы мирового прогресса: размышления после выступления Президента РК Н.Назарбаева на 6 экономическом форуме. – Алматы, 2013. – 82 с.

126 Об утверждении стандарта оказания государственной услуги "Назначение государственной адресной социальной помощи".

127 Национальные экономические интересы и отношения собственности в условиях глобализации / под ред. М.Б. Кенжегузина. - Алматы: ИЭ МОН РК, 2005. - 336 с.

128 Kenzheguzin M.B. Strengthening income and employment of vulnerable groups of population in Kazakhstan. - Almaty: ИЭ МОН РК, 2004. - 51 с.

129 Колос Е.А. Социальная защита населения в Казахстане в условиях трансформации экономики: теория и методология. – Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2006. - 216 с.

130 Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан // [http: www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz).

131 Kudasheva T.V., Kanseitova A.K. Individual Income Tax as an Instrument for Income Redistribution in the Republic of Kazakhstan // The Kazakh-American Free University Academic Journal. – USA; Oregon, 2011. - P. 48-55.

132 Аимбетов С. Наша цель-сделать, как лучше: Пути реформирования социальной защиты населения // Казахстан: Экономика и жизнь. – 2009. – с.11-14.

133 Национальный отчет о человеческом развитии 2009г.- Астана, 2009.

## ҚОСЫМША А

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақы және  
мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны


жыл соңына мың адам

	2009	2010	2011	2012	2013
Зейнетақы алушылар, барлығы	1662,9	1695,3	1732,4	1759,3	1863,6
одан зейнетақы алатындар:					
жасы бойынша	1605,7	1635,3	1668,7	1691,6	1792,3
толық көлемде	1555,7	1579,5	1603,7	1615,7	1697,1
толық емес жұмыс өтілімен	50	55,9	65	76	95,2
көп жылдан сіңірген еңбегіне	57,2	60	63,7	67,7	71,3
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар, барлығы	767,3	767,2	778,5	768,8	791,6
одан жәрдемақы алатындар:					
жасы бойынша	17,1	18,9	20,6	22,5	9,5
мүгедектігі бойынша	439,6	450,2	467,4	475,6	498,9
Асыраушысынан айрылуына байланысты	308	296	288,7	169,2	281,9
әскери құрылым мүгедектігі бойынша	1,1	1	0,9	0,9	0,8
асыраушысынан айрылуына байланысты	1,5	1,1	0,8	0,6	0,5



**ҚОСЫМША Б**  
**Қазақстан халқының зейнетақы жүйесі**

**Зейнетақының ең төменгі мөлшері, теңге**



## ҚОСЫМША В

### Атаулы әлеуметтік көмекті алушылар саны

Кесте В.1

	Алушылар саны, адам				
	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	242640	196266	141621	104115	64894
Ақмола	4271	3599	2796	2030	1525
Ақтөбе	4435	2567	1259	545	304
Алматы	13878	10021	7573	6025	5094
Атырау	8079	6021	4153	3301	2819
Батыс Қазақстан	16398	13363	7110	5468	4356
Жамбыл	29590	23626	15656	10825	7099
Қарағанды	16551	13870	10730	10878	9116
Қостанай	11350	9685	7775	5601	4774
Қызылорда	19676	15994	10128	5360	2082
Маңғыстау	9237	8202	7473	7890	3407
Оңтүстік Қазақстан	45581	41520	27364	18069	7766
Павлодар	8527	5279	3040	1898	1444
Солтүстік Қазақстан	18151	13699	11191	6136	3115
Шығыс Қазақстан	28108	23084	21462	17359	9741
Астана қ.	1282	1109	1015	843	1214
Алматы қ.	4526	3907	2896	1887	938


Кесте В.2 - Орташа айлық мөлшер

	Орташа айлық мөлшері, тенге				
	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	1130,5	1183,7	1481,1	1504,2	1809,0
Ақмола	1247,1	1311,7	1509,9	1568,1	1743,8
Ақтөбе	1328,3	1485,7	1725,7	1349,1	1647,7
Алматы	1223,9	1450,9	1790,7	2100,8	2368,2
Атырау	1459,7	1450,6	1866,9	1894	1953,3
Батыс Қазақстан	1325	1218,8	1637,5	1837,9	2079,0
Жамбыл	772	864,4	1107	1245,8	1550
Қарағанды	1243,1	1310,1	1620,3	1382,1	1382,9
Қостанай	1504,2	1552,5	984,8	1966,7	1863,4
Қызылорда	833,1	918,7	1031,7	1209,5	1143,9
Маңғыстау	1682,8	1920,4	2347,4	1916,8	2117,9
Оңтүстік Қазақстан	615,8	610	727,3	789,1	973,9
Павлодар	1507,4	1567,5	1997,6	2295,9	2511,7
Солтүстік Қазақстан	1232	1277,7	1371,6	1456,1	1942,5
Шығыс Қазақстан	1439,4	1542,1	1879	1612	2428,3
Астана қ.	2138,4	2156,9	2258,8	1991,4	2033,8
Алматы қ.	2614,3	2547	2652,9	2803,2	2062,1

## ҚОСЫМША Г

Атаулы әлеуметтік көмек

### Төленген атаулы әлеуметтік көмектің орташа айлық мөлшері және алушылар саны



## ҚОСЫМША Д

### Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны

	адам				
	2009	2010	2011	2012	2013
Қазақстан Республикасы	748378	756533	767213	767239	778504
Ақмола	37793	37597	36993	36046	35562
Ақтөбе	33206	33232	33511	33221	33371
Алматы	82180	83224	85435	87343	92568
Атырау	25110	25507	25547	25890	25605
Батыс Қазақстан	33483	33168	33212	45745	30916
Жамбыл	52028	52354	53145	52666	53266
Қарағанды	71091	71836	72072	58634	72354
Қостанай	37054	36802	37077	47093	36568
Қызылорда	37232	37222	37163	37032	37794
Маңғыстау	123379	128049	132428	94286	138951
Оңтүстік Қазақстан	20042	21205	21652	28948	23791
Павлодар	33228	33146	33469	33333	33257
Солтүстік Қазақстан	35770	35660	35091	34049	33257
Шығыс Қазақстан	72004	71819	72703	95024	63432
Астана қ.	14941	15918	17192	24377	19897
Алматы қ.	39837	39794	40523	33552	40655

## ҚОСЫМША Е

Әлеуметтік жәрдемақылар

